

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін
білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

**Астана
2025**

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 5қараша № 5 хаттама)

Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 240 б.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған. Ұсынымдарда оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, бағалауға жеке көзқарастармен толықтырылған сараланған тапсырмаларды қамтитын оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша еліміздің педагогтерінің тәжірибесінен практикалық мысалдар келтірілген. Материал педагогтерге, әдіскерлерге және психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарына арналған.

© БІ. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025
Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2025

Кіріспе

Таңдалған бағытқа сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының негізгі қағидаттарының бірі – инклюзивтілік болып табылады. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында білім алушылардың білім беру бағдарламаларына тең қолжетімділігін, түзете-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық деңгейде білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін негізгі ережелер мен қағидаттар айқындалған [1].

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытуды реттейтін нормативтік-құқықтық база барлық білім алушылар үшін олардың жеке мүмкіндіктері мен тұрғылықты жеріне қарамастан тең жағдай жасау идеясын негізге алады. Бұл жүйенің өзегі – әр баланың жеке және оқу қажеттіліктеріне бейімделген педагогикалық тәсіл.

Қазіргі заманғы мектептегі инклюзивті білім беру оқу процесінің барлық қырларын қамтиды, тек педагогикалық емес, сонымен қатар әр баланы қолдай алатын моральдық-психологиялық және материалдық ортаны қалыптастырады. Осы үдерісте критериялды бағалау жүйесінің маңызы зор, өйткені ол білім алушылардың дайындық деңгейін объективті және сенімді түрде айқындауға мүмкіндік береді. Бір сыныптағы балалардың түрлі оқу қажеттіліктерін ескеретін критерийлерді қолдану әрбір оқушының жеке нәтижесіне жетуіне және оның жетістіктерін тануға жағдай жасайды.

Саламанка декларациясында инклюзивті білім берудің негізгі қағидаты бекітілген: барлық балалар мүмкін болған жағдайда, олардың айырмашылықтары мен кездесетін қиындықтарына қарамастан бірлесіп білім алуы тиіс [2]. Инклюзивті мектеп білім алушылардың жеке оқу қажеттіліктерін ескеріп, оқу мазмұны мен ұйымдастыруын әртүрлі түрлерге, қарқындарға және оқу стильдеріне бейімдеуге бағытталады.

Білім берудегі құзыреттілікке негізделген тәсіл тек білімді меңгеруге ғана емес, сонымен бірге оқушылардың практикалық іс-әрекет тәжірибесін, құндылықтарын, қатынастарын және өмірлік маңызды дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл дәстүрлі оқыту модельдерін қайта қарауды және баланың жеке даму прогресі орталықта болатын білім беру практикасына көшуді талап етеді. Осы тұрғыда бағалау жүйесі бақылау құралы ғана емес, педагогикалық қолдаудың маңызды бөлігіне айналады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу жетістіктерін бағалау позитивті тәсіл қағидатына негізделуі тиіс: ең алдымен олардың жетістіктері мен жеке ілгерілеуі белгіленуі қажет, ал қателіктер мен сәтсіздіктер басты назарға алынбауы керек. Бұл әрбір баланы оның күшті жақтары мен даму әлеуеті тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Инклюзивті мектептегі оқу нәтижелері білім, білік және дағдыларды тексеру шеңберінен шығып, анағұрлым кең мағынаға ие болады. Негізгі мақсат – білімге, тәжірибеге және тұлғаның құндылықтық бағдарларына негізделген интегративті қабілет – құзыреттілікті қалыптастыру. Инклюзивті ортада

критериалды бағалауды енгізу тек үдерістің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, ерекше білім беруді қажет ететін баланың әлеуетін ашуға, өзіне деген сенімділігін арттыруға, мотивациясы мен танымдық белсенділігін күшейтуге және эмоционалдық жайлылығын сақтауға жағдай жасайды.

Қазіргі инклюзивті білім беру ортасында бағалаудың маңызы ерекше рөлге ие. Ол академиялық жетістіктерді тіркеу құралы ғана емес, әрбір білім алушыны оның жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарамастан қолдаудың және дамытудың тетігі ретінде қарастырылады. Инклюзивті педагогика дәстүрлі, жиі біріздендірілген бақылау түрлерінен балалардың оқу қарқыны, стилі, қабылдау ерекшеліктері мен мотивациясын ескеретін икемді әрі ізгілікті бағалау тәсілдеріне көшуді талап етеді.

Инклюзивті ортадағы бағалау әлеуметтік әділеттіліктің факторы ретінде әрекет етеді: ол ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың өз жетістіктерін сезінуіне, оқуға деген жағымды қатынас қалыптастыруына және ұжымға табысты бейімделуіне ықпал етеді. Осылайша, тарихи тәжірибе көрсеткендей, педагогикалық ой ғасырлар бойы бағалаудағы объективтілік пен гуманизм арасындағы тепе-теңдікті табуға ұмтылып келген, бұл қазіргі замандағы критериалдық, қалыптастырушы және тұлғаның жеке мүмкіндіктерін құрметтеуге негізделген тәсілдердің дамуына алғышарт болды.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған. Оқу құралында бағалаудың теориялық-әдіснамалық негіздері ашылып, балалардың білім беру қажеттіліктерінің алуан түрлілігін ескеретін заманауи тәсілдер мен технологиялар талданады. Ерекше назар критериалды және қалыптастырушы бағалауға аударылады, олар оқушыларды қолдау мен ынталандырудың, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында білімді бақылау рәсімдерін бейімдеу мен жекелендірудің тиімді құралдары ретінде қарастырылады.

Ұсыным материалдары практикалық қолдануға бағытталған: критерийлер мен дескрипторларды әзірлеу үлгілері, сараланған тапсырмалар нұсқалары, нәтижелерді тіркеу мен интерпретациялау әдістері, сондай-ақ мектеп ұжымында оң бағалау мәдениетін қалыптастыруға арналған ұсынымдар берілген.

1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың теориялық-әдіснамалық негіздері

Педагогикалық ой тарихында бағалау мәселесі әрқашан ерекше маңызға ие болып, оның мазмұны мен әдістері уақыт өте келе өзгерістерге ұшырады. Әр дәуірдің педагогтері мен ғалымдары оқу процесінде нені бағалау қажет, бағалаушы кім болуы тиіс және қандай тәсілдер ең тиімді деген сұрақтарға өз көзқарастарын ұсынды.

Мәселен, Я. А. Коменскийдің педагогикалық жүйесінде бағалау оқу процесін ұйымдастыру мен реттеудің маңызды құралы ретінде қарастырылды. Ол оқушының тек зияткерлік қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар оның жұмыс ырғағын, ынтасын және еңбексүйгіштігін де бағалаудың нысаны ретінде ұсынды. Коменский бақылаудың күрделі жүйесін енгізді: сағат сайынғы, күнделікті, апталық, айлық, тоқсандық және жылдық сынақтар, олардың әрқайсысының өз мақсаты мен ерекшелігі болды. Сонымен қатар ғалым бағалау субъектілерінің функцияларын нақты бөлудің маңызын атап көрсетті: ағымдағы, сағат сайынғы бағалауды мұғалімнің өзі жүргізсе, қорытынды, жылдық сынақтарды мектеп басшысы өткізуі тиіс еді. Бұл тәсіл бағалау үдерісін анағұрлым объективті және көпқырлы етуге мүмкіндік берді.

Бағалау идеяларының дамуына А. Дистервег пен Дж. Локктың көзқарастары да үлкен ықпал етті. Дистервег тек білім көлемін ғана емес, сонымен бірге оқушының тұлғалық дамуының деңгейін бағалаудың қажеттілігін атап өтіп: «Оқушының даму деңгейін білмей, оны дұрыс оқыту мүмкін емес» деп жазды. Ол бағалауды оқытуды дараландыру мен ізгілендірудің маңызды тетігі ретінде қарастырды. Ал Дж. Локк бағалауға неғұрлым нақты өлшемдер енгізді: тапсырмаларды орындау сапасы мен уақыты, білімнің тереңдігі, өз ойын білдіру қабілеті, жетістік пен сәтсіздікке деген көзқарас. Мұндай тәсіл оқушылардың өзін-өзі талдауға, жауапкершілік пен рефлексияны дамытуға ықпал етті [3].

Л. С. Выготский ғылымға «жақын даму аймағы» ұғымын енгізіп, оны педагогика мен психологияның негізгі категорияларының біріне айналдырды. Ол баланың ересектердің қолдауымен және бірлескен әрекет барысында өз бетінше істей алатынынан әлдеқайда көп нәрсені орындай алатынын дәлелдеді. Осы екі деңгейдің айырмашылығы – жақын даму аймағын анықтайды. Выготскийдің пікірінше, тиімді оқыту баланың қазіргі даму деңгейінен озып, оның ішкі психикалық үдерістерін ілгерілетуі тиіс.

Бұл идеялар оның мәдени-тарихи теориясымен тығыз байланысты. Ғалым әрбір жоғары психикалық функция алдымен әлеуметтік (интерпсихикалық) деңгейде пайда болып, кейін жеке (интрапсихикалық) деңгейге өтетінін атап көрсетті. Сондықтан педагог баланың дамуын ұйымдастырғанда осы екі деңгейдің өзара байланысын түсініп, жақын даму аймағын дұрыс басқара білуі қажет.

Бағалау жүйесінде бұл қағиданың рөлі ерекше. Мұғалім оқу процесін тиімді басқару үшін оқушының тек қазіргі жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар оның даму әлеуетін де көруі тиіс. Бағалау нәтижемен ғана емес, оқу

арқылы белсендірілетін ішкі даму үдерістерімен де байланысты болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жақын даму аймағы ұғымы оқытудың тиімділігін түсінудің және педагогтің бағалау қызметін ұйымдастырудың маңызды кілті болып табылады.

Выготскийдің «Біз оқытудың негізгі белгісі – оның жақын даму аймағын тудыру қабілетінде деп нық айта аламыз» деген пікірі осының дәлелі. Демек, шынайы оқыту баланың қызығушылығын оятып, оның жасырын әлеуетін дамытып, жаңа психикалық функциялардың қалыптасуына жол ашуы тиіс. Сол себепті мәдени-тарихи тұрғыға негізделген педагогикалық бағалау тек нәтижені тіркеу құралы емес, тұлғаның дамуын қолдау мен ынталандырудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылуы қажет [4].

XX ғасырдың басында педагогикалық үдерісті ізгілендіру идеялары С.Т. Шацкийдің бағалау тұжырымдамасында айқын көрініс тапты. Гуманизм қағидаттарына негізделген оның «есептік жүйесі» бағалаудың нысаны ретінде ең алдымен оқушының іс-әрекет нәтижесін, сондай-ақ сол іс-әрекетті жүзеге асыру жағдайларын қарастырды. Шацкийдің жаңашылдығы – ол бағалауды тек соңғы нәтиже тұрғысынан емес, оқу процесінің өзінен және оқушының жетістігіне әсер ететін сыртқы жағдайлардан да көру қажеттілігін атап көрсетті. Педагог баланың жеке басына асығыс және категориялық баға берудің зияндылығын ерекше ескертті. Ол мұндай бағалар оқушыда әділетсіздік сезімін туғызатынын және ішкі наразылық пен өкпеге себеп болатынын айтып, «мұндай бағалар аса үлкен сақтықпен қолданылуы тиіс, өйткені бала әрқашан олардың әділетсіздігін сезеді» деп жазды. Бұл ойлар бүгінгі заманауи педагогикалық практикада да өзекті болып қала береді. [5].

В.Д. Шадриков өзінің «Педагогикалық бағалау» атты еңбегінде дәстүрлі түрде басты назар үлгерім мен тәртіпке аударылып, ал бағалау процесінің өзі сирек зерттелгенін атап өтеді. Ұзақ уақыт бойы білімді тек білім көлемі арқылы өлшейтін «білімге бағытталған» тәсіл үстемдік етіп келді, бұл оқу іс-әрекетінің тұтас жүйесін назардан тыс қалдырды. Қазіргі таңда да «бағалау» мен «белгі» (отметка) ұғымдарының ара-жігі жиі ажыратылмайды, бұл өз кезегінде тек белгіні ғана емес, бағалаудың өзін де оқу-тәрбие үдерісінен ығыстырып шығарады.

Бір жағынан, бағалауды либерализациялау үрдісі байқалады (мысалы, бастауыш сыныптарда дәстүрлі баға қоюдан бас тарту), екінші жағынан – тестілеу арқылы бағалаудың шамадан тыс формалдануы белең алуда. Мұндай тәсілдер мұғалімді бағалау процесінен біртіндеп шеттете бастайды: күрделі педагогикалық әрекеттің орнына автоматтандырылған жүйелер келеді, ал бұл «объективтілікке ұмтылыс» ретінде түсіндіріледі. Нәтижесінде, тірі педагогикалық тәжірибе формалды бюрократиялық рәсімге айналып, жеке тұлғаға бағытталған көзқарас пен адамгершілік сипатын жоғалту қаупі туады.

Педагог бағалаудың мүмкіндіктерін барынша пайдалануға ұмтылғанымен, оны шектейтін басты себеп – бұл бағыттың теориялық тұрғыда жеткілікті өңделмеуі және оқу іс-әрекетінің барлық қырларын қамтитын айқын критерийлік базаның болмауы. Жыл сайын педагогикалық бағалауға байланысты сұрақтар

өзектілігін арттырып келеді: бағаны қай жастан бастап енгізу орынды, бағалау мен белгі арасындағы арақатынас қандай, мұғалімнің оқушының оқу іс-әрекеті мен тәртібін бағалаудағы рөлі қандай болуы тиіс – осының бәрі қызу талқылануда. Сонымен қатар педагогтің орнын автоматтандырылған бағалау жүйелерімен алмастыру мәселесі жиі көтеріледі. Бұл әсіресе бастауыш мектепте өткір сезілсе де, орта және жоғары деңгейдегі білім беру ұйымдары үшін де маңызды.

В.Д. Шадриковтың пікірінше, кез келген мақсатты әрекет кері байланыссыз жүзеге аспайды, ал педагогикада бұл функцияны бағалау орындайды. Сондықтан бағалаудың қажет екені туралы дау орынсыз, өйткені ол оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Педагогтың міндеті – бағалаудан бас тарту емес, оны тиімді жүзеге асырудың жолдарын табу, яғни нақты оқу жағдайы мен оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиісті форма мен әдістерді тандау. [6].

Землянская Е.Н. өзінің «Қалыптастырушы бағалау (оқыту үшін бағалау)» атты мақаласында «қалыптастырушы бағалау» ұғымына анықтама беріп, оның қазіргі білім беру контексіндегі маңызын ашады. Автор шетелдік зерттеулердегі эволюциясын, даму перспективаларын және туындайтын тәуекелдерді талдап, оларды еңсеру тәсілдерін ұсынады. Мақалада қалыптастырушы бағалаудың қолданылу мысалдары мен нақты әдістемелік тәсілдері берілген. Ерекше назар қалыптастырушы және қорытынды бағалау арасындағы байланысқа, сондай-ақ ұлттық оқу бағдарламалары деңгейіндегі арақатынасына аударылған.

Землянская атап өткендей, ғылыми әдебиетте «оқыту үшін бағалау» (Assessment for Learning) және «оқытуды бағалау» (Assessment of Learning) ұғымдарының арасындағы айырмашылықты нақты ажырату қажеттігі жиі айтылып келеді. Біріншісі – оқушының дамуын қолдауға және оқу процесін жетілдіруге бағытталған болса, екіншісі – нәтижелерді тіркеу, салыстыру және есептілік мақсатында қолданылады. Зерттеушілердің пікірінше, қорытынды бағалау процесі жақсы зерттеліп, кеңінен қолданылып жүргенімен, қалыптастырушы бағалауды енгізу тек жекелеген әдістерді өзгертуді ғана емес, мұғалімдердің кәсіби ойлауын түбегейлі қайта құруды және нормативтік-құқықтық негіздерді бейімдеуді де талап етеді.

Осылайша, ХХ ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін педагогикалық бағалау жүйесі білім беру сапасын арттырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылып келеді. Ол оқушының тұлғалық дамуын, танымдық белсенділігін және оқу мотивациясын ынталандыруға бағытталуы тиіс, ал мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен рефлексиясы бұл процестің шешуші факторы болып қала береді.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, білім алушылардың тек жүйелі тестілеуден өтіп, ағымдағы бағалары туралы ақпарат алып отыруы олардың оқу жетістіктерін қалыптастыруға елеулі ықпал етпейді. Мұндай тәсіл көбіне формальды сипатта болып, оқушының өз даму динамикасын түсінуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан оқу сапасын арттыру үшін арнайы кері байланыс (feedback) механизмі қажет. Бұл механизм білім алушының өз жетістіктері мен қателіктерін саналы түрде ұғынуына, бағалау нәтижелерін біртіндеп жеке оқу траекториясын түзету құралы ретінде қолдануына жағдай жасайды.

Зерттеу авторы М. Heritage (2008) еңбектеріне сүйене отырып, жеке оқушының даму қарқыны оқу процесі барысында өзгеруі мүмкін екенін атап өтеді. Осыған байланысты ол оқушының жеке ілгерілеу ырғағын ескеретін қалыптастырушы бағалаудың моделін ұсынады. Heritage (2009) бұл модельдің негізгі кезеңдерін келесідей сипаттайды:

1. оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерін айқындау;
2. білім нәтижелері туралы деректер жинау;
3. алынған мәліметтерді талдау және түсіндіру;
4. оларды алға қойылған мақсаттармен салыстыру;
5. оқушыға кері байланыс ұсыну;
6. оқу процесіне түзетулер енгізу;
7. жаңа білімді меңгеруге бағытталған қолдау көрсету (scaffolding);
8. мақсаттарға қол жеткізу.

2000 жылдардан бастап «қалыптастырушы бағалау» ұғымы ресми түрде танылып, бірқатар нормативтік және әдістемелік құжаттарда бекітілді. Осы кезеңнен бастап әртүрлі елдердің ұлттық бағалау жүйелерінде қалыптастырушы бағалау тек бақылау мен нәтижені тіркеу құралы ғана емес, сонымен қатар білім сапасын арттыру тетігі ретінде қарастырыла бастады. Автор ғылыми дереккөздерді талдай отырып, қалыптастырушы бағалау білім алушыны оқу процесінің белсенді қатысушысы және серіктесі ретінде көруге мүмкіндік береді деген қорытынды жасайды. Сабақта кері байланыстың тиімді түрлерін қолдану мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекетті тұрақты диалогқа айналдырады, бұл оқушыларға оқу талаптарын жақсы түсінуге және өз нәтижелерін жақсартуға көмектеседі. Мұғалім, өз кезегінде, оқушылардың жетістіктері туралы мәліметтерге сүйене отырып, оқу мазмұнын түзетіп немесе күнтізбелік жоспарлауға өзгерістер енгізіп, білім беру процесін бейімдей алады [7].

Е.Н. Землянская қалыптастырушы бағалаудың тиімді әдістемелік тәсілдеріне нақты мысалдар келтіреді:

- «**Жабысқақ ескертпелер**» (**sticky notes**) – тақтада арнайы орын бөлініп, оқушылар сабақ басында өз дайындық деңгейін білдіретін түрлі түсті стикерлер жапсырады: мысалы, сары – «бәрін білемін», қызыл – «сенімсізбін». Сабақ соңында бұл процедура қайталанып, нәтижедегі өзгерістер көрнекі түрде салыстырылады.

- «**Шығу билеті**» (**exit pass**) – сабақ соңында оқушылар өз дәптерлерін түрлі түсті контейнерлерге салады: қызыл – «қиын болды», жасыл – «бәрі түсінікті», сары – «оңай болды, басқаларға көмектесе аламын». Ресейлік мектептерде бұл әдіс «жол шамы» («светофор») түрінде қолданылады.

- «**Кіру билеттері**» (**entry tickets**) – сыныпқа кірер алдында оқушы өзінің дайындық деңгейін білдіретін түсті карточка таңдайды.

- «**Қолмен бағалау**» (**hands-on**) – тапсырманы орындағаннан кейін оқушы өз жетістігін қол арқылы көрсетеді: жұдырық – «болмады», ашылған саусақтар саны – табыстылық деңгейін білдіреді.

- «**Бір минуттық жазбалар**» (**minute notes**) – сабақ соңында оқушылар жаңа материал бойынша қысқа жазбаша жауап береді: «Не үйрендің? Қандай сұрақ

қалды?» Мұғалім бұл жауаптар арқылы оқушылардың түсіну деңгейін анықтайды.

Сонымен қатар ағылшын тілді әдебиеттерде қалыптастырушы бағалауды визуалды тәсілдер арқылы жүзеге асыру тәжірибесі кеңінен тараған:

- **Менталдық карталар (mind maps)** – оқылған тақырыптағы негізгі ұғымдар мен байланыстарды графикалық түрде көрсету. Мұндай карталар жеке немесе топтық түрде, онлайн құралдар көмегімен (MindMeister, XMind және т.б.) жасалуы мүмкін.

- **KWL-кестелер** – үш бағаннан тұратын кесте: «Білемін» (K – What I know), «Білгім келеді» (W – What I want to know), «Үйрендім» (L – What I learned). Бұл әдіс оқушының танымдық белсенділігін арттырады және оқу нәтижелерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Дегенмен Е.Н. Землянскаяның пікірінше, қалыптастырушы бағалаудың сапасы өсіп келе жатқанына қарамастан, оның толыққанды енгізілуі көптеген мектептерде әлі де жеткіліксіз. Зерттеушілер бірқатар қиындықтарды атап өтеді. Ең бастысы – мұғалімнің позициясын өзгерту қажеттілігі: кейбір педагогтер оқушыларға өзіндік және өзара бағалау мүмкіндігін беруден, яғни бағалаушы рөлін бөлісуден қашады. Мұндай сенімсіздік жаңа тәжірибені қабылдауда кедергі келтіреді және оқытудың бақылаудан айырылу қаупін тудырады.

Wiliam (2008) және Shepard (2005) атап өткендей, қалыптастырушы бағалауды енгізу білім беру қауымдастығының мәдени парадигмасын түбегейлі өзгертуге алып келеді. Қолдануда жиі кездесетін қателердің бірі – оқушылардың жеке прогресін ескермей, орташа көрсеткіштерге сүйену немесе бәсекелестікті күшейту. Сонымен қатар мұғалімдердің айтуынша, қалыптастырушы бағалау оларға қосымша жүктеме әкеледі: пікір жазу, диагностикалық мәліметтерді өңдеу, құжат жүргізу уақытты көп алады және кейде шығармашылық сипатын жоғалтады. Кейбір педагогтер тіпті осы себептен кәсіби күйзеліс пен қажу сезімін бастан өткереді.

Бұған қоса, оқу бағдарламаларындағы реформалар сыртқы тестілеу талаптарын күшейтіп, қорытынды бағалауға көбірек назар аударуға итермелейді, бұл қалыптастырушы бағалаудың маңызын төмендетеді. Дегенмен шетелдік зерттеулер қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда – миграция, мәдени және тілдік алуантүрлілік, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының өсуі жағдайында – қалыптастырушы бағалаудың рөлі бұрынғыдан да өзекті екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, қалыптастырушы бағалау қазіргі білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарына толық сәйкес келеді. Ол оқушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін айқындауға, олардың жеке жетістіктерін бақылауға, өзін-өзі бағалау мен оқу уәжін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаңа білімді игеру барысында scaffold тәсілін қолдана отырып, оқу процесін қолдаудың пәрменді құралына айналады. Бүгінгі таңда көптеген елдерде қалыптастырушы бағалау педагог қызметінің міндетті компоненті ретінде институционалдық деңгейде бекітіліп, мұғалімнен жоғары кәсіби құзыреттілік пен уақыттық, зияткерлік ресурстарды талап етеді.

Оны жүзеге асыру мақсатында кең әрі бай әдістемелік арсенал қалыптастырылды: түрлі тәсілдер, әдістемелер мен педагогикалық практикалар, соның ішінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қалыптастырушы бағалау тәжірибесі бүгінде халықаралық педагогикалық форумдарда, ғылыми конференцияларда, сондай-ақ арнайы интернет-платформалар мен кәсіби басылымдарда кеңінен таратылып келеді. Бұл сала жана ғылыми идеялармен және тәжірибеде сыналған педагогикалық шешімдермен үнемі толықтырылып, дамып отырады. Нәтижесінде, қалыптастырушы бағалау қазіргі шетелдік психологиялық-педагогикалық зерттеулердің ең келешегі зор бағыттарының бірі ретінде қарастырылады [7].

Микулич Д.Ю. мен Шабля И.Н. өздерінің «Қазіргі оқу үдерісіндегі оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін зерттеу» атты мақаласында қазіргі мектеп жағдайындағы бағалау процесін зерттеудің эмпирикалық деректерін ұсынады. Авторлар мұғалімдердің бағалау барысында басшылыққа алатын негізгі параметрлерін, қолданатын мадақтау және жазалау формаларын, бағалау әдістерін және жиі кездесетін қателіктерін сипаттап, талдайды.

Зерттеушілердің пікірінше, оқу нәтижелерін бағалау мәселесі бүгінгі мектептегі ең даулы әрі өзекті тақырыптардың бірі болып қалып отыр, өйткені ол педагогикалық теорияны да, практиканы да тікелей қамтиды. Негізгі қиындықтар нақты критерийлер мен бағалау шкалаларының болмауынан, бағалау процесінің субъективтілігінен және дәстүрлі бес балдық жүйенің шектеулерінен туындайды.

111 мұғалімнің (қалалық және ауылдық мектептерден, орташа еңбек өтілі – 24,5 жыл) қатысуымен жүргізілген зерттеу нәтижелері педагогтер жиі кездесетін типтік қателерді анық көрсетті. Олардың қатарында – тәртіп пен мінез-құлыққа қойылған бағаны пәндік нәтижелерге ауыстыру, оқушыларға деген жеке симпатия немесе антипатия әсері, сондай-ақ алдыңғы бағаларға тәуелділік сияқты құбылыстар бар.

Көптеген мұғалімдер өздерінің эмоциялық күйінің бағалаудың әділдігіне әсер ететінін мойындайды. Сонымен бірге барлық пән мұғалімдері білім сапасының негізгі критерийі ретінде оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолдану қабілетін ерекше атап өтеді. Бұл көзқарас қазіргі құзыреттілікке бағытталған тәсілдің қағидаттарымен толық үйлеседі.

Мұғалімдердің басым бөлігі бағалаудың басты функциялары ретінде білімдік (оқыту) және диагностикалық рөлдерін атайды. Дегенмен қолданыстағы бағалау шкаласы олардың пікірінше, тек ішінара объективті: сауалнамаға қатысқандардың үштен екісінен астамы оның дәлдігіне күмән келтірсе де, мұғалімдердің тек үштен бірі ғана баламалы әдістерді (портфолио, рейтингтік жүйе, жинақталған тапсырмалар, «өтті/өтпеді» жүйесі және т.б.) қолданады.

Көптеген педагогтер өз тәжірибесінде дәстүрлі бақылау түрлерін — жазбаша жұмыстарды, тестілерді және ауызша сұрауларды пайдалануды жалғастыруда. Алайда оң өзгерістер байқалады: мұғалімдер біртіндеп білім көлемін тіркеуден оны қолдану дайындығын бағалауға ауысып жатыр. Авторлардың пікірінше, бұл – құзыреттілік моделіне көшу процесінің біртіндеп

жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Мұндай бағыт жаңа білім стандарттарына көшумен бірге одан әрі күшейе түседі [8].

И.Б. Шмигирилова мен А.С. Рванова өздерінің «Білім берудегі бағалау: қазіргі үрдістер, мәселелер және қайшылықтар» атты мақаласында ғылыми еңбектерді талдау негізінде білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау теориясы мен практикасының әлемдік даму үрдістерін қорытып, осы саладағы проблемалар мен қайшылықтарды айқындайды. Авторлар бағалау тәжірибелеріндегі тәуекел факторларын көрсетіп, бағалауды жетілдіру бойынша өзекті зерттеу бағыттарын ұсынады.

Зерттеушілердің пікірінше, бағалаудың мақсаттарын нақты айқындау — оның тұжырымдамалық негізін құрудың және білім беру тәжірибесінде қолданылатын құралдар мен технологияларды таңдаудың басты шарты. Тиімді бағалау жүйесін жасау кезінде мақсаттардың логикалық үйлесімділігі мен өзара байланысын қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар олардың приоритеттерін нақты анықтау қажет, өйткені дәл осы басты мақсат пен жетекші бағдарлар бағалау жүйесінің жобалық сипаттамасын айқындап, алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Алайда бір мақсатқа шамадан тыс шоғырлану білім сапасының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Сондықтан түрлі мақсаттар мен міндеттердің арасындағы балансты сақтау – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Осылайша, бағалау мақсаттарының көпдеңгейлі және көпмәнді сипаты, бір жағынан, оны білім беру процесінің маңызды құрылымдық элементі ретінде көрсетсе, екінші жағынан, оның ішкі қайшылықтарын да айқындайды. Бұл қайшылықтарды түсініп, ғылыми тұрғыда шешу — қазіргі педагогиканың басты басымдықтарының бірі.

Бұл мәселе әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында өзекті болып отыр. Мұнда бағалау тек диагностикалық немесе бақылау функциясын ғана емес, сонымен қатар қолдау мен ынталандыру құралының, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің тетігі ретінде қызмет етеді. Инклюзивті практикада әр оқушының жеке ерекшеліктерін, танымдық қарқынын, әлеуметтік және эмоционалдық жағдайын ескеру қажет. Сондықтан мұндай жағдайда бағалау жүйелері әртүрлі мақсаттарға бағытталып, оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін назарға алуы тиіс.

Қорытындылай келе, бағалау – білім беру процесінің ажырамас бөлігі ретінде оның құрылымын, мазмұнын және нәтижесін айқындайды. Оқыту теориясын дамыту бағалау теориясын тереңдетпей мүмкін емес, өйткені бағалау әдістерін жетілдіру мен мұғалім мен оқушының рөлін қайта қарау – қазіргі заманғы педагогиканың басты даму бағыты болып табылады [9].

Жүргізілген талдау нәтижесінде авторлар келесі маңызды қағидаларды бөліп көрсетеді:

1. Білім беру саласындағы бағалауға қатысты зерттеулердің эклектикалық (әртүрлі бағыттар мен әдістердің аралас) сипатына қарамастан, бүгінгі таңда суммативті (қорытынды, констатирлеуші) бағалаудан формативті

(қалыптастырушы) бағалауға, сондай-ақ нормативтік бағалаудан критериалды бағалауға көшу үрдісі айқын байқалады. Бұл бағыт білім берудің тұлғаға бағытталған және дамытуға негізделген парадигмасымен үйлеседі.

2. Дегенмен нақты оқу тәжірибесі әлі де болса қорытынды бағалауға тәуелді болып отыр. Мұның себебі — мұғалімдердің дәстүрлі түрде нәтижеге бағдарлануы, қалыптастырушы бағалау құралдарын жеткілікті меңгермеуі және осы бағыттағы ғылыми-әдістемелік зерттеулердің аздығы. Мұғалімдерге практикалық қолдау көрсетудің жеткіліксіздігі бұл өзгерістердің баяу жүруіне әсер етеді.

3. Қалыптастырушы бағалаудың әмбебап теориясын әзірлеу барысында әр оқу пәнінің ерекшелігін, оның мазмұны мен оқу іс-әрекетінің сипатын, әсіресе кері байланысты ұйымдастыру тәсілдерін ескеру қажеттігі туындайды. Әр пән де білім нәтижелерін түсіндіру мен өлшеудің өзіндік ерекшелігі бар, сондықтан бағалау тәсілдері пәннің табиғатына бейімделуі тиіс.

4. Қалыптастырушы критериалды бағалау модельдері әртүрлі пән салаларының мақсаттары мен мазмұнын ескеруге мүмкіндік береді. Алайда тәжірибеде көптеген педагогтер өздері қолданатын модельдің критериалды бағалау жүйесіне жататынын түсіне бермейді, бұл бағалау мәдениетінің жеткілікті қалыптаспағанын көрсетеді.

5. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі — оқушының жетістіктерін басқа оқушылардың нәтижелерімен салыстырмай, оқу бағдарламасында белгіленген мақсаттармен және күтілетін нәтижелермен сәйкестендіру. Дегенмен оның тиімді жүзеге асуы көптеген факторларға тәуелді:

- критерийлердің анық әрі нақты тұжырымдалуы;
- мұғалімдердің оларды бірдей түсінуі;
- бағалау құралдарының пәндік контекстке сәйкестігі;
- педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен олардың «жасырын стандарттары»;
- оқушылардың критерийлерді түсініп, өздігінен қолдануға дайындығы.

6. Бағалау саласындағы терминологиялық нақтылықтың жеткіліксіздігі де өз әсерін тигізеді. Ғылыми әдебиеттерде «стандарттар», «критерийлер» және «дескрипторлар» ұғымдарының ара-жігі жиі ажыратылмайды, бұл әдіснамалық тұрғыда түсініксіздік туғызып, бағалау құралдарының сапасына (әсіресе рубрикаларға) әсер етеді.

7. Рубрикалар, яғни критерийлерге негізделген бағалау құралдары, бағалаудың объективтілігі мен әділдігін арттырып, оқушыларды өзіндік бағалауға тартуға мүмкіндік береді. Дегенмен олардың шамадан тыс стандартталуы бағалаудың валидтілігін төмендетіп, оқыту процесінің шығармашылық сипатын әлсіретуі мүмкін.

8. Бағалау процесінде тағы бір өзекті мәселе — оқушылардың кері байланысқа белсенді қатысуға және өз нәтижесіне жауапкершілік алуға жеткілікті дайын болмауы. Көптеген білім алушылар бағалауды тек мұғалімнің ісі деп қабылдайды, бұл олардың өзіндік рефлексия дағдыларының жеткіліксіздігін көрсетеді.

9. Бағалау жүйесіне байланысты реформаларды жедел және жүйесіз енгізу мұғалімдер мен оқушылар үшін қосымша жүктеме болып, күйзеліс пен кәсіби қажуды күшейтеді.

Осылайша, авторлардың пікірінше, қазіргі заманғы бағалау тәсілдері үлкен әлеуетке ие болғанымен, оларды ойластырылмаған және асығыс енгізу бірқатар қауіптерге алып келуі мүмкін. Бағалау жүйесін жетілдіру әкімшілік шешімдерге емес, нақты педагогикалық тәжірибенің қажеттіліктеріне сүйенуі тиіс. Бұл процесс теориялық тұрғыдан негізделген және тәжірибеде сыналған модельге, сондай-ақ суммативті және формативті, критериалды және нормативтік бағалаудың үйлесімді үйлесіміне сүйенген жағдайда ғана тиімді болмақ [9].

Блинова Т.Л. мен Подчиненов И.Е. өз еңбектерінде когнитивті-ақпараттық парадигмаға негізделген оқытуды қарастырады және дәстүрлі оқыту үдерісінің мазмұнына талдау жасайды. Авторлардың пікірінше, дәстүрлі білім беру жүйесінде оқыту көбіне дәріс оқу, түсіндіру, тапсырма беру, бақылау және тестілеу сияқты басқарушылық әрекеттермен шектеледі. Ал тұлғаға бағытталған тәсіл жағдайында бұл үдерістер күрделі интеллектуалдық сипатқа ие болып, педагогтан жаңа ойлау мен кәсіби икемділікті талап етеді.

Мұндай қиындықтарды еңсеру үшін когнитивтік тәсілді қолдану тиімді. Бұл тәсіл оқытуды ақпаратты өңдеу және білімді құрастыру процесі ретінде қарастырады, яғни жаңа білім бұрынғы білімге сүйене отырып қалыптасады. Егер бұл байланыс үзілсе, «когнитивтік алшақтық» (cognitive gap) пайда болады – ол оқушының мүмкін боларлық және нақты меңгерген білімі арасындағы айырмашылық ретінде көрінеді. Мұндай олқылықтың алдын алу үшін оқыту процесіне когнитивтік оқыту технологияларын енгізу қажет, олар қазіргі психология мен ақпараттық технология жетістіктеріне сүйенеді.

Зерттеушілердің байқауынша, когнитивтік әдістер әсіресе гуманитарлық пәндерде көбірек қолданылып келеді, ал математика және жаратылыстану саласында дәстүрлі нормативтік оқыту моделі басым. Мұнда басты назар оқу стандарттары мен бірізді ережелерге аударылады, нәтижеге жету жолдарына емес. Бұл модель оқушының зерттеушілік және шығармашылық әлеуетін ескермеуге әкеледі. Алайда адам ақпаратты пассивті қабылдаушы емес, оны өз тәжірибесі мен когнитивтік ерекшеліктері арқылы белсенді өңдеуші тұлға болып табылады.

Сондықтан қазіргі педагогикалық практикада ақпараттық модельден когнитивтік өзара әрекет моделіне көшу қажеттілігі туындап отыр. Мұндай модельде оқу үдерісінің құрылымы мынадай компоненттерден тұрады: пән, мұғалім, оқушы, когнитивтік сүзгі (filter) және оған қолжетімді ресурстар.

Авторлардың пайымдауынша, когнитивтік тәсіл когнитивтік психологияның идеяларына сүйенеді және оқушылардың когнитивтік стильдері мен оқу стратегияларын ескеруді көздейді. Әрбір оқушы ақпаратты өзіне тән жолмен қабылдап, оны жеке когнитивтік схемалар арқылы сүзгіден өткізеді. Бұл когнитивтік сүзгі ақпаратты таңдаулы қабылдауға және оқу стратегиясын таңдауға ықпал етеді.

Когнитивтік стратегиялар білім алушылардың танымдық үдерістерін басқару дағдыларын қамтиды: назарды шоғырландыру, қабылдау, ақпаратты кодтау және сақтау, іздеу және қайта жаңғырту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мұндай стратегиялардың қатарында білім алу, есте сақтау, өзіндік бақылау және рефлексия дағдылары бар.

Осылайша, когнитивтік тәсілде оқушы тек мұғалім әсерін қабылдаушы объект емес, керісінше танымдық әрекеттің белсенді субъектісі ретінде қарастырылады. Бұл көзқарас қазіргі білім берудің басты мақсаты – оқушыны өз оқу процесін басқаруға қабілетті, сыни ойлайтын және дербес шешім қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптастыру идеясымен толық үйлеседі.

Когнитивтік тәсіл жалпы педагогикалық сипатқа ие, яғни ол пәндік шектеулерден тыс және жекелендірілген оқытуға бағытталған әмбебап әдіс болып табылады. Мұндай тәсіл білім алушыларда ақпараттық қоғам жағдайында табысты бейімделу үшін қажетті когнитивтік схемалар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді және ол кез келген пәнді оқытуда тиімді қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар когнитивтік тәсіл пәнаралық интеграцияның жаңа мүмкіндіктерін ашады, білім алушылардың түрлі пәндер арасындағы өзара байланыстарды түсініп, метапәндік білім мен икемдерді дамытуына мүмкіндік береді.

Когнитивтік оқытудың басты мақсаты – білім алушылардың интеллектуалдық қабілеттері мен ойлау стратегияларының кешенін дамыту. Бұл стратегиялар жаңа жағдайларға тез бейімделуге, ақпаратты талдау арқылы өздігінен шешім қабылдауға және оқу процесі барысында жаңа білімдерді игеруге бағытталған. Яғни, когнитивтік тәсілдің түпкі мәні – оқушылардың танымдық және интеллектуалдық даму деңгейін арттыру.

Швейцариялық ғалым Жан Пиаже (Jean Piaget) когнитивтік даму теориясында адамның танымдық дамуы кезең-кезеңімен жүретінін атап өтеді. Оның пікірінше, когнитивтік оқытудың нәтижесінде оқушының санасында жаңа когнитивтік құрылымдар қалыптасады: бала нақты әрекеттер мен түсініктерден абстрактілі, формалды ойлау деңгейіне өтеді, нәтижесінде ақпаратты талдау, салыстыру және жалпылау қабілеттері күшейеді.

Авторлар тиімді когнитивтік оқыту әдістемесін жүзеге асыру үшін топтық-коммуникациялық желі құруды ұсынады. Мұнда өзара әрекеттесетін негізгі субъектілер — білім алушылар, фасилитатор рөлін атқаратын оқытушы және барлық қажетті ресурстар жинақталған «бұлттық орта». Мұғалімнің негізгі міндеттері келесідей:

- әр оқушы үшін оның когнитивтік профиліне сәйкес жеке портфолио қалыптастыру;
- оқу материалдарының деңгейлік базасын әзірлеу, тапсырмаларды оқушылардың оқу модальдылығына (көру, есту, кинестетикалық және т.б.) сай бейімдеу;
- тақырыпты терең меңгеруге мүмкіндік беретін интернет-ресурстарды іріктеу;

• білімді бақылаудың көпқырлы жүйесін ұйымдастыру (тестілер, рефераттар, семинарлық баяндамалар, жеке есептер және т.б.) [10].

Сонымен қатар, оқытушы оқу материалдарын бұлттық платформада сақтау мен қолжетімділікті қамтамасыз етеді, пайдаланушылардың құқықтарын ажыратады, онлайн-ресурстарды оқушылардың жеке құрылғыларымен (компьютер, планшет, смартфон) синхрондайды, топтық онлайн жұмыс пен бірлескен жобаларды ұйымдастырады. Мұндай тәсіл оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырып, дербес білім алу траекторияларын құруға мүмкіндік береді.

Когнитивтік тәсілде басты назар білім алушының өз бетінше белсенділігі мен ішкі мотивациясына аударылады. Білім алушы оқу пәнін өз қарқынымен меңгереді, ал оқытушы оның дамуына бағыт беруші және кеңесші рөлін атқарады. Мотивацияны арттырудың маңызды тетігі — пәнаралық интеграция, мысалы, математиканы социология, экономика, физика немесе информатика салаларымен байланыстыра оқыту. Бұл тәсіл білімнің маңызын арттырып, оқушының танымдық қызығушылығын күшейтеді.

Мұндай қызығушылық жаңалық элементі бар, шешімі көп нұсқалы және белгісіз жағдайларды қамтитын тапсырмалар арқылы қалыптасады. Сондықтан когнитивтік тәсілде білім алушының жеке зерттеу және ұжымдық әрекеттері ерекше орын алады. Бірлескен жұмыс барысында оқушылар өзара идеялармен алмасып, жауапкершілікті бөліседі және ортақ мақсатқа жетудің ұжымдық стратегиясын құрады [10].

К.С. Ислям мен Ж.Ж. Капенова өздерінің «Критериалды бағалау технологиясы» атты әдістемелік құралында қазіргі мектептегі білім сапасының тиімділігін арттыру мәселесін ерекше өзектілікке ие деп атап көрсетеді. Қазіргі жаңартылған оқу бағдарламалары оқушылардың тек академиялық білімін емес, сонымен қатар негізгі құзыреттер мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл өз кезегінде оқу жетістіктерін бағалау тәсілдерін қайта қарауды және оқыту процесін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді.

Қазақстан мектептерінде енгізілген критериалды бағалау жүйесі «оқушылардың нақты оқу жетістіктерін алдын ала анықталған, айқын критерийлер негізінде күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі» ретінде анықталады.

Критериалды бағалаудың мәні – білім алушылардың оқу жетістіктерін оқыту мақсаттары мен мазмұнын бейнелейтін нақты критерийлермен салыстыруда. Бұл тәсіл білім сапасын қамтамасыз етуде, тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыруда, үздіксіз жетілдіру мен кәсіби дайындықты дамытуда аса маңызды рөл атқарады.

Критериалды бағалаудың ерекшелігі – бағалау критерийлері алдын ала анықталып, оқу мақсаттарына сай құрылымданады. Критерийлерді әзірлеу процесіне мұғалімдермен қатар оқушылар да қатысуы тиіс, себебі бұл бағалау мәдениетін, өзара түсіністік пен жауапкершілікті қалыптастырады. Критерийлердің анықтығы мен нақтылығы, тапсырмалардың күрделілігі мен орындалу дұрыстығын ескеру – әділ бағалаудың басты шарты.

Авторлар атап өткендей, критериалды бағалау жүйесі объективтілік, ашықтық, түсініктілік және рефлексия мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл оқушыларға өз жетістіктерін саналы түрде бағалауға, біліміндегі олқылықтарды анықтап, оқу іс-әрекетін түзетуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалаудың басты мақсаты – «бағалау критерийлері негізінде оқу нәтижелері туралы объективті ақпарат алу және оны барлық мүдделі тараптарға (оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге, білім басқару органдарына) жеткізу арқылы білім беру процесін жетілдіру» [11].

Критериалды бағалау жүйесінің негізгі міндеттері:

- білім сапасын арттыруды қамтамасыз ету, бағалаудың объективтілігі мен ашықтығын сақтау;
- халықаралық стандарттарға сәйкес бірыңғай бағалау механизмін қалыптастыру;
- оқушылардың дербестігі мен жауапкершілігін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;
- нақты оқу жетістіктерін күтілетін нәтижелермен салыстырып, шынайы прогресті бағалау;
- жоғары деңгейлі дағдыларды – талдау, синтездеу, бағалау және шығармашылық ойлауды дамыту;
- білім алушыларға өз оқу сапасы туралы, мұғалімдерге – даму динамикасы туралы, ата-аналарға – балалардың нәтижелері туралы, ал білім беру органдарына – жалпы білім сапасы туралы нақты ақпарат ұсыну;
- электрондық журнал арқылы мәліметтерді жинау мен өңдеу процесін оңтайландыру;
- жеке оқушы, мектеп, аудан, облыс және ұлттық деңгейде оқу жетістіктерін мониторингілеу;
- алынған деректер негізінде стандарттар мен оқу бағдарламаларын жетілдіруге, нормативтік шешімдер қабылдауға мүмкіндік жасау.

Осылайша, когнитивтік тәсіл мен критериалды бағалау идеялары өзара сабақтасып, заманауи білім берудің басты бағыттарын айқындайды: тұлғаның танымдық белсенділігін арттыру, оқу мотивациясын күшейту және білім сапасын объективті бағалау арқылы оқытудың тиімділігін қамтамасыз ету.

Критериалды бағалау құрылымында екі негізгі түрі айқындалады: қалыптастырушы (формативті) және қорытынды (суммативті) бағалау.

Қалыптастырушы бағалау оқу кезеңі бойында жүйелі түрде жүргізіліп, күнделікті оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол үй тапсырмаларын, сыныптық жұмыстарды, жобаларды, зертханалық және шығармашылық тапсырмаларды тексеру кезінде қолданылады. Қалыптастырушы бағалау оқушының жеке прогресін үздіксіз бақылауға және уақтылы түзетуге мүмкіндік береді.

Оның басты артықшылықтары мыналар:

- **жүйелілік** – әр сабақта жүзеге асырылады, сондықтан оқыту мен бағалау өзара тығыз байланыста болады;

- **үздіксіздік** – оқушы мен мұғалім арасындағы тұрақты кері байланысты қамтамасыз етеді, жетістіктер мен олқылықтар туралы нақты ақпарат береді;

- **рефлексияның дамуы** – оқушы өз оқу мақсатын, нәтижесін және жетістігін түсініп, өзіндік талдау мен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырады;

- **дербестікті дамыту** – оқушы өз қателерін анықтап, түзетіп, әрі қарай даму бағыттарын айқындайды.

Қалыптастырушы бағалауда ең маңыздысы – оқушының жеке даму динамикасы, яғни оның оқу барысындағы ілгерілеуі мен белсенділігі.

Қорытынды бағалау (суммативті) ірі оқу бөлімдері, тақырыптар, тоқсандар, оқу жылы немесе білім беру деңгейі аяқталған соң жүргізіледі. Оның мақсаты – оқушының оқу жетістіктерін жинақтап, белгілі бір кезеңдегі нәтижесін жалпы деңгейде бекіту. Бұл бағалау түрі оқу процесін талдау мен жоспарлауға, әрі нәтижелерді салыстыру мен есеп беруге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалаудың мазмұны оның принциптері мен функцияларымен анықталады [11].

Автордың пікірінше, критериалды бағалау принциптері бағалау жүйесіне қойылатын негізгі талаптарды бейнелейді және оның тұтастығын қамтамасыз етеді.

Негізгі принциптер:

- **Интеграциялылық** – оқыту мен бағалаудың өзара байланысы, мұнда бағалау оқу мақсаттарымен және күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты әрекет ретінде қарастырылады;

- **Объективтілік, дәлдік және валидтілік** – нақты және сенімді ақпарат ұсыну, бағаланатын нысанды дұрыс түсіну, критерийлер мен тапсырмаларды негізді таңдау және әзірлеу қажеттілігі;

- **Адекваттылық** – білім, білік және құзыреттіліктерді нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелерге сәйкестендіру;

- **Ашықтық және жариялылық** – бағалау критерийлерін оқушылармен бірлесе жасау, оларды алдын ала таныстыру және бағалау стратегияларын түсіндіру;

- **Айқындық және қолжетімділік** – бағалау мақсаты мен нұсқауларының түсініктілігі, ақпараттың ашықтығы және нәтижелердің шынайылығына сенім тудыру;

- **Үздіксіздік** – оқу жетістіктерінің динамикасын жүйелі бақылау және дер кезінде түзету;

- **Жүйелілік және тұтастық** – қалыптастырушы және қорытынды бағалауды біртұтас жүйе ретінде қарастыру;

- **Даму мен ізгілендіру бағыты** – оқушылардың тұлғалық және оқу прогресін ынталандыру, сенімді және қолдау тудыру орта қалыптастыру.

Критериалды бағалаудың функциялары:

- **Нормативтік функция** – нәтижелерді белгіленген мемлекеттік немесе оқу стандартымен салыстыру;

- **Бақылаушы функция** – оқу жұмысының көлемі мен сапасын тексеру;
- **Диагностикалық функция** – білім мен дағдылардың меңгерілу деңгейін анықтау, қиындықтарды айқындау;
- **Оқытушы функция** – оқу уәжін арттыру, оқушының жеке оқу қарқынын ескеру;
- **Ұйымдастырушы функция** – тиімді әдістер мен құралдарды таңдауға бағыт беру;
- **Тәрбиелік функция** – оқыту процесінде құндылықтық бағдарлар мен жауапкершілікті қалыптастыру;
- **Бағдарлаушы функция** – оқушының жеке оқу траекториясын айқындау;
- **Ақпараттық функция** – оқушыға, мұғалімге, ата-анаға және қоғамға нақты әрі сенімді мәлімет беру.

Негізгі ұғымдар мен терминдер жүйесі

«Бағалау» (assessment) термині ағылшын тілінен енген және ол оқу жетістіктерін өлшеу, оқу процесіндегі қиындықтарды диагностикалау және барлық қатысушыларды оның нәтижелерімен таныстыру құралы ретінде түсіндіріледі.

Педагогикалық әдебиетте бұл терминге жақын ұғымдар жиі қолданылады:

- **Баға (оценка)** – бағалау қызметінің нәтижесі, балдық немесе сапалық түрде көрсетіліп, кері байланыс құралы ретінде қолданылады;
- **Бағалау жүйесі** – білім беру бағдарламаларын меңгеру сапасын бақылау механизмі және оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі.

Критериалды бағалау технологиясының негізгі ұғымдары:

- **Дескриптор** – белгілі бір критерий бойынша жетістік деңгейін сипаттайтын нақты көрсеткіш, ол баллмен өлшенеді: неғұрлым жоғары нәтиже – соғұрлым жоғары балл.
- **Критерийлер** – оқушының нәтижесін оқу мақсаттарына сәйкестігін бағалау ережелерін айқындайды, ал дескрипторлар бұл ережелердің нақты өлшемін көрсетеді.
- **Модерация** – мұғалімдердің қорытынды (суммативті) жұмыстарды бірлесе талқылауы арқылы бағалаудың объективтілігі мен әділдігін қамтамасыз ету процесі.
- **Мониторинг** – білім беру процесін жүйелі бақылау, талдау және болжау арқылы оның сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.
- **Педагогикалық бақылау** – мұғалім мен оқушы арасындағы тұрақты кері байланыстың негізгі тетігі.
- **Педагогикалық мониторинг** – педагогтердің кәсіби қызметін, олардың жетістіктері мен даму динамикасын жүйелі талдау тәсілі.
- **Портфолио** – оқушының жеке жетістіктерін тіркеу мен талдаудың құралы; ол прогресті қадағалауға және бағалау ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- **Рефлексия** – оқушының өз іс-әрекеті мен нәтижелерін талдауы, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы.

- **Скрининг** – ерекше қабілеттері бар немесе қосымша қолдауды қажет ететін оқушыларды анықтауға бағытталған диагностикалық әдіс.

Барлық осы элементтер бірігіп, критериалды бағалаудың ұғымдық-терминологиялық аппаратын құрайды. Ол бағалауды тек бақылау құралы ретінде ғана емес, білім сапасын арттырудың, мотивацияны дамытудың және тұлғалық өсуге жағдай жасаудың пәрменді механизмі ретінде қарастырады.

Н.В. Малова өз зерттеуінде тестілеуді оқу жетістіктерін бағалаудың тиімді құралы ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, жетістік тестілерін пайдалану оқушылардың нақты білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай тестілер тек нәтижені ғана емес, оқушының ойлау тәсілін, ақпаратты қолдану және талдау қабілетін де көрсетеді. Осылайша, тест – білім сапасын өлшеудің формалды емес, диагностикалық және дамытушы құралы болып табылады, ол мұғалімге әрі қарайғы оқу процесін жоспарлауда бағалы деректер береді.

Автордың пікірінше, дәстүрлі бақылау жұмыстарына қарағанда жетістік тестілері бірқатар маңызды артықшылықтарға ие:

1. Оқу нәтижелерін неғұрлым объективті және сапалы өлшеуге мүмкіндік береді. Тестілеу кезінде бағалау субъективті пікірге емес, нақты көрсеткіштер мен балдық жүйеге сүйенеді, бұл нәтижелердің сенімділігін арттырады.

2. Негізгі ұғымдар мен дағдылардың меңгерілу деңгейін айқындауға бағытталған. Мұндай тестілер оқушының теориялық білімін ғана емес, практикалық қолдану, логикалық ойлау және талдау қабілеттерін де анықтайды.

Тестілердің жіктелуі

1. Мақсатына қарай:

- **Жалпы диагностикалық тестілер** – тұлғаның психологиялық және жеке қасиеттерін анықтауға арналған (мысалы, Д. Кеттелл мен Г. Айзенктің сауалнамалары, интеллект тестілері – Векслер, Бине–Симон, Термен және Меррилл нұсқалары).

- **Кәсіптік бейімділікті анықтау тестілері** – адамның белгілі бір мамандыққа жарамдылығын анықтауға бағытталған (мысалы, Фланаган қабілет тестілері, армияға арналған классификациялық тестілер).

- **Арнайы қабілеттерге арналған тестілер** – музыкалық, техникалық, операторлық немесе ұшқыштарға арналған тестілер.

- **Оқу жетістіктері тестілері** – оқу материалын меңгеру деңгейін, ауызша және жазбаша сөйлеу сапасын бағалауға арналған.

2. Өткізу құралы бойынша:

- **Бланктік тестілер** («қағаз және қарындаш» форматы) – жауаптар арнайы парақтарда белгіленеді (мысалы, тұлғалық сауалнамалар, Беннеттің механикалық түсіну тесті, мектептік жетістік тестілерінің басым бөлігі).

- **Нысандық (предметтік) тестілер** – нақты объектілермен әрекет етуге негізделеді (мысалы, Косса кубиктері, Стенквист тесті, құрылыс жинақтау тапсырмалары).

- **Аппараттық тестілер** – арнайы құрал-жабдықтармен жүргізіледі (мысалы, «жалған детекторы», энцефалограмма тіркеуші құрылғылар).

- **Практикалық тестілер** – физика, химия немесе биологиядағы зертханалық жұмыстарға ұқсас, бірақ нақты нұсқаулықтар мен тесттік жабдықтармен толықтырылған.

3. **Тексерілушілер санына қарай:**

○ **Жеке тестілер** – бір адаммен жеке жүргізіледі (мысалы, Векслер тесті, Люшер тесті).

○ **Топтық тестілер** – бір уақытта бірнеше қатысушымен өткізіледі (мысалы, мектептік стандартталған тестілер, Фланаган тестілері).

4. **Жауап формасы бойынша:**

○ **Ауызша және жазбаша тестілер.**

5. **Бағыттылығы мен уақыт шектеуіне қарай:**

○ **Жылдамдық тестілері (тесты скорости)** – қарапайым тапсырмалар қысқа уақытта орындалады (мысалы, Ландольт сақиналары, Бурдон тесті, Векслердің «шифрлау» тапсырмасы).

○ **Қуаттылық немесе нәтижелілік тестілері (тесты мощности)** – күрделі тапсырмалар беріледі, уақыт шектеуі жеңіл немесе жоқ (мысалы, қорытынды емтихандар).

○ **Аралас тестілер** – әртүрлі күрделіліктегі тапсырмаларды қамтиды және шектеулі, бірақ жеткілікті уақыт беріледі (мектептік тестілердің көпшілігі осы түрге жатады).

6. **Біртектілігіне қарай:**

○ **Гомогенді тестілер** – бір қасиетті немесе қабілетті өлшейді, тапсырмалар ұқсас типте.

○ **Гетерогенді тестілер** – көпшалды, түрлі сипаттамаларды қамтиды (қазіргі мектеп тестілерінің көпшілігі).

7. **Әрекет сипатына қарай:**

○ **Вербалды тестілер** – сөздік-логикалық операцияларға негізделеді (мысалы, білім, заңдылық орнату тапсырмалары).

○ **Невербалды тестілер** – заттармен әрекет етуді қамтиды (карточкалар, блоктар, конструктор элементтері).

8. **Бағыттылығына қарай:**

○ **Интеллект тестілері;**

○ **Жеке тұлғалық тестілер** (темперамент, эмоция, мотивация, қажеттіліктерді диагностикалау);

○ **Жетістік тестілері** және басқа да түрлері.

9. **Нормалау тәсіліне қарай:**

○ **Статистикалық нормаларға негізделген тестілер** – нәтижелерді орташа көрсеткіштермен салыстыру арқылы бағалау;

○ **Критериалды-нормалы тестілер** – нақты критерийлермен салыстыру (мысалы, оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелермен);

○ **Болжамдық тестілер** – болашақ кәсіби немесе оқу табыстылығын болжауға арналған;

○ **Ненормаланған тестілер** – арнайы стандартсыз тестілер.

10. Жауап сипатына қарай:

• **Ашық типтегі тестілер** – еркін жауап беруді талап етеді (қысқаша түсіндіру, толық баяндау, толықтыру);

• **Жабық типтегі тестілер** – берілген нұсқалардан таңдау (мысалы, «иә/жоқ» жауаптары, сәйкестендіру, көп нұсқалы таңдау, артық элементті табу, ұқсастық орнату, тізбекті аяқтау және т.б.).

Мектептегі оқу жетістіктерін анықтауға арналған тестілердің ішінде ең жиі қолданылатыны – объективті тестілер, олардың нәтижесі тексерушінің жеке пікіріне тәуелсіз. Сонымен қатар, проективті тестілер де қолданылады: олар көпмағыналы және белгісіз тітіркендіргіштерге негізделеді. Мұндай тестілерде оқушы өзінің жеке қажеттіліктерін, ішкі қайшылықтарын және эмоционалдық күйін проекциялайды, бұл жеке тұлғалық ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді. Кей жағдайларда жеке бағытталған тестілер (индивидуализированные тесты) де пайдаланылады – олар нақты оқушының қабілеттері мен ерекшеліктеріне бейімделіп жасалады [11].

Ғылыми әдебиеттерде оқу жетістіктерін бағалау мәселелері білім берудің барлық деңгейлерінде – бастауыш мектептен жоғары мектепке дейін қарастырылады. Сонымен бірге дәл жоғары білім беру жүйесінде жүргізілетін зерттеулер мектептегі бағалау тәжірибесінің одан әрі даму бағытын айқындайтын әдіснамалық негізді қалыптастырады.

Мысалы, Н.В. Малованың *«Критериалды-бағдарланған тестілеу – оқытуды дараландырудың дидактикалық құралы ретінде: теория және тәжірибе контекстінде»* атты еңбегінде жоғары оқу орындарында, әсіресе бейіндік емес мамандықтарда шет тілін оқытуда қолдануға арналған критериалды бағытталған тестілерді әзірлеу алгоритмі ұсынылған.

Автор зерттеу барысында контент-талдау және педагогикалық тәжірибені зерделеу негізінде білім берудегі дараландырудың екі негізгі міндетін анықтайды:

- коррекциялық дараландыру – үлгерімі төмен студенттерге қолдау көрсету («әлсіздерді тарту» принципі);
- оптимизациялық дараландыру – оқу бағдарламасын мерзімінен бұрын меңгерген студенттер үшін жеке оқу траекториясын құру.

Өткізілген педагогикалық эксперимент критериалды бағытталған тестілерді шет тілін оқытуда осы екі бағытта да қолдау және жеделдету мақсатында табысты қолдануға болатынын көрсетті.

Н.В. Малованың пікірінше, критериалды-дидактикалық тестілеу әдістері оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара әрекеттестікті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің негізгі ұғымдық базаны өз бетінше игеру нәтижелерін көпдеңгейлі жанама мониторинг арқылы бақылау және оқу процесін интерактивті дидактикалық құралдар негізінде белсендіру арқылы жүзеге асады [12].

Автор ұсынған алгоритм тест тапсырмаларын әзірлеу және қолдану кезеңдерін нақты көрсетеді, сонымен қатар, оны әр пәннің ерекшелігіне бейімдеу қажеттігін атап өтеді. Алгоритмнің негізгі кезеңдері мыналар:

1. Оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді анықтау.
2. Бағалау критерийлерін белгілеу және дескрипторларды жасау.
3. Тапсырмаларды құрастыру: түрлі деңгейдегі сұрақтар (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау).
4. Тесттің құрылымын жобалау: тапсырма саны, уақыты, бағалау шкаласы.
5. Пилоттық апробация: шағын топтарда сынақ өткізу және тапсырмалардың түсініктілігін тексеру.
6. Нәтижелерді талдау және түзету: валидтілік, сенімділік және статистикалық талдау.
7. Қолдану және мониторинг: тестілеу нәтижелерін оқу процесін дараландыруда пайдалану.

Бұл алгоритм әр оқу пәнінің мазмұнына, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу орнының ерекшелігіне сәйкес бейімделіп, нақтыланып отыруы тиіс.

Осылайша, критериалды бағытталған тестілеу дәстүрлі бақылау құралдарының орнын баса отырып, білім сапасын диагностикалаудың, оқу процесін дараландыру мен оңтайландырудың тиімді тетігіне айналады. Ол оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекетін сапалық жаңа деңгейге көтеріп, оқудың рефлексивті, мотивациялық және танымдық аспектілерін күшейтеді.

Автордың пікірінше, ағылшын тілін оқытуда критериалды-бағдарланған тестілерді қолданудың ең нәтижелі бағыттарының бірі – білім алушылардың сөздік қорын барынша кеңейту болып табылады. Мұндай тестілер оқыту процесінде тек тілдік білімді тексеру құралы ғана емес, сонымен қатар лексикалық материалды жүйелеу, жаңа сөздерді белсенді қолдануға ынталандыру және тілдік құзыреттілікті тереңдету құралы ретінде де маңызды рөл атқарады.

Критериалды бағытталған тестілер екі түрлі форматта пайдаланылуы мүмкін:

- дербес түрде – әсіресе түзетуші (коррекциялық) дараландыру барысында, яғни студенттің жеке олқылықтарын анықтау және оны жеке оқу траекториясы арқылы толықтыру мақсатында;
- аутентті материалдармен біріктіре отырып – яғни баспа, аудио немесе бейнематериалдарды қолдану арқылы. Мұндай біріктірілген тәсіл білім алушыларға шынайы тілдік ортаны сезінуге, тілдің функционалдық қолданылуын түсінуге және кәсіби бағыттағы шетелдік мәтіндерді еркін қабылдауға мүмкіндік береді.

Автор атап өткендей, жоғары оқу орындарындағы оқыту тәжірибесі бірінші курс студенттерінің оқу дағдысы (рецептивті тілдік әрекет түрі ретінде) жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетеді. Көптеген студенттер мәтіннен ақпаратты толық әрі дәл түсініп, қажетті мағынаны бөліп алуда қиналады. Бұл

олардың тек тілдік білімінің ғана емес, когнитивтік және аналитикалық оқу стратегияларының да жеткіліксіз дамығанын аңғартады.

Тесттер бейінді емес жоғары оқу орны үшін әзірленгенімен, құралды құрастыру логикасы (нақты критерийлер, білім алушының деңгейіне сүйену, түзетуші және оңтайландыратын дараландыру) қазіргі мектептің міндеттеріне толық сәйкес келеді. Жалпы білім беретін мектеп педагогтары үшін мұндай тәсілдер өздерінің бейімделген бақылау материалдарын әзірлеуде, Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жұмыста, сондай-ақ қорытынды бағалаудан формативті бағалауға көшу барысында көмек бола алады.

Оқудың бұл түріндегі басты қиындық – мәтінді жай оқу емес, ақпаратты өңдеу мен талдау, логикалық байланыстарды орнату және мағыналық қорытынды жасау қабілеті. Ал шет тілін кәсіби деңгейде меңгерудің табыстылығы тікелей осы дағдыларға байланысты.

Сонымен бірге, қазіргі заман маманының кәсіби және мәдениетаралық коммуникациясының басым бөлігі дәл осы – шетел тіліндегі мамандандырылған мәтіндерді түсініп оқу, талдау және интерпретациялау қабілетіне негізделген. Инженерден бастап экономистке, педагогтан бастап IT-маманына дейін – барлығы халықаралық тәжірибеде кәсіби құжаттармен, ғылыми мақалалармен және техникалық сипаттамалармен жұмыс істеу дағдысын қажет етеді.

Сондықтан критериалды бағытталған тестілер тек тілдік білімнің деңгейін өлшеу құралы емес, сонымен қатар:

- білім алушылардың лексикалық және семантикалық дағдыларын кеңейтетін,
- оқу стратегияларын қалыптастыратын,
- аутентикалық контентті түсініп қабылдауға бейімдейтін,
- және ақпаратты сын тұрғысынан талдау қабілетін дамытатын маңызды педагогикалық құрал болып саналады [12].

Осылайша, автор ағылшын тілін оқытуда критериалды тестілерді мақсатты түрде қолдану білім алушылардың сөздік қорын кеңейту, оқылым мәдениетін қалыптастыру және тілдік материалды кәсіби контексте пайдалану іскерлігін дамыту сияқты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп тұжырымдайды.

Білім алушылардың оқуын дараландыруға арналған критериалды-бағдарланған тесттерді әзірлеу және қолдану алгоритмі



эзірлеу (жобалау)	Тест тапсырмалары банкіне арналған тақырыптарды (модульдерді) таңдау	
	↓	
	Тест тапсырмаларының формалары мен түрлерін таңдау	
	↓	
	Тесттер банкін қалыптастыру	Мәселелерді / мәтіндерді / кейстерді іріктеу.
	↓	
	Тесттер банкін қалыптастыру	
	↓	
Тест тапсырмаларын верификациялау (тексеру)		
↓		
Тест тапсырмалары банкінен тесттерді қалыптастыру		
Бейімдеу	↓	
	Нақты білім алушының деңгейін анықтау және тапсырмалар кешенін таңдау	
	↓	
	Нәтижелерді бақылау	

Автордың байқаулары мен студенттер мен оқытушылармен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелері көрсеткендей, ағылшын тіліндегі мәтіндерді тиімді түсініп оқуға ең үлкен кедергі – студенттердің пассивті (яғни қолданылмайтын, бірақ таныс) сөздік қорының шектеулілігі. Көптеген студенттер бұрын үйренген сөздерді еске түсіруде қиналады және оқу кезінде бір мезгілде тілдік (грамматикалық, лексикалық) әрі мағыналық (семантикалық) тапсырмаларды шешуде қиындықтарға тап болады.

Бұл, автордың пайымдауынша, тілдік және контекстуалды болжау механизмдерінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын, яғни мәтін мазмұнын түсінуде логикалық және мағыналық болжам жасай білу қабілеттерінің әлсіз екенін дәлелдейді. Мұндай жағдай студенттердің оқу стратегиясын, когнитивтік белсенділігін және шет тіліндегі ақпаратты өңдеу икемділігін шектейді.

Автордың пікірінше, студенттердің аудиториядан тыс оқуын (self-reading) бақылаудың және олардың пассивті сөздік қорын кеңейтудің ең тиімді тәсілдерінің бірі – критериалды бағытталған тестілеу жүйесін енгізу болып табылады.

Арнайы іріктелген аутентикалық және кәсіби бағыттағы мәтіндерге сүйене отырып құрылған мұндай тестілер келесі артықшылықтарға ие:

- Толық қамтушы бақылау: тест студенттердің барлық өзіндік оқу әрекеттерін кешенді түрде бағалайды, яғни тек жекелеген элементтерді емес, жалпы оқу динамикасын қамтиды.
- Уақыт үнемділігі: дәстүрлі ауызша немесе жазбаша сұраулармен салыстырғанда, тестілеу аз уақыт алады және оқу уақытының тиімділігін арттырады.
- Тілдік және контекстуалды болжау қабілетін дамыту: студент мәтіннің мағынасын түсіну үшін өз білімін, логикалық қорытындылау мен мағыналық байланысты қолдануға үйренеді.
- Стратегиялық құзыреттілікті қалыптастыру: студент шектеулі лексикалық қор мен тәжірибе жағдайында мағынаны болжау, эквивалент табу және логикалық түсінік құру стратегияларын меңгереді.

- Жеке оқытуға бейімделу: топтық сабақтарда әр студенттің деңгейі мен оқу қарқынын ескеріп, түрлі күрделілік деңгейіндегі мәтіндер мен тестілер қолдануға мүмкіндік береді.

Мұндай тестілеуді тиімді енгізу үшін ең алдымен нақты және әлеуетті сөздік минимумды анықтау қажет. Бұл минимум оқу процесінде қолданылатын мәтіндердің ерекшеліктерін, кәсіби бағыттылығын және оқылымның коммуникативтік түр ретіндегі спецификасын ескеруі тиіс.

Кәсіби бағыттағы бейімделмеген (нақты) мәтіндермен жұмыс істеу барысында студенттің пассивті сөздік қорын кеңейту келесі жағдайларда неғұрлым табысты болады:

- оқытылатын салаға сәйкес актуалды сөздік минимумды іріктеу;
- тілдік болжауды дамыту үшін лингвистикалық база құру;
- осы негізде критериялды бағытталған тестілер банкіні әзірлеу.

Мұндай тестілер жүйесі студенттердің тек сөздік қорын ғана емес, мәтінмен жұмыс істеу стратегияларын, контекстуалды түсінігін және когнитивтік икемділігін де дамытады.

Автордың бақылауына сәйкес, критериялды бағытталған тестілерді оқу процесінде тек оқылымды бақылау үшін ғана емес, сондай-ақ аудирлеу (тыңдап түсіну) дағдыларын дамыту және оқытуды дараландыру мақсатында да тиімді қолдануға болады.

Автордың тұжырымдауынша, шет тілін жеке бағытта оқытудағы критериялды тестілеудің тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі дидактикалық шарттар мыналар болып табылады:

- Оқыту мақсаттарын еуропалық стандарттардағы коммуникативтік және мәдениаралық құзыреттілік деңгейлеріне сәйкестендіру;
- Аутентикалық мәтіндерді іріктеу – оқу процесінің дидактикалық мақсаттары мен кезеңдеріне сәйкес (мысалы, кәсіби тақырыптағы мақалалар, техникалық сипаттамалар, ғылыми үзінділер);
- Мәтін алдындағы, мәтінмен жұмыс барысындағы және мәтіннен кейінгі критериялды тестілер жүйесін әзірлеу, олар студенттің танымдық және құндылықтық стратегияларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс;
- Сөздік қорды меңгеруге арналған әмбебап критериялды тестілер жүйесін құру, олар нақты мәтіндерге тәуелді болмай, әртүрлі оқу контекстінде қолданылуы мүмкін.

Осылайша, Н.В. Малованың зерттеуі критериялды бағытталған тестілеуді тек бағалау құралы ретінде емес, оқытудың сапасын арттыруға, оқу процесін дараландыруға және студенттердің когнитивтік даму деңгейін көтеруге бағытталған дидактикалық технология ретінде қарастырады.

Мұндай тестілердің жүйелі қолданылуы студенттерге:

- шет тілінде оқу, тыңдау және түсіну дағдыларын жетілдіруге,
- лексикалық және семантикалық базасын кеңейтуге,
- ақпаратты талдау мен болжау стратегияларын дамытуға,
- кәсіби және мәдениетаралық коммуникацияда өз ойын еркін білдіруге мүмкіндік береді [12].

Сонымен қатар бұл бағыттағы идеялар халықаралық зерттеулермен де үндеседі. Мысалы, Вера Монтейро, Лурдес Мата және Натали Нобрега Сантуш (2021) өздерінің «Бағалау туралы түсініктер мен практикалар: бастауыш мектеп мұғалімдері мен оқушыларының көзқарасы» («Assessment Conceptions and Practices: Perspectives of Primary School Teachers and Students») атты еңбегінде Португалиядағы мұғалімдер мен оқушылардың бағалауға деген көзқарастарын зерттеген.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі бағалауды оқытуды жетілдіру құралы (Assessment for Learning – AfL) ретінде қарастырғанымен, олардың нақты тәжірибесінде бағалау көбінесе қорытынды сипатқа (Assessment of Learning – AoL) ие екені анықталған.

Мұндай қайшылықтар – бағалаудың мәні мен мақсатын дұрыс түсінбеуден туындайтын жаһандық педагогикалық мәселе, ол Қазақстандағы да, басқа елдердегі де оқу сапасына әсер ететін факторлардың бірі.

Осылайша, шет тілін оқытудағы критериялды бағытталған тестілеу жүйесі мен жалпы қалыптастырушы бағалау мәдениетін дамыту қазіргі заманғы білім берудің басты стратегиялық бағыты болып табылады. Бұл тәсіл, жеке әлеуетін ашуға, оқу мотивациясын күшейтуге және кәсіби дайындықтың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Авторлар өз зерттеуінде Португалиядағы білім беру саясатының бағалау тәжірибесіне әсерін де атап өтеді. Формальды түрде елдің нормативтік құжаттарында қалыптастырушы бағалауды дамыту қажеттілігі белгіленгенімен, шынайы тәжірибеде ұлттық емтихандар жүйесінің дәстүрі мен есеп берушілікке бағытталған мәдениет мұғалімдерге әлі де күшті қысым көрсетіп келеді. Бұл жағдай формирлеуші бағалаудың толыққанды іске асуына кедергі келтіреді және оқу үдерісінің сапасына тікелей ықпал етеді [13].

Зерттеу нәтижелері бойынша авторлардың тұжырымдары:

1. Мұғалімдер мен оқушылардың бағалау туралы түсініктері арасында айтарлықтай алшақтық бар.

2. Мұғалімдер бағалауды негізінен оқытуды жетілдіру және оқушының дамуын қолдау құралы деп түсінсе, оқушылар оны көбінесе бақылау мен сертификаттау тетігі ретінде қабылдайды.

3. Оқушылардың көзқарасына мұғалімдердің сөздері емес, олардың нақты бағалау тәжірибесі көбірек әсер етеді.

4. Яғни, егер сабақ барысында бағалау тек баға қоюмен және қатемен жұмыс істеумен шектелсе, оқушылар бағалаудың дамытушылық мәнін көрмейді.

5. Бағалау туралы тұжырымдамалар мен нақты педагогикалық тәжірибелер арасындағы сәйкессіздік оқытуды қолдау құралы ретіндегі бағалаудың тиімділігін төмендетеді.

6. Қалыптастырушы бағалауды дамыту үшін авторлар мынадай шараларды ұсынады:

- кері байланыстың сапасын арттыру және оны оқу процесі мен өзін-өзі реттеу деңгейінде пайдалану;

- өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау тәжірибесін кеңінен енгізу;

- қорытынды бақылауға шамадан тыс назар аударуды азайтып, бағалаудың оқытушылық және дамытушылық қызметіне басымдық беру.

Зерттеу нәтижесінде авторлар бастауыш мектеп тәжірибесінде бағалау туралы мұғалімдердің ұстанымдары мен оқушылардың қабылдауы арасындағы елеулі қайшылықты анықтады. Мұғалімдер қалыптастырушы бағалаудың маңызын жиі атап өтсе де, олардың іс жүзіндегі әрекеттері көбінесе қорытынды (суммативті) бағалауға негізделген.

Бұл жағдай оқушылардың санасында бағалауды «бақылау және жазалау тетігі» ретінде орнықтырады. Нәтижесінде бағалау оқушылардың даму, өзін-өзі реттеу және оқу уәжін арттыру құралы ретіндегі әлеуетін жоғалтады.

Инклюзивті білім беру жағдайында бұл тұжырымдар аса өзекті мәнге ие. Әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін қалыптастырушы бағалау ерекше маңызға ие, өйткені ол:

- оқушының жеке мүмкіндіктерін және даму қарқынын ескеруге мүмкіндік береді;
- прогресті жүйелі түрде қадағалауға жағдай жасайды;
- оқу процесіне қолдау мен ынталандыру элементін енгізеді;
- және ең бастысы — инклюзивті ортада әр баланың табысты бейімделуіне және өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Егер мұғалімнің көзқарасы мен нақты бағалау тәжірибесі арасында үйлесім болмаса, онда инклюзивті ортаның дамуы баяулайды, ал оқушының сенімі мен уәжі төмендейді. Сондықтан қалыптастырушы тәсілді күшейту, өзін-өзі және өзара бағалау мәдениетін кеңейту, сапалы кері байланыс орнату және қорытынды бақылау қысымын азайту – бұл тек оқытудың тиімділігін арттыру тетігі ғана емес, сонымен бірге инклюзивті білім берудің табысты жүзеге асуының басты шарты болып табылады.

Зерттеу авторларының пікірінше, бастауыш мектепте білім сапасын арттыру үшін бағалаудың мақсаттары, мазмұны мен нақты практикасы өзара үйлесімді болуы тиіс. Сонымен қатар бағалау тәжірибесіне әсер ететін әлеуметтік және саяси контексті, мұғалімдердің жұмыс жүктемесін және есеп беру қысымын да ескеру қажет [13].

Monteiro, V., Mata, L., & Santos, N. N. (2021). *Assessment Conceptions and Practices: Perspectives of Primary School Teachers and Students*. Frontiers in Education. Centro de Investigação em Educação, ISPA – Instituto Universitário, Lisbon, Portugal.

Вьетнамдағы жоғары білім беру жүйесіндегі компетенттілікке негізделген бағалау (CBA)

Дуонг Т.Т.Х. және Ле Нгок Х. өздерінің «Ағылшын тілі пәні бойынша оқу нәтижелерін компетенттілікке негізделген бағалау: теориялық негіздер, практикалық қолдану және Вьетнам жоғары біліміндегі шешімдер» атты мақаласында компетенттілікке бағытталған бағалау (Competency-Based Assessment – CBA) жүйесін талдайды.

Авторлар дәстүрлі білімге бағытталған бағалау моделінің (Knowledge-Based Assessment – KBA) шектеулерін атап көрсетеді. Бұл модельде басты назар

білімді есте сақтау және қайта жаңғыртуға қойылады. Нәтижесінде студент тестілерден жоғары ұпай жинағанымен, шет тілін кәсіби және академиялық ортада еркін қолдануда қиындықтарға тап болады.

СВА тәсілі – қазіргі заманның білім нәтижесін өмірлік және кәсіби контексте қолдануға бағытталған балама моделі. Оның теориялық негіздері мыналарға сүйенеді:

- Конструктивизм теориясы, ол оқытудың белсенді және тәжірибелік сипатын, оқушының таным процесіндегі рөлін күшейтеді;

- Д. Колбтың тәжірибе арқылы оқыту теориясы, онда білім тәжірибе, рефлексия және өзіндік түзету арқылы қалыптасады;

- Р. Глейзердің критериалды бағалау теориясы, онда бағалау басқа оқушылармен салыстыруға емес, нақты белгіленген критерийлерге жету деңгейіне негізделеді.

СВА тәсілінің негізгі формалары:

- Тапсырмаға негізделген бағалау (Task-Based Assessment) – студенттің коммуникативтік және кәсіби құзыреттілігін өмірлік жағдаятқа ұқсас ортада тексереді (мысалы, хат жазу, презентация жасау, пікірталасқа қатысу).

- Практикаға бағытталған бағалау (Performance-Based Assessment) – студенттің кәсіби қарым-қатынас пен тілдік өзара әрекет дағдыларын айқындайды.

- Портфолио арқылы бағалау – студенттің жеке оқу траекториясын және даму динамикасын көрсетеді.

- Цифрлық бағалау формалары – онлайн платформалар, оқу менеджменті жүйелері (LMS) және жасанды интеллект құралдарын (мысалы, ChatGPT, Grammarly) қолдану арқылы жеке кері байланыс ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу көрсеткендей, СВА моделі дәстүрлі білімге бағытталған тәсілмен салыстырғанда:

- оқыту процесінің нәтижесінен гөрі барысына көбірек мән береді;
- студентті оқу процесінің белсенді қатысушысы етеді;
- сын тұрғысынан ойлау мен дербес жұмыс істеу қабілеттерін дамытады;
- оқытуда икемділік пен дараландыруға мүмкіндік жасайды.

Вьетнамдағы СВА енгізудегі қиындықтар

Авторлар атап өткендей, Вьетнамның жоғары білім жүйесінде СВА енгізу бірқатар мәселелермен бетпе-бет келіп отыр:

1. Қорытынды емтихандар мен есте сақтауға негізделген тестілердің үстемдігі;

2. Компетенттілікке бағытталған бағалау стандарттарының және бірыңғай критерийлердің болмауы;

3. Оқытушылардың жеткіліксіз даярлығы және әдістемелік қолдаудың тапшылығы;

4. Техникалық және цифрлық ресурстардың шектеулігі;

5. Студенттердің белсенді бағалау түрлеріне бейімделмеуі.

Осылайша, зерттеу нәтижелері Вьетнам мысалында да, Португалия тәжірибесінде де қазіргі білім берудің басты міндеті – бағалау мәдениетін

өзгерту екенін дәлелдейді. Бағалау енді бақылау немесе есеп құралы емес, оқытуды жетілдіру, ынталандыру және тұлғаның әлеуетін дамыту құралы болуы тиіс.

Сонымен қатар қазіргі Вьетнамның білім беру саясаты, технологиялық даму және халықаралық интеграция процестері компетенттілікке негізделген бағалау жүйесін (CBA) енгізуге өте қолайлы жағдай туғызып отыр. Елде цифрландыру үдерісі жедел қарқынмен дамып, жоғары оқу орындарына арналған Learning Management System (LMS), онлайн-платформалар, сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі оқыту және бағалау құралдары (мысалы, ChatGPT, Grammarly және басқалары) кеңінен енгізілуде. Бұл білім беру сапасын арттырумен қатар, оқыту мен бағалаудың біртұтас экожүйесін құруға мүмкіндік береді.

R&D&B моделі: зерттеу – дамыту – нәтиже.

Авторлар ұсынған R&D&B (Research & Development & Benefit) моделі CBA жүйесін ұлттық контекстке бейімдеудің инновациялық жолы ретінде қарастырылады. Бұл модель үш өзара байланысты кезеңнен тұрады:

1. **Research (зерттеу)** – білім беру тәжірибесін талдау, студенттердің оқу қиындықтарын, бағалау механизмдерінің әлсіз және күшті жақтарын анықтау.

2. **Development (дамыту)** – ұлттық ерекшеліктер мен халықаралық стандарттарды ескере отырып, бағалау әдістерін, тест үлгілерін және құралдарын бейімдеу.

3. **Benefit (нәтиже және пайда)** – алынған модельдің оқу процесіне енгізілуі арқылы студенттердің тілдік және кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім сапасын жақсарту және академиялық жетістіктерді тұрақтандыру.

Модельдің маңызды компоненті – сандық кері байланыс жүйесін құру, яғни студенттің жетістіктері мен әлсіз жақтарын талдап, оған нақты ұсыныстар беру. Мұндай тәсіл оқытушыларға да, студенттерге де өз прогресін үздіксіз бақылап, оқу стратегиясын түзетуге мүмкіндік береді.

Білім сапасын арттырудың алғышарты ретінде CBA жүйесіне көшу.

Авторлар қорытынды бөлімде атап өткендей, Вьетнам жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқыту сапасын арттырудың басты шарты – білімге негізделген (КВА) модельден құзыреттілікке негізделген (CBA) модельге көшу. Бұл тек оқытудың мазмұнын жаңарту емес, сонымен бірге бағалау философиясын түбегейлі қайта қарау болып табылады.

Мұндай өзгеріс студенттердің тек тест нәтижелерімен шектелмей, академиялық, кәсіби және тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруына мүмкіндік береді. Яғни, студент білімді жай меңгеріп қана қоймай, оны реалды өмірлік, әлеуметтік және кәсіби жағдайларда қолдануға қабілетті тұлға ретінде дамиды.

Осылайша, CBA тәсілін енгізу Вьетнамдағы жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейге шығаруға бағытталған стратегиялық қадам. Бұл тәсіл білім сапасын арттырумен қатар, халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектер даярлауға мүмкіндік береді [14].

Т.Н. Князева *«Критериалды-бағдарланған психодиагностика: кедергілер мен мүмкіндіктер»* атты мақаласында еңбегінде білім беру жүйесіне кешенді

критериалды-бағдарланған психодиагностикалық технологияларды енгізудің маңыздылығын жан-жақты дәлелдейді.

Автордың пікірінше, мұндай технологиялар тек когнитивтік даму мен білім деңгейін өлшеумен шектелмей, оқушылардың психикалық және тұлғалық даму динамикасын, олардың интеллектуалдық әлеуеті мен оқуға бейімділігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Князева атап өткендей, критериалды-бағдарланған тестілер (КОрТ) дәстүрлі психологиялық өлшеу құралдарына қарағанда әлдеқайда кең диагностикалық әлеуетке ие. Бұл тестілердің көмегімен тек дағдылар мен білім деңгейін ғана емес, сонымен бірге интеллект, когнитивтік стиль, танымдық икем және оқуға қабілеттілік сияқты күрделі психикалық феномендерді де зерттеуге болады.

Осы тәсіл негізінде бастауыш буыннан негізгі мектепке өтетін балалардың психологиялық дайындығын диагностикалау әдістемесі әзірленген. Бұл әдіс мектеп психологтарына оқушылардың оқу процесіне дайындығы мен оның компоненттерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Аталған әдістеменің апробациясы оның тиімділігін дәлелдеді:

- оқушылардың интеллектуалдық және тұлғалық даму ерекшеліктері туралы жүйелі ақпарат алынды;

- әлеуметтік өзара әрекет дағдылары мен оқуға мотивациясының деңгейі анықталды;

- пәндер бойынша мазмұнды игеру ерекшеліктері мен қиындық аймақтары айқындалды.

Автор бүгінгі мектеп психологиясында жиі кездесетін проблемаларды да көрсетеді:

- кешенді психодиагностикалық құралдардың тапшылығы;

- уақыттың шектеулігі;

- қолданылатын әдістемелердің оқу мақсаттарына бейімделмеуі.

Мұндай жағдайда психолог көбінесе формалды тестілеумен шектеліп, алынған нәтижелердің себептерін терең талдамай жатады. Бұл диагностиканың тиімділігін төмендетіп, тұлғаның дамуын кешенді түсінуге кедергі келтіреді.

Критериалды бағыттағы жаңа технология осы кемшіліктерді еңсеруге мүмкіндік береді. Ол 10–11 жас аралығындағы оқушылардың ақыл-ой және тұлғалық даму деңгейін сапалық әрі сандық тұрғыда зерттеуге бағытталған.

Тест нәтижелері арқылы:

- жиі қайталанатын қателер мен қиындық аймақтары,

- жеткіліксіз меңгерілген білім салалары,

- ойлау операцияларының құрылымы,

- мотивациялық және тұлғалық ерекшеліктер анықталады.

Мұндай талдау жеке даму траекториясын құруға, сондай-ақ адрестік түзету және дамыту бағдарламаларын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Князеваның әдістемесі қазіргі психодиагностиканың маңызды мәселесін – жеке тұлғаны жүйелі және көпдеңгейлі бағалау қажеттілігін шешуге бағытталған. Автордың көзқарасы бойынша, критериалды психодиагностика

оқушылардың оқу процесіне психологиялық дайындығын терең бағалау, олардың даму әлеуетін ашу және педагогтер үшін жекелендірілген психологиялық қолдау жүйесін қалыптастырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады [15].

Хуссейн Аль-Хуссави өзінің «*Зерттеу парадигмаларының болашағы: білім беру саласындағы зерттеушілерге арналған нұсқаулық*» атты мақаласында қазіргі білім беру ғылымындағы парадигмаларды ғылыми танымның онтологиялық, эпистемологиялық және әдіснамалық негізін айқындайтын іргетас ретінде сипаттайды.

Ол үш негізгі парадигманы бөліп көрсетеді:

1. **Позитивистік** – объективті өлшеу мен стандартталған тесттерге сүйенеді;
2. **Интерпретативтік** – адам тәжірибесін түсіндіру мен мағынаны ұғынуға бағытталады;
3. **Сыни (критикалық)** – әлеуметтік әділеттілік, теңдік және білім арқылы трансформация қағидаларын ұстанады.

Автор атап өткендей, әр парадигма зерттеудің мақсаты мен контекстіне байланысты өз артықшылықтары мен шектеулеріне ие. Сондықтан заманауи зерттеулерде әдіснамалық плюрализм, яғни әртүрлі тәсілдерді үйлестіру қажеттілігі туындайды. Бұл кешенді көзқарас зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін арттырады.

Инклюзивті білім берудегі бағалау тұрғысынан бағалау жүйесін зерттеу мен қайта құруда парадигмалардың рөлі ерекше.

• **Позитивистік тәсіл** – стандартталған тестілер мен сандық көрсеткіштерге сүйеніп, білім алушылардың жетістіктерін салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл инклюзивті білім контекстінде педагогикалық интервенциялардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді, бірақ **жеке ерекшеліктер мен әртүрлі білім беру қажеттіліктерін** ескермеуі мүмкін.

• Келесі парадигмалар (интерпретативтік және критикалық) бұл шектеулерді жеңілдетіп, **сапалық деректерді**, оқушының тәжірибесін және **әлеуметтік әділеттілік қағида**тарын бағалауға қосады.

Осылайша, авторлар келтіреді: қазіргі педагогикалық зерттеу мен практикада бір ғана парадигмаға сүйену жеткіліксіз. Инклюзивті білім берудің күрделі табиғатын ескере отырып, сандық және сапалық тәсілдерді біріктіретін аралас (mixed) әдістердің маңыздылығы артып келеді.

Мұндай көпқырлы көзқарас бағалау жүйесін де жаңа деңгейге шығарады: ол тек білім нәтижелерін тіркеп қана қоймай, баланың әлеуетін, мотивациясын, әлеуметтік бейімделуін және дамуын қолдауға бағытталған кешенді механизмге айналады.

Интерпретативті парадигма (түсіндірмелі тәсіл) әрбір баланың жеке өмірлік тәжірибесіне, оның әлемді қабылдау ерекшелігіне және оқу процесіндегі субъективті сезінуіне сезімтал келеді. Бұл бағыт білім алушыны тек білімді қабылдаушы емес, өз дамуының белсенді қатысушысы ретінде қарастырады.

Мұндай тәсілде **сапалық зерттеу әдістері** кеңінен қолданылады:

• **бақылау (наблюдение)** – оқушының мінез-құлқы мен әрекеттерін табиғи жағдайда талдау арқылы оның оқу стилін түсінуге мүмкіндік береді;

• **сұхбат (интервью)** – баланың оқу процесіне қатысы, қиындықтары мен уәждері туралы терең ақпарат алуға жағдай жасайды;

• **портфолио талдауы** – оқушының уақыт өте келе дамуын, жетістіктері мен оқу стратегияларын жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Бұл әдістер инклюзивті сыныптағы балалардың оқу материалын қалай меңгеретінін, қандай факторлар олардың мотивациясына әсер ететінін және жеке прогресс қалай қалыптасатынын түсінуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, интерпретативті парадигма баланың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуін бағалауда ерекше маңызға ие. Ол тек академиялық нәтижелерді ғана емес, оқушының эмоционалдық тұрақтылығын, өзін-өзі реттеу қабілетін және ұжыммен қарым-қатынас дағдыларын да қамтиды [16].

Сыни парадигма білім беру саласындағы теңдік пен әділеттілік мәселелеріне баса назар аударады. Бұл бағытта бағалау тек нәтижені тіркеу құралы ғана емес, әлеуметтік теңсіздікті қайта өндіру немесе, керісінше, оны еңсеру тетігі ретінде қарастырылады.

Инклюзивті мектеп жағдайында бұл дегеніміз – бағалау жүйесін сыни тұрғыдан талдау:

• қазіргі бақылау және аттестация формалары барлық оқушыларға тең мүмкіндік бере ме?

• олар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды шын мәнінде қолдай ма, әлде шектей ме?

Сыни тұрғыдан қарау мұғалімдерге өз тәжірибесін рефлексиялауға, яғни бағалау тәсілдері балалардың өзін-өзі бағалауына, әлеуметтік қатысуына және уәжіне қалай әсер ететінін сараптауға мүмкіндік береді. Мысалы, стандартталған тестілер кейде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуетін толық көрсете алмайды. Осы себепті сыни парадигма бағалаудың әділеттілігі мен гуманистік сипатын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа формаларды іздеуге түрткі болады.

Осылайша, әртүрлі зерттеу парадигмаларының үйлесімі инклюзивті ортадағы оқу жетістіктерін бағалаудың кешенді моделін құруға мүмкіндік береді:

• **Позитивистік парадигма** – оқу жетістіктерін объективті, өлшенетін деректер арқылы көрсетеді;

• **Интерпретативті парадигма** – әр баланың жеке оқу жолын, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын түсіндіреді;

• **Сыни парадигма** – білім беру жүйесіндегі құрылымдық және мәдени теңсіздіктерді талдап, оларды еңсеру жолдарын ұсынады.

Бұл тәсілдердің бірігуі иілгіш, әділетті және көпөлшемді бағалау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол тек академиялық нәтижелерді ғана емес, сонымен қатар тұлғалық өсу, әлеуметтік өзара әрекет және ұжымдық қатысу деңгейін де бейнелейді [16].

Аксиологиялық парадигма: білім берудің құндылықтық негіздері (Ю. Дауенов, Э. Жұматаева, А. Орынбекова)

Ю. Дауенов, Э. Жұматаева және А. Орынбекова «Білім беру ортасындағы аксиологиялық парадигманың әдіснамалық негіздері» атты еңбектерінде қазіргі білім беру жүйесі жаңа әдіснамалық бағдарларды іздеуді талап ететінін атап өтеді. Авторлар аксиологиялық (құндылықтық) парадигманы педагогикалық процестің адамгершілік және мәдени мәнін ашатын тұжырымдамалық негіз ретінде қарастырады. Зерттеу барысында авторлар Қазақстан жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдермен эксперименттік жұмыс жүргізіп, екі топтың нәтижелерін салыстырған.

- Бақылау тобының студенттері негізінен лекция мазмұнын механикалық түрде қайталау деңгейінде қалды;

- Эксперименттік топтың студенттері, керісінше, эвристикалық (шығармашылық) және инновациялық ойлау қабілеттерін көрсетті.

Кейбір қатысушылар өз бетінше тұжырым жасау мен жаңа идея ұсынуда ерекше жоғары деңгейдегі дербестік пен танымдық белсенділік танытты, бұл аксиологиялық көзқарастың тиімділігін дәлелдейді.

Аксиологиялық құзыреттіліктер және олардың педагогикалық мәні

Зерттеудің басты идеясы – мұғалімнің кәсіби дайындығында құндылықтық (аксиологиялық) құзыреттіліктерді қалыптастырудың маңыздылығы. Бұл құзыреттіліктер білімді тек ақпарат ретінде қабылдаумен шектелмей, оны рухани, мәдени және әлеуметтік құндылықтармен байланыстыра білу қабілетін қамтиды. Авторлар қазіргі қоғамда дәстүрлі педагогикалық құндылықтар мен жаңа әлеуметтік талаптар арасында қайшылық бар екенін атап өтеді. Осы қайшылықты еңсеру үшін педагогикалық ғылымның әдіснамалық негізін жаңарту, яғни рухани-адамгершілік даму мен мәдени интеграцияға бағытталған жаңа парадигма қажет.

Бұл тұрғыда Л.С. Выготскийдің идеялары — *жақын даму аймағы (ЗБР)* және *рухани-әлеуметтік құндылықтардың оқытудағы рөлі* — аксиологиялық парадигманың теориялық тірегі ретінде қарастырылады.

Аксиологиялық парадигма білім беру процесін тек білімді меңгерту емес, тұлғаның тұтас дамуын қамтамасыз ететін жүйе ретінде түсіндіреді. Мұнда басты назар – студенттің құндылықтық санасын, жауапкершілігін және өзіндік мағынасын табуға бағытталады.

Инклюзивті білім беру контексінде бұл тәсіл ерекше өзектілікке ие, себебі:

- әрбір баланың жеке тәжірибесі мен мәдени ерекшелігі құрметтеледі;
- бағалау жүйесі тек академиялық жетістіктерге емес, әлеуметтік, эмоционалдық және құндылықтық даму деңгейіне де назар аударады;

- педагогика гуманистік, әділетті және қолдаушы сипатқа ие болады.

Осылайша, аксиологиялық парадигманы бағалау жүйесіне енгізу инклюзивті мектептің құндылықтық мәдениетін нығайтады. Ол бағалауды жеке тұлғаның өсуі мен өзін-өзі тануының құралына айналдырады, нәтижесінде оқу үдерісі тек білім алуға емес, адамгершілік, шығармашылық және әлеуметтік жетілуге бағытталады [17].

2 Инклюзивті орта жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәжірибесі

Дәстүрлі түсінікте білім беру саласындағы инклюзия көбіне ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жалпы білім беретін мектептерде құрдастарымен бірге оқу мүмкіндігін қамтамасыз етумен байланысты болды. Бұл, әрине, инклюзияның маңызды қыры. Алайда қазіргі заманғы көзқарастар бұдан әлдеқайда кең көлемді. Қазіргі инклюзивті білім беру тек баланың ерекше қажеттілігін (көру, есту, қимыл-қозғалыс шектеулері, оқу қиындықтары және т.б.) ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың түрлі әлеуметтік және мәдени айырмашылықтарын да ескереді – этникалық тиесілігін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, тілдік ортасын, діни сенімін, жыныстық-гендерлік өзіндік анықталуын, белгілі бір қауымдастыққа жатуын және т.б.

Яғни инклюзия бүгінде – бұл «мектепке қабылдау» емес, бұл жүйелі үдеріс. Ол әрбір баланың оқу процесіне толыққанды қатысуын күшейтуге, әр мектептің барша балалар үшін қауіпсіз, құндылыққа толы, қолдаушы білім беру ортасын құра алу әлеуетін арттыруға, ал жүйелік деңгейде — білім беру жүйесінен шеттетілу тәуекелін азайтуға бағытталады. Бұл тұрғыдан алғанда инклюзия тек арнайы қолдауға мұқтаж балалар туралы емес, бүкіл мектеп мәдениеті туралы сөз қозғайды [18].

Инклюзия мен бағалау жүйесі – түбегейлі өзара байланысты ұғымдар. Инклюзивті білім беру жүйесі – бұл барлық балалар мен жасөспірімдерге қолжетімді, танымдық тұрғыдан мәнді, қызықты әрі жеткілікті күрделі оқу тәжірибесін ұсынатын, күн сайын олардың өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін және оларға әрі қарайғы білім сатысына көшуге, өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жүйе.

Осыған сәйкес ЮНЕСКО инклюзияны «барлық балалар мен жастардың білім алуындағы әртүрлілігін, қажеттіліктері мен қабілеттерін, жеке ерекшеліктерін және білімге қатысты күтілімдерін құрметтей отырып, барлығына сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз процесс» деп сипаттайды. Бұл көзқарас екі маңызды алғышартқа негізделеді:

- әрбір бала сапалы білімге құқылы;
- бұл құқықты қамтамасыз ету – жекелеген мұғалімнің ғана емес, бүкіл мектеп қауымдастығының, жергілікті білім беру органдарының және ұлттық білім беру саясатының ортақ жауапкершілігі [19].

Инклюзивті білім беру ортасы – бұл жай ғана әртүрлі балалар бір кеңістікте отырған сынып емес. Бұл – балаға оқуында, тәрбиесінде және тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуінде қолдау көрсетілетін орта. Мұнда бағалау (оқу жетістіктерін бағалау, оқыту барысын бақылау) тек білімді тексеру құралы ретінде ғана емес, сондай-ақ қолдау көрсету, ынталандыру, жеке жетістікті көру және балаға өзін табысты сезінуге мүмкіндік беру құралы ретінде қарастырылады.

Инклюзивті ортада оқу жетістіктерін бағалау өте ерекше рөл атқарады. Себебі мұндай ортада біз тек оқу бағдарламасының орындалуын ғана емес, әрбір оқушының жеке мүмкіндігін, оқу қарқынын, қолжетімді оқу әдістерін,

функционалдық шектеулерін, мінез-құлықтық және сенсорлық ерекшеліктерін, тілдік және мәдени фонын ескеруіміз керек. Дәстүрлі бағалау тәсілдері (жазбаша бақылау жұмыстары, стандартталған тесттер, бірыңғай емтихандар) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың нақты әлеуетін әрдайым көрсете бермейді. Сондықтан халықаралық тәжірибе бағалауды бейімдеуді, икемді, балама және қолжетімді нұсқаларды енгізуді талап етеді. Бұл – бағалауда әділдікке қол жеткізудің негізгі тетігі.

Осы бөлімнің мақсаты – инклюзивті ортада оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық тәжірибесін қарастыру, жалпыға ортақ тәсілдер мен тиімді практикаларды бөлу және Қазақстанның білім беру жүйесінде бейімдеп қолдануға болатын элементтерін анықтау.

Инклюзивті ортада бағалау бойынша жалпы халықаралық тәсілдер.

Бірқатар халықаралық құжаттар, соның ішінде БҰҰ-ның Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенциясы (2006 ж.) [20] және ЮНЕСКО-ның «Баршаға арналған білім» іс-қимыл шеңбері (2015 ж.), білімге қолжетімділік пен тең жағдай жасауды мемлекеттердің тікелей міндеті ретінде айқындайды [21]. Бұл міндетті жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі – әділ және бейімделген бағалау жүйесі.

Инклюзивті білім беру контексінде бағалаудың әмбебап қағидаттарын төмендегідей сипаттауға болады:

1. Тең мүмкіндіктер және әділеттілік қағидаты

Бағалау оқушының шынайы мүмкіндіктерін ескеруі және оқудағы кедергілерді азайтуы тиіс. Мұнда «бәріне бірдей жағдай» емес, «әр балаға табысқа жетуге тең мүмкіндік» маңызды. Яғни әділеттілік – талаптарды төмендету емес, керісінше, оқушының өз білімін көрсетуіне жағдай жасау.

2. Жекелендіру және икемділік

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар жетістігін әртүрлі жолмен көрсетеді. Сол себепті бағалау жүйесінде тек дәстүрлі жазбаша немесе ауызша бақылау емес, жобалар, портфолио, практикалық жұмыстар, шығармашылық өнімдер, фото/видео-дәлелдер, ассистивті технология қолдану нәтижелері де есепке алынады.

3. Қалыптастырушы бағалауды (formative assessment) жетекші құрал ретінде қолдану

Көптеген елдерде «оқыту үшін бағалау» тәсілі басты орынға шығады. Бұл тәсіл оқушының қозғалысын, прогрессін, күш салуын, динамикасын көруге бағытталған. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың траекториясы кейде дәлірек айтсақ «ұзақ әрі қадамды» болуы мүмкін, сондықтан тек соңғы нәтиженің орнына даму барысын бағалау ерекше маңызды.

4. «Орынды бейімдеулер» (reasonable accommodations)

Халықаралық практикада ерекше білім беруді қажет ететін оқушы бағалау кезінде белгілі бір қолдау шараларына құқылы:

- уақытты ұзарту;
- тапсырманың форматын өзгерту (ауызша/жазбаша/практикалық нұсқа);

- техникалық құралдарды пайдалану (дыбыстық жазба құрылғысы, экраннан оқу бағдарламалары, ымдау тілі тәржімашысы және т.б.);

- педагог-ассистенттің көмегі.

Маңыздысы: бұл жеңілдік емес, бұл білімді көрсетуге мүмкіндік тудыратын теңестірілген шарт.

5. Технологияларды пайдалану

Көмекші және цифрлық технологиялар бағалауды қолжетімді етеді: дыбыспен басқарылатын енгізу, экранды оқу бағдарламалары, интерактивті тапсырмалар, визуалды қолдау. Канада, Финляндия секілді елдерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) инклюзивті бағалаудың стандартты бөлігіне айналып үлгерген.

6. Педагогтың кәсіби дайындығы және көпсалалы (мультидисциплинарлық) қолдау

Инклюзивті бағалау – тек мұғалімнің интуициясына сүйенетін нәрсе емес. Ол арнайы дайындықты талап етеді: дифференциация тәсілдері, тапсырмаларды бейімдеу, балама бағалау формаларын әзірлеу, мамандармен (логопед, психолог, дефектолог, ассистент-педагог) бірлескен жұмыс. Көптеген елдерде бұл инклюзивті құзыреттер педагог мамандығының міндетті компоненті ретінде беріледі.

7. Ашықтық және ата-ананы тарту

Бағалау жүйесі отбасымен диалогта құрылады. Ата-аналар (заңды өкілдер) бағалау формалары, күтілетін нәтижелер және бейімдеу құралдары туралы ақпарат алуға және талқылауға қатысуға құқылы. Мысалы, АҚШ пен Канадада бұл жеке білім беру бағдарламасы (Individualized Education Program, IEP) арқылы рәсімделеді, онда бағалау да жеке жоспарланады.

Финляндия тәжірибесі.

Финляндия инклюзивті білім берудің жетекші үлгілерінің бірі ретінде жиі аталады. Елдің жалпы ұстанымы – «әр бала өз тұрғылықты жеріндегі мектепте оқиды» қағидасы. Бұл оқушыны мектепке бейімдеу емес, мектепті оқушыға бейімдеу дегенді білдіреді. Финляндия білім беру жүйесінің нормативтік негізі (мысалы, Basic Education Act 1998 ж. және кейінгі түзетулер) әрбір мектептің қолдау көрсетуге міндетті екенін бекітеді; мұғалімдер жоғары автономияға ие, бірақ сонымен бірге жауапкершілігі де жоғары.

Бағалау және бейімдеу тәсілдері:

- Негізгі тәсіл – жеке оқу жоспары (IEP типтес құжаттар) және осы жоспар аясында оқу мақсаттарын икемдеу. Яғни бағалау «бәріне бір стандарт» принципімен емес, «бала қай жерде тұр және қай бағытта ілгерілеп жатыр» логикасымен жүргізіледі.

- Қалыптастырушы бағалау кеңінен қолданылады: мұғалім баланың күнделікті оқу әрекетін бақылайды, нәтижелерін портфолиоға жинақтайды, жүйелі кері байланыс береді. Бұл бағалау тек баланың сандармен көрсетілген деңгейі емес, оның «оқу тарихы» ретінде қарастырылады.

- Қорытынды кезеңдерде (тоқсандық, жылдық немесе ұлттық деңгейдегі бағалау/сараптама жұмыстары) оқушыға қолжетімділік тетіктері беріледі:

тапсырмаларды орындау үшін қосымша уақыт, арнайы үлгідегі материалдар, техникалық құралдар және көмекші мамандардың сүйемелдеуі.

• Барлық қолдау түрлері құжатталады және қаржыландырылады. Мұнда қолдау – ата-ананың жеке жауапкершілігі емес, мектеп пен муниципалитеттің міндеті ретінде түсіндіріледі.

Финляндия жүйесінде «элиталық мектеп» пен «қалыпты мектеп» деген бөлініс жоқ; оның орнына «бәріне арналған мектеп» ұстанымы басым. Міндеттілік, тегіндік, теңдік және инклюзия – бұл тек декларациялар емес, бүкіл білім беру жүйесінің құндылықтары. Бұл құндылықтар бағалау жүйесіне де тікелей енеді: фин мектебінде бағалау – балаларды бір-бірімен салыстыру амалы емес, әр баланың жеке прогресін көру құралы.

Мемлекет барлық оқушыларға оқу үшін базалық жағдайларды қамтамасыз етеді: мектепке дейін және кейін тегін жол жүру (тасымалдау қызметі), тегін ыстық тамақ, кеңсе тауарлары, оқулықтар. Қозғалыс мүмкіндігі шектеулі балаларға – арнайы жабдықтар және жеке көмекші; есту қабілеті төмен немесе естімейтін балаларға – ым тілі аудармашысының жүйелі қолдауы. Бұл әлеуметтік шаралар бағалауды әділ қылады: біз бағалайтынымыз – баланың нақты оқу ілгерілеуі, ал оның сыртқы тұрмыстық мүмкіндігі емес.

Финляндияда ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс тек пән мұғаліміне жүктелмейді. Әр мектепте, әдетте, арнайы педагог (ерекше қажеттіліктерді қолдау бойынша маман), әлеуметтік қызметкер, мектеп мейіргері немесе медициналық қызметкер, психологиялық қызмет өкілі, тьюторлар мен ассистенттер бар. Бұл көпсалалы команда тек оқытуды ғана емес, бағалауды да сүйемелдейді. Мысалы, арнайы педагог мұғалімге баланың тілдік, сенсорлық немесе мінездік ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі және бағалау критерийлерін сол ерекшеліктерге сай нақтылауға қатысады. Командалық тәсіл ұстазға жалғыз қалмауға мүмкіндік береді және бағалауды анағұрлым әділ етеді.

Фин мектебінің тағы бір ерекшелігі – сабақтың интерактивті ұйымдастырылуы. Сабақ (шамамен 60 минут) бойы балалар сынып ішінде қозғала алады, жұппен немесе шағын топпен жұмыс істей алады, тапсырманы орындаудың бірнеше тәсілін таңдай алады. Ойын элементтері, тәжірибелік іс-әрекет, дербес зерттеу – барлығы да «бағалау тек соңғы нәтиже емес, оқу барысының өзі де құнды» деген идеяны бекітеді. Мұғалім тек «қандай баға алу керек?» деген сұраққа емес, «бала қандай күш салды, қандай стратегия қолданды, кіммен ынтымақтаса алды?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл – динамикалық бағалау (динамическое оценивание): оқушының прогресі процесс ретінде қаралады.

Финляндияда қосымша білім беру және жеке бағытталған қолдау жүйелі түрде дамыған. Мемлекеттік-консультативтік орталықтар ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы курстар, шығармашылық шеберханалар, бейімделген спорт немесе өнер бағытындағы бағдарламалар ұсынады. Бұл жағдайда бағалау тек пәндік білімге емес, шығармашылық белсенділікке, дербес бастамаға, өмірлік дағдыларға, әлеуметтік өзара әрекет сапасына да

бағытталады. Яғни баланың «академиялық табысы» оның дара әлеуетімен бірге қаралады.

Маңызды элементтердің бірі – оқу тапсырмаларын баланың мүмкіндіктеріне бейімдеу. Жұмыс көлемі, тапсырманың форматы, жауаптың әдісі (ауызша жауап па, визуалды жоба ма, демонстрация ма) – бәрі баланың функционалдық мүмкіндігіне қарай таңдалады. Осылайша, бағалау критерийлері «барлыққа ортақ орташа оқушыға» емес, нақты балаға сай нақтыланады.

Фин тәжірибесінің өзегінде үш деңгейлі қолдау жүйесі жатыр. Бұл модельде:

- жалпы қолдау (барлық оқушыларға арналған алдын алу және қолдау шаралары),
- күшейтілген қолдау (жекелендірілген педагогикалық жоспарлау, жиірек кері байланыс, қосымша уақыт, ассистент көмегі),
- арнайы/жеке қолдау (жеке оқу жоспары, тұрақты маман сүйемелдеуі).

Бұл үш деңгей бағалаумен тікелей байланысты. Оқушының оқу қарқыны, тапсырмалардың күрделілігі және күтілетін нәтижелер осы деңгейлерге сай анықталады. Прогресс тоқсан соңында ғана емес, тұрақты түрде тіркеліп отырады. Мұндай жүйе бағалауды оқушыны «іріктеу» құралы емес, «қолдау және дамыту» құралы ретінде көреді.

Үш деңгейлі қолдау және бағалау жүйесі (Финляндия тәжірибесі)

I деңгей – Жалпы қолдау.

Бұл бастапқы деңгейде қолдауды тікелей сынып мұғалімі жүзеге асырады. Мұғалім әр баланың жеке жетістігін бағалай отырып, оның стандартқа сәйкестігін ғана емес, жеке прогресін, оқу қарқынын және алға ілгерілеу динамикасын тіркейді. Бағалау процесі негізінен қалыптастырушы сипатқа ие, яғни мұғалім күн сайынғы сабақ барысында оқушының табысын белгілеп, оған жедел кері байланыс береді. Бұл тәсіл баланың өзін-өзі бағалау және өзіндік реттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

II деңгей – Күшейтілген қолдау.

Бұл кезеңде бағалау процесі командалық сипатқа ие болады. Баланың оқуындағы жетістіктер мен қиындықтар көпсалалы мамандар тобының (мұғалім, психолог, логопед, әлеуметтік қызметкер, тьютор) бірлескен талқылауы арқылы қаралады. Нәтижесінде бағалау жекелеген пән шеңберінен шығып, баланың даму контекстін кеңірек қамтиды. Мұндай командалық талдау баланың оқуындағы қиындықтардың түпкі себептерін анықтап, алдын алу шараларын жоспарлауға мүмкіндік береді. Осылайша, бағалау формальды бақылау емес, даму мен алдын алу құралына айналады.

III деңгей – Арнайы қолдау.

Бұл деңгейде әр балаға жеке оқу жоспары (Individual Learning Plan) жасалады, онда жеке бағалау формалары мен критерийлері де көрсетіледі. Бағалау процесіне тек мұғалім ғана емес, ата-аналар, мамандар және оқушының өзі де белсенді қатысады. Бұл тәсіл баланың дамуы туралы пікірді неғұрлым толық әрі объективті етеді, өйткені ол әртүрлі көзқарастарды біріктіреді. Мұндай көпқырлы тәсіл тек академиялық жетістіктерді ғана емес, әлеуметтік дағдыларды, өзін-өзі реттеу қабілетін және тұлғалық өсуін де қамтиды.

4. **эмоциялық-ерік саласы** (мазасыздық деңгейі, оқу мотивациясы, ерік процестерінің ырықтылығы, тежелу процестерінің теңгерімділігі);
5. **мектепке бейімделу** (оқу іс-әрекетіне қабілеті, нұсқауларды орындауы, имитация, мұғалімдермен және сыныптастармен өзара әрекеттесу);
6. **сенсорлық және моторлық сала** (көру және есту қабылдауы, моторика, сенсорлық стимулдарға сезімталдық, өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары);
7. **отбасындағы әлеуметтік мәселелерді анықтау** [68].

– Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қызметі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы білім беру ұйымдарында (мектептерде, балабақшаларда, колледждерде және басқа ұйымдарда) психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін (ППҚК) ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау келесі санаттағы білім алушыларға көрсетіледі, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға (балаларға):

1. мінез-құлықтық және эмоциялық қиындықтары бар, қолайсыз психологиялық факторлардың әсеріне ұшырағандарға;
2. әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік және мәдени кедергілері барларға;
3. мүмкіндігі шектеулі балаларға.

Психологиялық-педагогикалық қолдау **ЕБҚ бағалау қағидалары мен бағдарламаларының (№4 бұйрық)** негізінде келесі деңгейлерде жүзеге асырылады:

1. **сынып деңгейінде** – педагогтермен оқытуда жеке және дифференциалды тәсілдерді қолдану арқылы;
2. **білім беру ұйымының ППҚК мамандары деңгейінде** – жеке дамыту бағдарламалары мен түзету-дамыту бағдарламаларын қолдану арқылы;
3. **білім беру ұйымы деңгейінде** – тар бейінді мамандарды (сурдопедагог, тифлопедагог және т.б.) тарту арқылы, сондай-ақ мүдделі органдар және ұйымдармен өзара іс-қимылда [69].

Инклюзивті білім берудің тиімділігінің басты өлшемі – барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың, табысты әлеуметтенуі, оларды мәдениетке тарту, қоғам өміріне қатысу және өзара әрекеттесу тәжірибесін қалыптастыру. Бұл тек білім беру қызметтерін формалды ұсынуды ғана емес, әр баланың физикалық, когнитивтік, әлеуметтік немесе эмоциялық ерекшеліктеріне қарамастан, оның жеке мүмкіндіктерінің кең ауқымын ескеретін икемді әрі бейімделген білім беру ортасын құруды талап етеді.

Бұл міндетті шешу құқықтық қамтамасыз етуді, кадрлық әлеуетті дамытуды, инклюзияны енгізуді, ата-аналардың, мамандардың және қоғамның бірлескен қатысуын қажет етеді. Мұндай тәсіл барлық балалар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде қолайлы білім беру ортасын қалыптастырудың заманауи практикалық шешімдерінің бірі – оқытудың әмбебап дизайны (UDL) қағидаттарын қолдану.

Оқытудың әмбебап дизайны (UDL) – әрбір білім алушының, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың, өз нақты жетістіктерін көрсетуіне, ал педагогтің оқу динамикасы туралы объективті және педагогикалық тұрғыдан дұрыс ақпарат алуына мүмкіндік беретін бағалау технологиясы.

Дәстүрлі модельде бағалау көбіне бірізді үлгілерге сүйеніп, тек нәтижені тексерумен шектелсе, UDL балалардың жеке ерекшеліктерін, ақпаратты қабылдау мен оқу әрекеттерін орындаудың әртүрлі тәсілдерін ескеруге бағытталған.

UDL бағалаудағы негізгі қағидаттары:

1) Оқу материалын ұсынудың көптүрлі тәсілдері. Тапсырмалар мен нұсқаулар мәтіндік, графикалық, ауызша немесе визуалды форматта берілуі мүмкін. Сызбаларды, иллюстрацияларды, пиктограммаларды, аудио немесе бейнематериалдарды қолдану оқуында қиындықтары бар, сөйлеу бұзылыстары немесе АСБ бар балалар үшін талаптарды түсінікті етеді.

2) Білімді көрсету мен тапсырмаларды орындаудың көптүрлі тәсілдері.

Оқушы жауап беру формасын таңдай алады:

- ауызша,
- жазбаша,
- сурет, кесте, жоба, презентация арқылы,
- практикалық әрекет арқылы.

Кейбір оқушылар үшін баламалы, бірақ валидті форматтар қолайлы: карточкалармен жұмыс, ассистивті технологияларды қолдану, толық жазбаша жауаптың орнына қысқа ауызша түсініктеме беру және т.б.

3) Қатыстыру мен мотивацияның көптүрлі тәсілдері. Бағалау барысында мини-тапсырмалар, мысалдарды талдау, кезең-кезеңімен

орындау, чек-поинттер (түсінуді жедел тексеру), икемді уақыт қолдануға болады.

Бұл тәсіл оқушының мазасыздануын төмендетіп, оның нақты мүмкіндіктерін көрсету ықтималдығын арттырады.

Универсалды дизайнды бағалауда қолдану формалды салыстырудан бас тартып, жеке оқу прогресінің динамикасына назар аударуға мүмкіндік береді.

Мысалы:

- жазуда қиындықтары бар оқушы тақырыпты ауызша жақсы аша алады;
- РАС бар білім алушы құрылымдалған үлгіге сүйене отырып тапсырманы орындай алады;
- есту қабілеті бұзылған бала материалды түсінуді схема немесе презентация арқылы көрсете алады.

Осылайша, бағалау кедергі емес, қолдау құралына айналады.

Осы негізде педагогтерге білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үдерісінде келесі практикалық ұсынымдар ұсынылады:

- ✓ нұсқауларды қысқа әрі түсінікті етіп тұжырымдаңыз, қажет болған жағдайда оларды жазбаша немесе визуалды түрде қайталаңыз;
- ✓ жақсы орындалған жұмыстардың үлгілерін және табыс критерийлерін ашық түрде ұсыныңыз;
- ✓ «шағын қадамдар» жүйесін қолданыңыз: қысқа тапсырмалар, аралық сұрақтар, мини-тесттер;
- ✓ тек соңғы нәтижені ғана емес, үдерісті де белгілеңіз: талпынысты, дербестікті, қолданылған стратегияны, алдыңғы әрекеттермен салыстырғандағы жақсаруды;
- ✓ қажет болған жағдайда қосымша уақыт беріңіз немесе тапсырма көлемін негізгі мазмұнын сақтай отырып бейімдеңіз;
- ✓ жеке карточкаларды, графикалық органайзерлерді, кестелерді, цифрлық құралдарды пайдаланыңыз.

Маңыздысы – универсалды оқу дизайны технологиясын қолдану талаптарды төмендетуді білдірмейді. Керісінше, ол талаптарды барлық білім алушылар үшін, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін қолжетімді, түсінікті және орындалатын етеді, осылайша бағалаудың әділдігі мен гуманистік бағытын қамтамасыз етеді.

Осылайша, универсалды оқу дизайны педагогикалық бағалаудың заманауи мәдениетін қалыптастырады, онда әрбір бала өз жетістігін өзіне барынша қолайлы формада көрсете алады. Мұндай тәсіл инклюзивті білім беру қағидаттарына толық сәйкес келеді және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру ортасына тиімді кірігуіне, оқу сапасының артуына ықпал етеді.

Бұдан әрі ұсынылатын материалда еліміздің мұғалімдері критериалды және қалыптастырушы бағалауды қолданудағы тиімді тәсілдерімен бөліседі, тапсырмаларды, критерийлер мен дескрипторларды бейімдеу жолдарын, сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін табыс жағдайын жасау әдістерін көрсетеді.

Ұсынылған тәжірибе бағалаудағы икемділік, гуманизм және жекешелендіру балалардың өз күшіне деген сенімін арттырудың, мотивациясы мен оқу үдерісіне тартылуын күшейтудің негізгі шарттары екенін дәлелдейді.

Бұл материал инклюзивті мектепте позитивті және қолдаушы бағалау мәдениетін дамытуға ұмтылатын педагогтерге, әдіскерлерге және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарына пайдалы болмақ.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің № 17 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі Г.К. Махамбетованың тәжірибесі

ПМПК ұсыныстары

Жалпы білім беретін мектеп сыныбы жағдайында бастауыш және негізгі білім беру деңгейлеріне арналған оқу бағдарламасын бейімдеу. Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Жеке оқу материалдарын пайдалану.

ППҚ (психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі) ұсыныстары

Карточкаларды, сызбаларды, кестелерді пайдалану. Тапсырмаларды орындауға көбірек уақыт беру; негізгі мазмұнды сақтай отырып, күрделілік деңгейін төмендету және көлемін азайту. Әрекет түрлерін жиі алмастыру (ауызша тапсырмалар, дәптермен жұмыс, практикалық әрекеттер).

ЕББҚ ететін оқушыға мінездеме:

Психикалық дамуы тежелген төртінші сынып оқушысы. Ол баяу оқу қисығын көрсетеді және тапсырмаларды түсініп орындау үшін көбірек уақыт керек. Қайталап түсіндіруді, көрнекі құралдарды қажет етеді. Оның жадысы механикалық, материалды қайта қайталау және көрнекі құралдарды қолдану кезінде есте жақсы сақтайды. Сөйлеу қызметі бұзылған: сөздік қоры шектеулі, оқушы егжей-тегжейлі мәлімдемелер құрастыруда қиналады. Көбінесе мұғалімнің қолдауын қажет етеді. Сабақта ол тапсырмаларды көрнекі құралдарға, орындау үлгісіне, нақты және қысқа нұсқауларға, күрделі тапсырманы шағын қадамдарға бөлуге және баяу қарқынмен жұмыс істей білуге негізделген болса жақсы орындайды.

4 сынып, мұғалім Махамбетова Г.К.

Пән: қазақ тілі

Бөлімі: Менің Отаным Қазақстан.

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:

Тыңдалым. 4.1.3.1 – тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, сөйлемді толықтыру.

Жазылым. 4.4.5.1 – мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс жазу.

	Отбасындағы мүшелерді дұрыс атайды	1		Отбасындағы мүшелерді дұрыс белгілеп оқиды	2
	Сөйлемді толықтырады	2		Сөйлемді сәйкестендіріп толықтырады	1
Барлығы		4	Барлығы		4
<p>3. Сөйлемдерді толықтыр: 1) Атамның досының иті _____ жатыр. 2) «Қазір бәріміз _____ барамыз». 4. 5.</p>			<p>Тапсырма 2. Жазылым Сөздерді дұрыс атауымен сәйкестендіріп жаз.</p>		
<p>Тапсырма 2. Жазылым Сөздерді дұрыс ата және жаз..</p>			   		
   			<p>Сөздер: Әке, ана, әже, ата, қарындас</p>		
Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл	Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс жазады	Сөздерді дұрыс айтады	1	Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс жазады	Сөздерді дұрыс сәйкестендіріп оқиды	1
				Сөздерді суреттермен дұрыс сәйкестендіріп жазады	5
	Сөздерді дұрыс жазады	5	Барлығы		6

Барлығы		6	

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің № 17 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі К. Н.

Туребаеваның тәжірибесі

<p>Мұғалім: Туребаева Каламкас Нагашбаевна</p> <p><i>ПМПК ұсынымдары:</i> Жалпы білім беретін мектеп сыныбы жағдайында бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлеріне арналған оқу бағдарламасын бейімдеу. Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Жеке оқу материалдарын пайдалану.</p> <p><i>ППҚҚ қызметінің ұсынымдары:</i> Тапсырмаларды орындауға көбірек уақыт беру; негізгі мазмұнын сақтай отырып, тапсырмалардың күрделілік деңгейін төмендету және көлемін азайту. Қысқа әрі нақты нұсқаулар беру; нұсқауларды қайталау; оларды көрсету немесе көрнекі материалдармен сүйемелдеу. Оқу іс-әрекеті барысында мадақтау мен қолдауды қолдану.</p>	<p>Оқушыға мінездеме: Оқушының аты-жөні: К. Сынып: 4 К. – психикалық дамудың тежелуі оқушы. Сабақ барысында оған тиісті педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетіліп келеді. К. оқу үлгерімі орташа деңгейде. Сабақ барысында кейде зейіні тұрақсыз, оқу материалына назар аударуы төмен болады. Үй тапсырмасын орындауда ата-ананың көмегін қажет етеді. Дегенмен, сыныптастарымен тату, үлкендерді сыйлайды, тәртіпті. Ұжымдық жұмыстарға қызығушылықпен қатысуға тырысады. Қосымша қолдау көрсетілген жағдайда, тапсырмаларды орындай алады. Оқушыға оқу әрекетіне қызығушылығын ояту мақсатында жеке көзқарас, мадақтау, және жетістікке жету сезімін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізу қажет. Ата-анамен және мектеп мамандарымен бірлесе отырып, оқушыны ынталандыру және оқу процесіне бейімдеу маңызды.</p>
<p>Жалпы білім беретін сынып</p>	<p>ЕББҚ ететін оқушы</p>
<p>Сабақтың тақырыбы: Әдепті бала. Сынып: 4</p>	<p>Сабақтың тақырыбы: Әдепті бала. Сынып: 4</p>
<p>Оқу мақсаты:</p>	<p>Оқу мақсаты:</p>

<p>4.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен мәтін немесе оның бөлімдерін (рөлге бөліп оқу, теріп оқу) мәнерлеп оқу.</p> <p>4.4.1.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаларды сурет (комикс) түрінде ұсыну;</p>	<p>4.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен мәтін немесе оның бөлімдерін (рөлге бөліп оқу, теріп оқу) мәнерлеп оқу.</p> <p>4.4.1.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаларды сурет (комикс) түрінде ұсыну;</p>
<p>Мәтінді оқып, тапсырманы орындаңыз</p> <p>Көрші баланың аты - Нұрбек. Біз оны «Ұшақ», - дейміз. Ол – адал, шыншыл, мейірімді, әсіресе тілалғыш бала. Міне, өзі де келе жатыр.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Нұрбек, қайдан келесің? - Дулаттың добын апарып бердім. - А, жарайсың! Қолыңдағы не? - Дулаттың ағасы кәмпит берді. - Маған да берші? - Әрине, міне, ал. - Кеттік, екеуміз бірге велосипед тебейік. - Кешір, анам ренжіп қалады. «Тез келемін» – деп уәде беріп едім. - Көріскенше, мен кеттім. <p>Айтпақшы, уәдеңде тұру жақсы қасиет. Жігіт екенсің!</p> <p>1-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп оқындар. Кейіпкерлердің (балалар, Нұрбек) дауыстарын келтіріп айтуға тырысындар.</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <p>Мәтінді рөлге бөліп, дауыс ырғағын сақтап, мәнерлеп оқиды.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • кейіпкерлерді бөліп оқиды;-1б. • сөздерді анық, түсінікті айтады;-1б. • дауыс ырғағын сақтайды; -1б. <p>2-тапсырма. Мәтіндегі оқиғаны сурет немесе комикс түрінде бейнелеңдер. Мысалы:</p> <p>1-картина: Нұрбек Дулаттың добын апарып береді.</p> <p>2-картина: Нұрбек кәмпит алады.</p> <p>3-картина: Досы кәмпит сұрайды.</p>	<p>Мәтінді оқып, тапсырманы орындаңыз</p> <p>Көрші баланың аты - Нұрбек. Біз оны «Ұшақ», - дейміз. Ол – адал, шыншыл, мейірімді, әсіресе тілалғыш бала. Міне, өзі де келе жатыр.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Нұрбек, қайдан келесің? - Дулаттың добын апарып бердім. - А, жарайсың! Қолыңдағы не? - Дулаттың ағасы кәмпит берді. - Маған да берші? - Әрине, міне, ал. - Кеттік, екеуміз бірге велосипед тебейік. - Кешір, анам ренжіп қалады. «Тез келемін» – деп уәде беріп едім. - Көріскенше, мен кеттім. <p>Айтпақшы, уәдеңде тұру жақсы қасиет. Жігіт екенсің!</p> <p>1-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп оқындар. Кейіпкерлердің (балалар, Нұрбек) дауыстарын келтіріп айтуға тырысындар.</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <p>Мәтінді рөлге бөліп, дауыс ырғағын сақтап, мәнерлеп оқиды.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • кейіпкерлерді бөліп оқиды;-1б. • сөздерді анық, түсінікті айтады;-1б. • дауыс ырғағын сақтайды; -1б. <p>2-тапсырма. Мәтіндегі оқиғаны сурет немесе комикс түрінде бейнелеңдер. Мысалы:</p> <p>1-картина: Нұрбек Дулаттың добын апарып береді.</p> <p>2-картина: Нұрбек кәмпит алады.</p> <p>3-картина: Досы кәмпит сұрайды.</p>

<p>4-картина: Велосипед тебуге шақырады, бірақ Нұрбек уәдесінде тұрады.</p> <p>Бағалау критерийі: Мәтіндегі оқиғаны сурет немесе комикс арқылы жеткізеді.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мәтіндегі оқиғаның негізгі сәттерін суреттейді; -1б. • кейіпкерлердің іс-әрекетін дұрыс бейнелейді; -1б. • комикс реттілігін сақтайды: -2б. <p>3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріндер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Нұрбекке неге «Ұшақ» деген ат қойған? • Нұрбек қандай бала екен? • Ол неге досымен велосипедке бармады? • Соңында досы Нұрбекке қандай баға берді? <p>Бағалау критерийі: Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Нұрбектің мінез-құлқын сипаттайды; -1б. • Нұрбектің әрекетін түсіндіреді; -1б. • Мәтін соңындағы негізгі ойды (уәдеде тұру) атап өтеді: -1б. 	<p>4-картина: Велосипед тебуге шақырады, бірақ Нұрбек уәдесінде тұрады.</p> <p>Бағалау критерийі: Мәтіндегі оқиғаны сурет немесе комикс арқылы жеткізеді.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мәтіндегі оқиғаның негізгі сәттерін суреттейді; -2б. • кейіпкерлердің іс-әрекетін дұрыс бейнелейді; -2б. • комикс реттілігін сақтайды: -3б.
---	--

Жалпы білім беретін мектептерде жұмыс жасайтын педагогтер үшін арнайы мектеп педагогтері тәжірибелерінен үлгілер ұсынылады.

Сағатова Арай Глеубергеновна

Астана қаласы №1 Арнайы мектеп-интернаты

Кәсіп пәні мұғалімі, педагог- сарапшы

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды сабақ барысында бағалау жолдарын көрсету арқылы іс-тәжірибемен бөлісіу

Білім алушыны бағалауға келгенде ұстаздың рөлі өте маңызды. Әсіресе зияты орташа түрде зақымдалған оқушыларға қатысты мұғалімнің әрекеті

ерекше тәсілді талап етеді. Әр ұстаз өзінің білім беру тәжірибесінде білім алушыны бағалау кезеңінде жан-жақты бақылап, оқушының бойындағы қабілетін зеріттеп, бағалау оқушыға түсінікті әрі қолжетімді түрде жүргізіледі. Жалпы зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды бағалау жүйесі әртүрлі. Бағалау арқылы білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтары арта түседі. Жалпы «Кәсіп» пәні бойынша оқушыларға сабақ барысында баға қойылмайды. Тек жасаған жұмыстарын алдыңғы жұмыспен салыстыру арқылы бағаланады. Себебі бұл пәнде басты мақсат – оқушылардың практикалық дағдыларын, еңбексүйгіштігін, қызығушылығын және шығармашылық қабілетін дамыту. Әр оқушының қол маторикасы, қабылдау қабілеті, шығармашылық деңгейі әртүрлі болып келеді. Сондықтан практикалық жұмыстың нәтижесі ғана емес, әрекет барысы маңызды. Кейбір оқушылардың қызығушылығы жоғары болса да, қолынан бірден келмеуі мүмкін – бірақ бұл оның еңбегін бағаламауды білдірмейді. Кәсіп пәнінде «нақты баға» қою емес, дағдыларын дамытуға бағытталған қолдау мен әділ бағалау критерийлері тиімді. Мұнда бастысы – қызығушылық пен еңбекке ынтаны арттыру. Кәсіп пәнінде дифференциалды бағалауды қолдану тиімді нәтиже береді.

Дифференциалды бағалау- әрбір оқушының жеке қабілетіне, білім деңгейіне, мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен бағалау түрлерін бейімдеп қолдану.

1. Дифференциалды бағалаудың мақсаты.

- Әр оқушының жеке ерекшелігін ескеру;
- Қабілеті жоғары оқушыны дамыту, қиналып жүрген оқушыны қолдау.
- Барлығына тең мүмкіндік беру.

2. Негізгі принциптері.

1. Жеке ерекшелікті ескеру- оқушының зейіні, есте сақтау, қабылдау деңгейі.
2. Жетістікке жету жолын бағалау- тек нәтиже емес, талпыныс, еңбегі де есепке алынады.
3. Үш деңгейлі тапсырмалар:
 - Жеңіл –негізгі білімді меңгеруге арналған (барлығына қолжетімді).
 - Орташа- стандартты деңгейдегі тапсырмалар.
 - Күрделі – шығармашылық, зерттеушілік тапсырмалар.

3. Дифференциалды бағалау әдісі.

- Мысалы: Қағаздан гүл жасау (дайын үлгіні қыйып, желімдеу).
- **Жетістік сатысы**

«Орындады- Талпынды- Көмекпен орындады- Орындай алмады».

- **Ойын, визуалды бағалау**

Смайлик, жұлдызша, түсті карточка.

- **Жеке рефлексия**

«Мен бүгін: «үйрендім/ талпындым/ әлі қиын».

4. Мұғалім үшін артықшылықтары

- Әр оқушыны жеке тануға артықшылық береді.
- Сабақта мотивацияны арттырады.
- Оқушы өзін «нашар» сезінбей, өз деңгейінде жетістікке жетеді.

Мысалы: (Кәсіп сабағы үшін):

Тапсырма: «Қағаздан гүл жасау»

Жеңіл деңгей: дайын үлгіні қиып, желімдеу.

Орташа деңгей: өз бетінше пішін қиып, безендіру.

Күрделі деңгей: гүлді қолдан жасалған вазаға орналастырып, композиция құрау.

Бағалау кезінде әрқайсы өз мүмкіндігі шегінде «жақсы» нәтижеге жетеді. Дифференциалды бағалаудың ерекшелігі әр оқушының жеке қабілетін, мүмкіндігін анықтауға тиімді. Қысқасы кәсіп пәнінде ұстаз үшін бағалау-оқушыны еңбекке баулу, талпынысын қолдау және шығармашылық әлеуетін дамыту құралы ретінде табылады. Кәсіп пәнінің ерекшелігі оқушыларды әр тоқсан сайын мониторинг арқылы бағалау жұмысы жүргізіледі. Мысалы: «Кіріс», «Аралық», «Қорытынды» дегендей. Сыныптың және оқушылардың қабылдау деңгейіне байланысты өткен тақырыптар бойынша тапсырмалар жасалады. Осы тапсырмаларды орындағаннан кейін мониторинг арқылы оқушының білім деңгейі бағаланады және бұл жерде әр оқушының қабылдау қабілеті ерекше ескеріледі. Тапсырма түрлері де оқушының қабылдау қабілетіне қарай беріледі.

Ұстаздың бағалаудағы негізгі міндеттері.

1. Жекелей қарау.

- Әр оқушының жеке қабілеті мен даму қарқынын ескеру.
- Барлығына бірдей талап қоймай, бейімделген тапсырмалар беру.

2. Қолдау мен ынталандыру.

- Жетістіктерін міндетті міндетті түрде мадақтап отыру.
- «Жарайсың», «Өте жақсы», «Жақсы жұмыс жасадың».

3. Процесті бақылау.

- Қорытынды нәтижені ғана емес, оқу барысындағы әрбір қадамын бақылау.
- Қиындықты жеңуге жасаған әрекетін ескеріп, қолдау көрсету.

4. Түсінікті бағалау құралдарын пайдалану.

- Смайлинг, жұлдызша, стикер, гүлдер арқылы қарапайым белгілер қолдану арқылы оқушыны шабыттандыру.

- Қарапайым бағалау парақтары арқылы жетістігін көрсету.

5. Дамуға бағыттау.

- Қателігін көрсетіп, жазаламау, қайта түзетуге мүмкіндік беру.
- «Келесі жолы мына жерін сәл дұрыстасан, тіпті жақсы болады» деген

сияқты нақты кеңес беру.

Ұстаздың бағалау барысындағы ұстанымы.

1. Бағалаудың негізгі принциптері:

- Әр оқушыны өз алдыңғы нәтижесімен салыстыру.
- Бағалауды қолдау құралы ретінде пайдалану.
- Сабәқ соңында міндетті түрде кері байланыс жасап, оң эмоциямен аяқтау.

Жекелей тәсіл- әр оқушының жеке мүмкіндігін, даму қарқының ескеру.

Прцесті бағалау- нәтиже ғана емес, оқу барысында жасаған қадамдарын есепке алу.

Қолдау мен ынталандыру- бағалау жазалау емес, баланы ынталандыруға бағытталуы керек.

Қарапайымдылық пен түсініктілік- бағалау критерийелері оқушыға түсінікті тілде берілді.

2. Бағалау тәсілдері.

- **Формативті бағалау (күнделікті).**
- Жаттығуларды орындауға талпынысын бағалау.
- Мұғалімнің ауызша мадақтауы, жұлдызша, смайлинг стикер, гүл беру.
- Қарапайым сөздер: «Жарайсың», «Керемет», «Талпынысың жаман емес».

Сумативті бағалау (тоқсан соңында).

- Оқушының жеке мүмкіндігіне сай бейімделген тапсырмалар арқылы.
- Мысалы: жұмысты толық орындай алмаса – сол жұмыстын элементтерін орындату.

3. . Бағалау құралдары.

- **Бағалау парағы**- бала өзі орындағанын белгілейді.
- **Смайлингтер** -көңіл- 😊 😞 😟 күй мен жетістік деңгейін көрсету.
- **Портфолио** – суреттері, қолөнер жұмыстары, қысқа жауаптары сақталады.

- **Динамика**- бастапқы деңгейден қандай өзгеріс болғанын қадағалау.

4. Мұғалімге ұсыныстар.

- Бағаны баламен салыстырмай, тек оның өз алдыңғы нәтижесімен салыстыру.
- Күрделі емес, шағын тапсырмаларды жиі беріп, сәттілік сезімін қалыптастыру.
- Әр жетістікке нақты кері байланыс беру: «Сен бүгін өз бетінше жұмысты орындадың», «Моншақты бір жіпке тіздің».

Бағалау принциптері:

1. Әр оқушының жеке мүмкіндігі ескеріледі.
2. Нәтиже емес талпыныспен даму динамикасы бағаланады.
3. Әр жетістік міндетті түрде мадақтаумен бекітіледі.
4. Бағалау оқушыға түсінікті әрі қолжетімді түрде жүргізіледі.

Тоқсандық мониторинг үлгісі (Кіріс, Аралық, Қорытынды)

Бағдарламалық материалдарды меңгеруге арналған мониторинг/ Мониторинг учета усвоения программного материала КІРІС МОНИТОРИНГ/ ВХОДЯЩИЙ МОНИТОРИНГ

Пән / предмет: Кәсіп

Сынып / класс:

Пән мұғалімі /учитель:

5 «Ә» сынып оқушыларының

Кәсіп пәнінен бағдарламалық материалдарды қабылдау картасы

Р/с	Оқушының аты-жөні	Күні	Бағдарламалық материалдар							Критерілер саны:	Білім сапасы %
			Түсінеді		Қолданады		Орындайды		Сарамандық жұмыс		
			Құрал-жабдықта армен жұмыс кезіндегі ҚЕ. айтады	Қағаз, қатырма қағаз түрлерін атап көрсетеді	Қағазды ойып қйю жұмысын орындайды	Қарапайым қағазды жинау тәсілін көрсетеді	Өрнек түрлерін атайды	Өрнек түрлерін параққа түсіреді	“Күншуақ” дайын шаблонмен орындайды		
1										7	
2										7	
3										7	
Сыныптың үлесі:											

Шарттық белгілер: : -, ±, +.

«+» – тақырыпты толық біледі;

«±» – тақырыпты айтуға көмек қажет етеді;

«-» – тақырыпты білмейді.

Мұғалім:
Қолы: _____

Тапсырма

Оқушының аты-жөні _____

Сынып _____

Р/с	Тапсырма	Орындалуы
1	Қайшымен жұмыс жасар кездегі ҚЕ айтып бер.	
2	Қағаз түрлерін атап және ажыратып көрсет.	
3	Өрнек түрлерін ата.	
4	Тәжірибелік жұмыс ТҚЕ қайталау Аппликация қуыршақ жасау	

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Шкала перевода на баллы критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения

Сипаттамалық баға/описательная оценка	5–9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны/процентное содержание баллов с 5–9 классах
тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно	0% - 39%

тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого	40% - 64%
тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно	65% - 84%

Формула №

- Оқушының жинаған «+» санын көбейту 100% бөлеміз тақырып критерийлерінің санына/ Умножаем на 100% число набранного учеником "+", затем делим на количество критериев темы.
- Барлық шыққан оқушылардың пайызын қосып оқушы санына бөлуге болады, сыныптың пайызы шығады/ Путем добавления всех процентов учащихся и разделив на количество учащихся получается процент класса

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Шкала перевода баллов критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения

№	Сынып / Класс	Оқушы саны/ Количество учащихся	Тақырыпты білмейді/ действие пока ребенку недоступно 0% - 39%	тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняет ся с помощью взрослого 40% - 64%	тақырыпты толық біледі /действие выполняет ся ребенком самостоятельно 65% - 84%	Білім сапасы %/ Процент качества	Үлгері мі%/ Успеваемость
1							

Диаграмма

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Сипаттамалық баға 5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны

«әрекет әлі балаға қолжетімді емес»

/ «действие пока ребенку
недоступно»

0% - 39%

«әрекет ересек адамның көмегімен
жасалады» / «действие выполняется
с помощью взрослого»

40% - 64%


«әрекет әлі балаға қолжетімді емес»

/ «действие пока ребенку
недоступно»

65% - 84%

№	проценты
---	----------

сынып	кіріс	аралық	қорытынды
5 ә	66,6		
Ең жоғары көрсеткіш			



**Бағдарламалық материалдарды меңгеруге арналған мониторинг/
Мониторинг учета усвоения программного материала
АРАЛЫҚ МОНИТОРИНГІ/ПРОМЕЖУТОЧНЫЙ МОНИТОРИНГ**
Пән / предмет: Кәсіп / Ремесло

Сынып / класс:

Пән мұғалімі /учитель:

**«__» сынып оқушыларының
Кәсіп пәнінен бағдарламалық материалдарды қабылдау картасы**

Р /с	Оқушының аты-жөні	Күні	Бағдарламалық материалдар					Критерилер саны:	Білім сапасы %		
			Түсінеді		Қолданады		Орындайды			Сарама ндық жұмыс	
			Құрал-жабдықтармен жұмыс кезіндегі ҚЕ айтады	Қағаз, қатырма қағаз түрлерін атап көрсетеді	Қағазды бүктеу тәсілін орында	Жұмыс орынын ұйымдастыру тәртібін көрсет	Моншақ және шытыра моншақты көрсет			Табиғи материал дегеніміз не?	Моншақты жіпке тізуді орында
1									7		
2									7		
3									7		
Сынып үлесі:											

Шарттық белгілер: -, ±, +.

«+» – тақырыпты толық біледі;

«±» – тақырыпты айтуға көмек қажет етеді;

«-» – тақырыпты білмейді.

Мұғалім:

Қолы: _____

Тапсырма

Оқушының аты-жөні _____

Сынып _____

Р/с	Тапсырма	Орындалуы
1	Қайшымен жұмыс жасар кездегі ҚЕ айтып бер.	
2	Қағаз түрлерін атап және ажыратып көрсет.	
3	Қағазды бүктеу тәсілін орында.	
4	Тәжірибелік жұмыс ТҚЕ қайталау Мошақты бір жіпке тізу тәсілін орында.	

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Шкала перевода на баллы критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения

Сипаттамалық баға/описательная оценка	5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны/процентное содержание баллов с 5 – 9 классах
тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно	0% - 39%

тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого	40% - 64%
тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно	65% - 84%

Формула №

- Оқушының жинаған «+» санын көбейту 100% бөлеміз тақырып критерийлерінің санына/ Умножаем на 100% число набранного учеником"+", затем делим на количество критериев темы.
- Барлық шыққан оқушылардың пайызын қосып оқушы санына бөлуге болады, сыныптың пайызы шығады/ Путем добавления всех процентов учащихся и разделив на количество учащихся получается процент класса

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/ Шкала перевода баллов критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения

№	Сынып/ Класс	Оқушы саны/Количество учащихся	Тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно 0% - 39%	тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого 40% - 64%	тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно 65% - 84%	Білім сапасы%/Процент качества	Үлгерімі%/Успеваемость
1							


Диаграмма

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Сипаттамалық баға 5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны

«әрекет әлі балаға қол жетімді емес/действие пока ребенку недоступно»	0% - 39%
«әрекет ересек адамның көмегімен жасалады / действие выполняется с помощью взрослого»	40% - 64%
«әрекет әлі балаға қол жетімді емес / действие пока ребенку недоступно»	65% - 84%

№ сынып	проценты		
	кіріс	аралық	қорытынды
5 ә	66,6	66,6	
Ең жоғары көрсеткіш			



**Бағдарламалық материалдарды меңгеруге арналған мониторинг/
Мониторинг учета усвоения программного материала
ҚОРТЫНДЫ МОНИТОРИНГ/ИТОГОВЫЙ МОНИТОРИНГ**

Пән / предмет: Кәсіп / Ремесло

Сынып / класс:

Пән мұғалімі /учитель:

«__» сынып оқушыларының
Кәсіп пәнінен бағдарламалық материалдарды қабылдау картасы

Р/с	Оқушының аты-жөні	Күні	Бағдарламалық материалдар					Критерілер саны:	Білім сапасы %		
			Түсінеді		Қолданады		Орындайды			Сарамандық жұмыс	
			Құрал-жабдықтармен жұмыс кезіндегі ҚЕ. айтады	Қағаз, қатырма қағаз түрлерін атап көрсетеді	Қағазды жинаудың қарапайым тәсілдерін орындау	Қалдық материал туралы түсінік.	Шытырман моншақтармен жұмыс			Тәбиғи материал дегеніміз не?	Қалдық материалдан сәнді түйреуіш жасау

1										7	
2										7	
3										7	
Сынып үлесі:											

Шарттық белгілер: : -, ±, +.

«+» – тақырыпты толық біледі;

«±» – тақырыпты айтуға көмек қажет етеді;

«-» – тақырыпты білмейді.

Мұғалім:

Қолы: _____

Тапсырма

Оқушының аты-жөні _____

Сынып _____

Р/с	Тапсырма	Орындалуы
1	Қайшымен жұмыс жасар кездегі ҚЕ айтып бер.	
2	Қағаз түрлерін атап және ажыратып көрсет.	
3	Қағазды бүктеу тәсілін орында.	
4	Тәжірибелік жұмыс ТҚЕ қайталау Мошақты жіпке тізу тәртібін орында.	

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/ Шкала перевода на баллы критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения

Сипаттамалық баға/описательная оценка	5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны/процентное содержание баллов с 5 – 9 классах
тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно	0% - 39%
тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого	40% - 64%
тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно	65% - 84%

Формула №

- Оқушының жинаған «+» санын көбейту 100% бөлеміз тақырып критерийлерінің санына/ Умножаем на 100% число набранного учеником"+", затем делим на количество критериев темы.
- Барлық шыққан оқушылардың пайызын қосып оқушы санына бөлуге болады, сыныптың пайызы шығады/ Путем добавления всех процентов учащихся и разделив на количество учащихся получается процент класса

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/ Шкала перевода баллов критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения

№	Сынып/Класс	Оқушы саны/Количество учащихся	Тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно 0% - 39%	тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого 40% - 64%	тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно 65% - 84%	Білім сапасы%/Процент качества	Үлгерімі %/Успеваемость
1							

Диаграмма

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Сипаттамалық баға 5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны

«әрекет әлі балаға қол жетімді емес/действие пока ребенку недоступно»

0% - 39%


«әрекет ересек адамның көмегімен жасалады/действие выполняется с помощью взрослого»

40% - 64%

«әрекет әлі балаға қол жетімді
 емес/действие пока ребенку
 недоступно»

65% - 84%

№ сынып	проценты		
	кіріс	аралық	қорытынды
5 ә	66,6	66,6	66,6
Ең жоғары көрсеткіш			



Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушылардың бағдарламалық материалдарды меңгеруге арналған бағалау мониторингін 1 тоқсанда, 2 тоқсанда және 4 тоқсанда жүргізу арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің өзгеру, қабылдау деңгейін бақылауға болады. Тапсырмаларды орындау барысында өздігінен немесе мұғалімнің көмегімен орындағанын ескере отырып оқушының оқу деңгейінің «жақсы», «өзгеріссіз» немесе «төмен» жағдайы байқалады. Яғни, бағалау кезінде бастысы – оқушының мүмкіндігіне сай даму динамикасын көрсету. Жалпы тәжірибемде байқағаным – әр оқушының кішкене де болса жетістігін атап өту оның алдағы даму қарқынында үлкен әсер етеді. Тапсырманы орындау деңгейін дұрыс бақылап, бағалау арқылы біз баланың ілгерлеуін айқындаймыз және алдағы мақсаттарды нақтылаймыз.

«№1 Арнайы мектеп-интернаты» КММ

Кәсіби еңбекке баулу мұғалімі: Туашова Рана Серикбаевна

Педагог-зерттеуші

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға «Кәсіби еңбекке баулу» пәніндегі тоқсандық жиынтық бақылау жұмысындағы бағалау жолдарын көрсету.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесі ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тең мүмкіндік беруді көздейді. Бұл үрдісте ең маңызды бағыттардың бірі – ерекше балаларды дұрыс әрі әділ бағалау.

Бағалау – оқушының дамуын, оқу жетістіктерін, қабілеттерін анықтап, оларға қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін маңызды құрал.

Негізгі бөлім

1.Диагностикалық бағалау

Балада қандай ерекшеліктер бар екенін анықтау (мысалы, танымдық, сөйлеу, психо-эмоциялық, физикалық даму ерекшеліктері).

2.Қалыптастырушы бағалау

Баланың оқу процесіндегі жетістіктерін күнделікті бақылап отыру, білім деңгейін, интеллектісін, оқу дағдыларын стандартталған құралдар арқылы өлшеу. Оқу үрдісі кезінде баланың оқу барысын қадағалау және қажет кезде түзетулер енгізу.

Құралдары: оқушы сабақ ішінде қалай қатысуда, қандай қиындықтары бар, қалай жауап береді. Жылдам сұрақтар, қысқа тестілер, сыныптық талқылау.

IQ тесттер: мысалы, – танымдық қабілеттерді анықтау.

Оқу жетістігі тесттері – оқу, жазу, арифметика салаларындағы нәтижелер.

Адаптивті мінез-құлық шкалалары – күнделікті өмірдегі (тәуелсіздік, қарым-қатынас, өзін-өзі ұстау) дағдылар.

Мұғалімнің бақылаулары:

Портфолио: баланың жұмыстар жинағы, өсуі мен өзгерістерін көрсету.

Ерекшеліктері:

Нәтижелер өлшенетін, салыстырмалы (нормаларға негізделген немесе критерийге сәйкес) болады. Әдетте алдын ала дайындалған орталарда, арнайы тестілік құралдар арқылы жүргізіледі. Қандай да бір диагноз қою, арнайы білім беру қажеттігін анықтау, білім беру бағдарламасын жоспарлау үшін өте маңызды.

Бағасыз, кері байланыс беру арқылы жүзеге асады.

Мысал: Мұғалімнің күнделікті бақылауы, портфолио жүргізу, жеке даму картасы

Кезеңі: Оқу басталар алдында немесе жаңа ортаға бейімделу кезінде жүргізіледі.

Мысал: Технолог, Психолог, логопед, дефектолог жүргізетін тексерулер (тесттер, бақылау, әңгімелесу, арнайы тәжірибеде қолданылатын тапсырмалар).

3. Жиынтық бағалау

Белгілі бір оқу кезеңінің соңында (тоқсан, жыл соңында) білім нәтижелерін бағалау.

Ерекшелігі: Жүйелі, оқу стандарттарына сәйкес болуы тиіс. Бірақ ерекше балалар үшін бейімделіп беріледі.

Мысал: Тест тапсырмалары, жобалар, ауызша жауаптар, тәжірибелік тапсырмалар баланың деңгейіне қарай беріледі.


5. Психологиялық-педагогикалық мониторинг

Баланың даму динамикасын үнемі бақылау, түзету жұмыстарының тиімділігін бағалау.

Қатысушылар: Педагогтар, логопед, психолог, ата-ана.

Ерекшелігі: Ұзақ мерзімді бақылау, әртүрлі құралдарды (анкета, бақылау парағы, даму картасы) қолдану.

6. Ішкі және сыртқы бағалау



Мақсаты: Баланың арнайы білім беру қажеттілігін ресми түрде анықтау.

Ерекше балаларды бағалау — бұл тек білім нәтижесін емес, баланың даму барысын жан-жақты саралау процесі. Әр балаға жеке тәсіл қажет, сондықтан бағалау әдістері баланың ерекшелігіне бейімделуі тиіс. Бұл әділдік пен тең мүмкіндікті қамтамасыз етудің негізі болып табылады.

Нормативтік-құқықтық негіздер мен қағидалар

1. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары – «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі мен параметрлері белгіленген.

Мысалы, бағалау когнитивтік функцияларды (зейін, есте сақтау, ойлау), сөйлеудің дамуын, орындаушылық функцияларды және басқа да психикалық функцияларды қарастырады.

2. Бағалау бағдарламалары мен тәртібі:

Оқуда қиындықтары бар балаларды анықтау, оларды тереңірек зерттеу, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда (ПМПК) тексеру. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін, әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқатын мұғалімдердің бақылауымен, критериялды бағалауды қолдану арқылы бағалау.

| Қалыптастырушы / Формативті бақылау | Өзін-өзі бағалау материалдары – оқушылар өздерінің қабілеттерін, эмоциялық күйін, оқу барысын бағалайды.

Төменде мысал етіп көрсетілген бөлім жиынтық бағалауы және тоқсандық жиынтық бағалау, берілген жиынтық бағалау үлгілері 7–10 сыныптарға кәсіптік еңбекке баулу пәні, 1 бөлімше, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға

арналған балаларға қолданылады. Кәсіптік еңбекке баулу «Тігін ісі», «Ағаш ұстасы» (қыздар, ұлдар) болып бөлінеді, тек 7-10 сыныптарда ғана өтіледі.

Кәсіптік еңбекке баулу сабағында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды бағалау кезінде басты назар – олардың мүмкіндігіне, жеке даму қарқынына, қызығушылығы мен қабілетіне қарай әділ әрі қолжетімді тәсілдер қолдану. Мұндай жағдайда арнайы жеңілдетілген тапсырмалар арқылы бағалау өте тиімді.

Бағалау ерекшеліктері:

1. Жеке тәсіл– әр оқушының мүмкіндігі ескеріледі. Мысалы, бір бала бұйымды толық жасап шықса, екіншісіне тек дайындау кезеңін орындау жеткілікті болуы мүмкін. Балаға берілген тапсырманы бала арнайы нұсқаулық карта көмегімен жасайды.

2. Шағын қадамдар – тапсырма бірнеше қарапайым бөлікке бөлінеді:

- құралды дұрыс ұстау,
- материалды таңдау,
- жұмыстың бір бөлігін орындау,
- соңғы нәтижеге үлес қосу.

3. Қалыптастырушы – «жақсы», «талпындың», «тағы да қайталап көрейік» сияқты қолдау сөздері баланың ынтасын арттырады.

4. Көрнекілік пен үлгі – қадамдық нұсқаулық, сурет, дайын үлгі пайдалану арқылы тапсырмалар жеңілдетіледі.

5. Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей: дайын пішінді бояу, сызық бойымен қию, тігіс сызығын жүргізу.

II деңгей: дайын үлгі бойынша бұйымды құрастыру.

III деңгей: мұғалімнің көмегімен шағын бұйымды толық орындау.

Бағалау тәсілдері:

Смайлик, жұлдызша, түрлі түсті карточка – баланың жетістігін бірден көруіне ыңғайлы.

Жеке жетістік парағы– әр баланың қай қадамды орындағаны белгіленеді.

Ауызша мадақтау– сенім қалыптастыру үшін ең қарапайым әрі тиімді әдіс.

Өзін-өзі бағалау– бала өзі таңдаған белгілер арқылы (қызыл – қиналдым, жасыл – орындадым) жұмысын бағалай алады.

Мысал: «Қағаздан гүл жасау» тапсырмасы.

Әдеттегі оқушыға – толық гүлді жасап шығару.

Ерекше балаға – дайын үлгіні қию немесе тек жапырақтарын жабыстыру.

Екеуі де өз мүмкіндігі шегінде жетістікке жетіп, бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР "Білім туралы" Заңы
2. Инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы
3. Педагогикалық-психологиялық диагностика құралдары (нұсқаулықтар)
4. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар

Кәсіби еңбекке баулу пәні бойынша бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырма

Оқушының аты-жөні: _____

Сынып: 9 «Д»

Ортақ тақырып/ Бөлім: 1. Материалтану. Құралдар мен жабдықтар

Мақсаты : 9.1.2.1 өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтары туралы түсініктің болуы; 9.1.3.1 тігін машиналарының маркасы мен жылдамдығы және атқаратын жұмыс түрлері туралы жалпы түсініктің болуы; 9.1.5.1 өлшеуіш және қол құралдарымен, тігін машинасымен, үтікпен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері туралы білу;

Критериалдық бағалау :

Оқушы:

1. Еңбек заттары мен материалдардың ерекшелігін атайды
2. Жұмыс орнын ұйымдастыру ерекшелігі туралы түсінеді
3. БЖӨ, жіпті инеге сабақтау және түйіншек түйуді көрсетеді

Ойлау шеберлігінің деңгейі: Білу, түсіну және қолдану

Орындалу уақыты: 20 минут

№	Тапсырма	Орындалуы	Балл
1	<p>Тігін шеберханасындағы құрал жабдықтардың атауын ауызша ата.</p> <p>Дискриптор тігін шеберханасындағы құрал-жабдықтар қызметін түсіне біледі</p>		1-5
2	<p>Өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтарын атап беру</p> <p>Дискриптор Өсімдіктен өндірілетін: мақта және зығыр талшықтарын атай біледі;</p>		1-5
3	<p>Сурет бойынша тігін машина түрлерін атап беру</p> <p>Дискриптор Тігін машина түрлерімен танысады және атап бере алады;</p>		1-10
Всего			20

Кәсіби еңбекке баулу пәні бойынша I тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырма

Оқушының аты-жөні:

Сынып: 9 «Д»



Мақсаты: 9.2.5.1 геометриялық, космогоникалық, зооморфты, өсімдік тәрізді қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің төрт тобын атау және ажырату, геометриялық ою-өрнектер түрін орында; 9.2.5.3 геометриялық ою-өрнектер түрін орында;

Критериялық бағалау :

Оқушы:

1. Қазақтың ұлттық ою-өрнектер түрлерімен танысады
2. орындайтын жұмыс түрін анықтайды
3. тапсырманы технологиялық карта бойынша орындауды біледі

Ойлау шеберлігінің деңгейі: Білу, түсіну және қолдану. **Орындалу уақыты:** 40 минут

№	Тапсырма	Орындалуы	Балл
1	Қазақтың ұлттық ою-өрнектер түрлері. Дискриптор ою өрнектерінің төрт тобын атайды және ажыратады		1-4
2	өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтарын атап беру Дискриптор Өсімдіктен өндірілетін: мақта және зығыр талшықтарын атай біледі;		1-4
3	Өрнектердің түрлерін ойып үйрену Дискриптор Өрнектердің түрлерін ойып үйренеді		1-4
4	Қауіпсіздік ережесін қайталау. Өрнектердің түрлерін матаға түсіру Дискриптор Өрнектердің түрлерін матаға түсіреді		1-4
5	Практикалық жұмыс Алжапқыштың пішімін матаға түсіру. Бұйымды пішу Дискриптор Алжапқыштың пішімін матаға түсіре біледі. Бұйымды пішудің жолдарын үйренеді		1-4
Барлығы:			20

Өзін - өзі бағалау парағы

Оқушының аты-жөні _____

№	Жасалған жұмыс		Бал
1	<p>Тігін шеберханасындағы құрал жабдықтардың атауын ауызша ата.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мен бәрін түсіндім • Мен есте сақтадым • Сұрақтар пайда болды 		<p>2</p> <p>2</p> <p>2</p>
2	<p>өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтарын атап беру</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мен бәрін түсіндім • Мен есте сақтадым • Сұрақтар пайда болды 		<p>2</p> <p>2</p> <p>2</p>
3	<p>Суретке қарап тігін машина түрлерін атап беру</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мен бәрін түсіндім • Мен есте сақтадым • Сұрақтар пайда болды 		<p>2</p> <p>2</p> <p>4</p>
	Барлығы:		

Астана қ. әкімдігінің «№1 Арнайы мектеп – интернаты» КММ
Жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтер
 I тоқсан __ Кәсіби еңбекке баулу пәні бойынша

Сынып 9 Д бөлімше: 1

Оқушылар саны: 2

Педагог: Туашова Р.С.

Мақсаты: БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

Пән	Орындаған	Макс балл	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны		Сапа %	Үлгерім %	
			Төмен (3)	Орта (4)			
			40-64%	65-84%			
		10	3	4			
		Оқушылар саны					
БЖБ 1							
ТЖБ							

	Мақсатты меңгергендер	Қиындық тудырған мақсаттар
БЖБ 1	9.1.2.1 өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтары туралы түсініктің болуы;	тігін машиналарының маркасы мен жылдамдығы және атқаратын жұмыс түрлері
ТЖБ	9.2.5.1 геометриялық, космогоникалық, зооморфты, өсімдік тәрізді қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің төрт тобын атау және ажырату, геометриялық ою-өрнектер түрін орында;	геометриялық ою-өрнектер түрі

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың келесі білім деңгейін көрсетті: орта Төмен (Т): 40-64%, білім алушылардың аты-жөнін көрсету)

Орта (О): 65-84%, білім алушылардың аты-жөнін көрсету)

2. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға туындаған қиындықтар тізбесі: тігін машиналарының маркасы мен жылдамдығы және атқаратын жұмыс түрлері, геометриялық ою-өрнектер түрі

3. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға аталған қиындықтардың себептері: орындайтын жұмысқа көңіл бөлмеу.

4. Жоспарланған түзету жұмысы: қатемен жұмыс

Күні _____

Педагогтің Т.А.Ә. қолы _____ Р.С.Туашова

Есенберлина Саганыш Сериковна

Астана қаласы №1 Арнайы мектеп- интернаты

Жалпы еңбекке даярлау пәні мұғалімі, педагог– эксперт

Зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар балаларды сабақ барысында бағалау туралы іс – тәжірибемен бөлісу

5-6 сынып, жалпы еңбекке даярлау пәні

5-6 сыныптағы жалпы еңбекке даярлау сабағында зиятында жеңіл түрде бұзылысы бар балаларға анықтама, интеллектуалдық дамуында тұрақты ерекшеліктері бар, танымдық қабілеттері, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, оқу, жазу және есептеу дағдыларын меңгеруі қалыпты деңгейден төмен болатын балалар.

Негізгі сипаттамалары:

Ақыл-ой әрекеттерінің баяулығы;

Жаңа ақпаратты қабылдау мен есте сақтаудың қиындығы;

Сөйлеу тілі мен сөздік қорының шектеулілігі;

Қарапайым тапсырмаларды орындау үшін көбірек уақыт қажет болуы;

Педагогикалық ерекшелігі: Мұндай балаларға арнайы түзете-дамыта оқыту, жеке тәсіл, қайталама, көрнекілік және қолдау арқылы оқыту әдістері қажет. Мұғалім үшін әр сабақта зиятында жеңіл түрде бұзылысы бар балаларды бағалау біраз ойландыратын сұрақ. Осы сұрақ аясы негізге алатын мәліметтерді жинақтап, өз іс – тәжірибемен бөлісем. Ең алдымен бағалаудың түрлеріне тоқталып кетсек.

1. Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) Сабақтың барысында жүргізіледі.

• Мақсаты – оқушының жетістігін бақылау, қателерін түзету, қолдау көрсету.

• Ерекшелігі: баға (балл, баға қою) қойылмайды, тек ауызша немесе жазбаша кері байланыс беріледі.

• Түрлері: **Ауызша мадақтау** («Жарайсың!», «Өте жақсы ой!», «Керемет жұмыс жасадың»). **Смайликтер, жұлдызшалар, стикерлермен бағалау.**

2. Жиынтық бағалау (ЖБ) Белгілі бір тақырып, бөлім немесе тоқсан соңында жүргізіледі.

• Мақсаты – оқушының белгілі бір уақыт аралығында меңгерген білімін жинақтап бағалау.

• Нәтижесінде нақты баға/балл қойылады.

• Түрлері: **Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ)**

Бағалаудың дискрипторларын жасау үшін Блум таксономиясын қолдану қажет. **Блум таксономиясы** – американдық психолог Бенджамин Блум ұсынған, оқыту мақсаттары мен нәтижелерін жүйелеуге арналған жіктеу үлгісі.

Анықтамасы:

Блум таксономиясы – оқушының ойлау қабілетін қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде дамытуға негізделген оқу мақсаттарының иерархиялық жүйесі.

Мақсаты: Оқытудың мақсаттарын жүйелеу, мұғалімге оқу тапсырмаларын жоспарлауда көмекші болу, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, қарапайым білімнен жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлауға жетелеу.

Блум таксономиясының негізгі сатылары:

1. **Білу** – фактілерді, терминдерді, ережелерді еске сақтау, атау.
2. **Түсіну** – ақпаратты түсіну, өз сөзімен жеткізу.
3. **Қолдану** – алған білімді іс жүзінде пайдалану.
4. **Талдау** – ақпаратты бөліктерге жіктеу, себеп-салдарды анықтау.
5. **Жинақтау (синтез)** – жаңа идея, жоба құрастыру.
6. **Бағалау** – пікір айту, баға беру, дұрыс-бұрысын анықтау.
- 7.



Зиятында жеңіл түрде бұзылысы бар балаларды сабақ барысында бағалау кезінде негізгі мақсат – оқушының жеке мүмкіндіктерін ескеріп, оның жетістігін әділ әрі қолдау бағытында бағалау. Жоғарыда көрсетілген Блум таксономиясының 3 сатысын негізге ала отырып (біледі, түсінеді, қолданады) ТЖ,БЖБ - да көрініс табады. Бағалау критерийі және тапсырмаларды орындату барысында өте тиімді әрі қолайлы. Себебі: Зияты жеңіл түрде бұзылыстары бар балалар сыныпта түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындайды. Сабақ барысында үнемі қалыптастырушы бағалауды қолдану қажет.

Мұнда бірнеше тәсілдер қолданылады: 1. Формативті бағалау (қалыптастырушы) Оқушының күнделікті жұмысына, белсенділігіне, тапсырманы орындауға жасаған талпынысына мән беру. «Жақсы, жарайсың»,

«Қолыңнан келді», «Тағы да тырысып көрейік» сияқты қолдаушы сөздер қолдану; Баланың өзіне сенімін арттыру. **Критериалды бағалау** жеке оқу мақсаттарына сай арнайы критерийлер қою (мысалы, «құралды дұрыс қолданды», «тапсырманы мұғалім көмегімен орындады», «түсті ажырата алды»); Жалпы сыныптағы критерийлерді жеңілдетіп немесе бейімдеп қолдану. Жетістікке жетелеу. Қиындықтарын емес, жетістігін атап көрсету; «Сен бүгін тапсырманы соңына дейін орындадың», «Түстерді шатастырмай таңдадың» сияқты нақты жетістіктерін көрсету.

Бағалау критерийлері мен дескрипторлардың үлгісі

Тақырып: «Қағаздан бұйым жасау»

✦ Бағалау белгісін қою жолдары:

- 👍 – Өте жақсы орындады
- 😊 – Жақсы орындады (мұғалім көмегімен)
- 🙏 – Әлі де көмек қажет

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Бағалау белгісі
1. Құралдарды дұрыс пайдалану	- Қайшыны мұғалімнің көмегімен дұрыс ұстайды - Қауіпсіз қолданады	😊 / 👍
2. Нұсқауды орындау	- Мұғалімнің айтқанын қайталайды - Тапсырманың кемінде жартысын өзі орындайды	😊 / 👍
3. Материалдарды таңдау және қолдану	- Қажетті түсті/пішінді қағазды таңдайды - Материалды дұрыс орналастырады	😊 / 👍
4. Шығармашылық таныту	- Бұйымды әсемдеуге талпынады - Қосымша элемент қосады (мұғалім көмегімен)	😊 / 👍
5. Жұмыс нәтижесін көрсету	- Дайын бұйымды сыныпқа көрсетеді - «Маған ұнады/қиын болды» деп пікір айтады	😊 / 👍

Тақырып: «Бисерден қарапайым бұйым тоқу»

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Бағалау белгісі
1. Моншақтарды тану	- Моншақтарды түсіне қарай ажыратады - Өлшеміне қарай таңдайды	😊 / 👍
2. Сызба бойынша әрекет жасау	- Мұғалімнің көмегімен үлгіні қайталайды - Екі моншақты дұрыс тізеді	😊 / 👍
3. Тоқу ережесін сақтау	- Жіпті дұрыс ұстайды - Қарапайым «бұтақ» не «бұршік» жасайды	😊 / 👍
4. Шығармашылық таныту	- Түрлі түсті моншақтарды үйлестіреді - Өзіндік әшекей қосуға тырысады	😊 / 👍
5. Жұмыс нәтижесін көрсету	- Дайын бұйымын көрсетеді - Өз жұмысына қысқаша пікір білдіреді	😊 / 👍

Тақырып: «Сазбен жұмыс: өрнек пен қарапайым бұйым жасау»

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Қосымша ой / қолдау	Бағалау белгісі

1. Қамырды/сазды дайындау	- Сазды уқалап жұмсартады - Үлгіге сәйкес бөліктерді бөледі	Мұғалімнің көрсетуі бойынша қайталайды	😊 / 👍
2. Қарапайым пішін жасау	- Шар, шұжықша, жай пішіндер жасайды	Дайын үлгіден көмек алып орындайды	😊 / 👍
3. Өрнек салу	- Таяқша, тіс тазалағыш сияқты құралмен сызықтар түсіреді - Шеңбер, жолақ, нүкте бейнелейді	Қателессе, қайта жасауға мүмкіндік беру	😊 / 👍
4. Бұйымды біріктіру	- Бөліктерін су мен щетка арқылы қосады - Бөлшектердің орнықты тұрғанын қадағалайды	Мұғалім қажет жағдайда бағыттайды	😊 / 👍
5. Шығармашылық таныту	- Өз ойынан өрнек қосуға талпынады - Ұлттық элемент қосуға тырысады	«Өз нұсқанды жасап көр» деп қолдау білдіру	😊 / 👍
6. Ұқыптылық	- Қолын, үстелін таза ұстайды - Құралды орнымен колданады	Тазалыққа баулу маңызды	😊 / 👍

Зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушылардың жетістіктерін бағалау барысында олардың әрқайсысының жеке ерекшеліктері ескерілді. Бағалау тек білім көлемін анықтаумен шектелмей, оқушының ынтасы, еңбексүйгіштігі, тапсырманы орындауға деген талпынысы мен жауапкершілігі де назарға алынды. Оқушылардың көпшілігі берілген тапсырмаларды өз мүмкіндіктеріне сай орындап шықты. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт пен қолдау қажет болғанымен, олар да оқу материалын меңгеруде алға ілгерілеу көрсетті.

Жалпы, зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар балаларды бағалауда басты мақсат – олардың оқу жетістігін әділ анықтап қана қоймай, өзіне деген сенімін арттыру, ынталандыру және болашақта білім алуға деген қызығушылығын қолдау болып табылады.

«Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Қостанай қаласы білім беру бөлімінің №21 жалпы білім беретін мектебі» Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы» КММ

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері:
Сулейменова Лазат Мадиевна, педагог -зерттеуші.
Шинибекова Гульшат Сайлаукановна, педагог –зерттеуші**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні

Оқушының аты-жөні: А. және Л.

Сыныбы: 8 сынып оқушылары

ПМПК: Жазу және оқу бұзылысы

А. және Л. сабақты қызығушылықпен тыңдайды, тапсырмаларды орындауға тырысады. Вербалды (ауызша) жауаптардан гөрі көрнекілікпен және практикалық жұмыс арқылы жақсы меңгереді. Жеке қолдауды қажет етеді.

Ұсыныстар:

Күшті жақтары:

- Практикалық тапсырмаларды жақсы орындайды;
- Көрнекі материалдармен жұмыс істеуге қызығады;
- Мұғалімнің көмегімен тапсырманы соңына дейін орындауға тырысады;
- Мұғалімнің қолдауына оң әсер береді;
- Танымдық қызығушылығы бар (жеке және топтық жұмыс кезінде байқалады);
- Қарапайым тапсырмаларды орындауға ынталы

Әлсіз жақтары:

- Ойды ауызша және жазбаша жеткізуде қиындықтар бар;
- Нұсқаулықтарды бірден түсінуі баяу;
- Зейін мен есте сақтау қабілеті тұрақсыз;
- Жаңа білімді меңгеруде және оны есте сақтауда қиындықтар туындайды;
- Оқу тапсырмаларын орындауда мұғалімнің жиі қолдауын қажет етеді

Арнайы білім беру қажеттілігі бар оқушылар үшін «Қазақ тілі және әдебиет» пәнін меңгеру күрделі үдеріс болып табылады. Олардың көпшілігі сабақтың басынан-ақ тілдік кедергіге ұшырап, жаңа және түсініксіз сөздердің молдығынан қиналады. Сондықтан инклюзия қағидаты бойынша жұмыс істейтін мұғалімдер үшін оқыту үдерісін жеңіл әрі қолжетімді ету мақсатында арнайы әдіс-тәсілдерді қолдану аса маңызды.

Ұсынымдар: Оқушыларға жетістігін бағалауға мүмкіндік беретін рефлексия түрлерін енгізу, мадақтау арқылы мотивацияны арттыру.

Бұл ұсынымдар инклюзивті сыныптарда оқытуды қолдауға бағытталған және оқушылардың оқу процесіне толыққанды араласуына жағдай жасауға көмектеседі.

Ерекше білім қажет ететін оқушылардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар:

1. Жекелеген ерекшеліктерді ескеру

Бағалау кезінде оқушының психологиялық-педагогикалық қорытындысында көрсетілген ерекшеліктері мен мүмкіндіктері міндетті түрде ескерілуі тиіс.

2. Бағалау түрлері

- Формативті бағалау – күнделікті бақылау, ауызша жауаптар, жеке тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.
- Суммативті бағалау – тоқсандық және бөлім бойынша тапсырмалар бейімделген түрде ұсынылады.

3. Тапсырмаларды бейімдеу

- Мәтіндер қысқартылып, мазмұны түсінікті болу керек.

- Сұрақтар саны азайтылып, күрделілігі оқушының деңгейіне сай болуы қажет.
- Көп таңдаулы (множественный выбор), сәйкестендіру, суретпен жұмыс секілді визуалды тапсырмалар қолдану ұсынылады.

4. Дифференциация

Әр оқушының даму қарқыны мен қабілетін ескере отырып, тапсырмалардың деңгейі мен формасы өзгертіледі.

5. Қолдау көрсету

Мұғалім тарапынан ауызша түсіндіру, қосымша сұрақтар қою, мысал келтіру арқылы оқушыға қолдау жасалады.

6. Бағалау критерийлері

Жалпы білім беру бағдарламасына сай болғанымен, оқушы мүмкіндіктеріне қарай жеңілдетілген түрде қарастырылады.

7. Рефлексия және ынталандыру

Тақырыбы: Досыма сыйлық таңдаймын

Тыңдалым мәтіні

Бүгін біз досымыз екеуміз Айзеренің туған күніне барамыз. Оған қандай сыйлық алатынымызды әлі шешкен жоқпыз. Маған ұнаған сыйлық, досыма ұнамады, оған ұнаған сыйлық маған ұнамады. Екеуміз бір шешімге келе алмадық. Мен сыйлық таңдауды қиын екенін білмеппін. Анама осы жайды баяндап бердім. Анам сыйлық дайындаудың ережесі барын айтты. сендерді де таныстырайын.

Сыйлық берген кезде төмендегі нәрселерді назарларыңызға алған жөн:

-Туған күнге бүкіл отбасы емес, туған күн иесінің өзі ғана қоланатын зат сыйла;

-Сыйлық не кәдесыйды туған күн өткеннен кейін сыйлауға болмайды, сондықтан алдын-ала сыйлап қой;

-Сыйлық ретінде ақша сыйлаған дұрыс емес;

-Сыйлық таңдаған кезде, оның көңілінен шығатындай сыйлық ал;

-Сыйлықты безендірілуіне мән бер;

Осы ережелерді жадында ұстасаң, сыйлық беру мерекеге айналары сөзсіз

1-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттардың дұрыстығын анықта. Қате ойларды түзет.

№	ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
1	Туған күнге бүкіл отбасы қолданатын сыйлық сыйла.		
2	Сыйлық ретінде ақша сыйлаған дұрыс қой.		
3	Кәдесый не сыйлықты туған күн өткеннен кейін сыйлауға болады		
4	Сыйлықты безендіру міндет емес		

Дескриптор:-Мәтіннің мазмұны бойынша сөйлемдердің дұрыс/бұрыс жазылғанын анықтайды

1-сөйлем

2-сөйлем

3-сөйлем

4-сөйлем

2-тапсырма. Бөлшектік сан есімдерді сәйкестендір, үш сөзбен сөйлем құрастыр. <https://learningapps.org/15093997>

Дескриптор: -бөлшектік сан есімдерді сәйкестендіреді

-сөйлем құрастырады

1-сөйлем

2-сөйлем

3-сөйлем

Тақырып: Кәсіп – бақыттың шырағы

Тыңдалым мәтіні

Қазақ жалқының ата кәсібі- малшаруашылық. Қазақ халқы төрт түлікке мән берген. Төрт түлік малдың әрқайсысын шаруалар орынды пайдалана білген. Мал бағудың өзіндік әдістерін, күтіп- баптаудың тәсілдерін жете меңгерген.

Жайылымдарды жыл мезгілдеріне байланысты тиімді пайдаланып, көшіп- қонып отырған. Жайылымдар: қыстау, көктеу, жайлау, күзеу деп аталған.

Қыстау- қазақтың байырғы қысқы мекені, әдетте суы бар, оты мол жерлерде орналасқан.

Көктеу- көктемгі қоныс, шөптің жаңадан шыққан кезінде, көктем айларында мал жаятын өріс.

Жайлау- жазғы қоныс. Жайлауды суы мол, шөбі шүйгін, шыбын- шіркей аз жерлерден таңдаған.

Күзеу- күзгі қоныс. Күзеуге мал баспаған, оты мол, қыстауға жақындау жайылым алынған.

1-тапсырма. Пікір жаз, пікірде мына сұрақтарға жауап бер.

1.Қазақ халқының негізгі кәсібі не? Неліктен?

2.Төрт түлік малға не жатады?

3.Жайылымдар қалай аталған?

4.Жайылымдарға неге көшіп- қонып жүрген?

Дескриптор:

Пікір жазады, сұрақтарға жауап береді

-1- сұрақ

-2- сұрақ

-3- сұрақ

-4- сұрақ

2-тапсырма. Сурет пен сөйлемдерді сәйкестендір.

Дескриптор:

Сурет пен сөйлемдерді сәйкестендіреді

-1- сурет пен сөйлем;

-2- сурет пен сөйлем;

-3- сурет пен сөйлем;

	Суреттер		Сөйлемдер
А			1.Қазақтың байырғы қысқы мекені, әдетте суы бар, оты мол жерлерде орналасқан.
Ә			2.Шөптің жаңадан шыққан кезінде, көктем айларында мал жаятын өріс.
Б			3. Суы мол, шөбі шүйгін, шыбын- шіркей аз жерлерден таңдаған.
В			4.Оты мол, қыстауға жақындау жайылым алынған.

-4- сурет пен сөйлем

Қорытынды:

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қазақ тілі мен әдебиеті пәнін меңгертуде бағалауды икемдеп, жекелеген ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу – олардың оқу мотивациясын арттырып, оқу жетістігін жақсартуға ықпал етеді.

Оқушыға жеке қолдау мен ынталандыру қажет. Жұмыс барысында оң көзқарас танытады. Дифференциалды тәсіл тиімді нәтиже береді.

Бағалау кезінде оқушының даму ерекшеліктерін ескеру, тапсырмаларды бейімдеу және қолдау көрсету – оқу процесінің тиімділігін арттырады. Мұғалім тарапынан жүйелі бақылау мен оңтайлы бағалау әдістерін қолдану ұсынылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданы білім бөлімі Тобыл қаласының №1 жалпы білім беретін мектебі" КММ
Қазақ тілі мұғалімі Бексултанова Зарина Серикбаевна

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ 3 СЫНЫП

Оқушының аты-жөні: Л., 3 сынып

ПМПК қорытындысы: Психикалық дамуы тежелген бала. Дисграфия. Дислексия. Жалпы дамуында тежелуі бар Л. тән нәрселер: тез шаршау, есте сақтау қабілеті өте төмен деңгейде, қоршаған орта жайлы түсінігінің аз болуы, сөз қорының таяздығы, ойын және іс-әрекетінің қалыптасу қиындығы, қабылдауы баяу және ойлау қызметінің төмендігін, сөздік-логикалық операцияларының қалыптасу қиындығы кездеседі.

Пән мұғалімі ретінде төменгі қағидаларды ескерудемін:

1. Тапсырманың баланың даму деңгейіне сай болуы;
2. Баланы жеке тұлға ретінде қарап, оның жетістіктерін көріп, мадақтап отыру;

Арнайы педагог пен логопедтің ұсынымына сәйкес – сөздік қорын дамыту, мәтінді мазмұндауда тірек суреттер мен сөздерді пайдалану тиімді.

Ерекше қажеттіліктері:

- Тірек суреттер, тірек сөздер арқылы жұмыс;
- Қысқартылған/жеңілдетілген мәтін;
- Мұғалімнің жеке көмегі, жетекші сұрақтар;
- Бағалауда ауызша мадақтау және жетістікке жетелейтін кері байланыс.

Сабактың тақырыбы:

5-сабақ. «Әнел ақылды»

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:

- 3.1.5.1. тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды мұғалімнің көмегімен сипаттау.
- 3.2.3.1. белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын мұғалімнің көмегімен толықтыру.

Сабактың мақсаты:

- Тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсінеді, кейіпкерлері туралы сұрақтар қояды және оларды мұғалімнің көмегімен сипаттайды.
- Белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысады және сұхбаттасын түсінеді, олардың ойын мұғалімнің көмегімен толықтырады.

Біртұтас тәрбие: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»

Бөлім:	2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	
Педагогтің Т.А.Ә.:	Бексултанова Зарина Серикбаевна	
Күні:	2025 жыл	
Сынып: 3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабактың тақырыбы:	5 сабақ. Әнел ақылды	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.1.5.1. тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды мұғалімнің көмегімен сипаттау 3.2.3.1. белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын мұғалімнің көмегімен толықтыру
Сабақтың мақсаты:	Тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсінеді, кейіпкерлері туралы сұрақтар қояды және оларды мұғалімнің көмегімен сипаттайды Белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысады және сұхбаттасын түсінеді, олардың ойын мұғалімнің көмегімен толықтырады
Біртұтас тәрбие 	«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс -тар
Ұйымдастыру (Сабақтың басы) (2 минут)	Оқушылармен амандасады, түгендейді. Оқушыларды сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырады.	Оқушылар мұғаліммен амандасады. Психологиялық ахуалды өткізеді.  Оқушылар сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысып, жеке мақсаттарын қояды.		
Өткен білімді еске түсіру (3 минут)	Үй жұмысын тексеруді ұйымдастырады.	«Керекті сөзді жаз» әдісі Оқушылар көп нүктенің орнына берілген керекті сөздерді жазады	Керекті сөздерді орынды қолданды – 16 Керекті сөздердің мағынасын түсінді – 16	33-бет 
Жаңа білім (Сабақтың ортасы) (5 минут)	Мәтінді тыңдатады, оқиғаларды түсіну,	Жеке жұмыс. «Сұрақ-жауап» әдісі Тыңдалым мәтіні бойынша бос орындарға	Тірек сөздерді орынды қолданады –	

	кейіпкерлер туралы сұрақтарға жауап беру жұмысын ұйымдастырады	керекті сөздерді жазады, сұрақтарға жауап береді.	1б. Сұрақтарға жауап береді – 1б.	
(10 минут)	Мәтінді тыңдатады мұғалімнің көмегімен сипаттау жұмысын ұйымдастырады	Топтық жұмыс. «Әңгіме құрастыр» әдісі Берілген тірек сөздер мен суреттер арқылы әңгіме құрастырады.	Тірек сөздерді қолданды – 1б. Суреттерді қолданды - 1б. Әңгіме құрастырды – 1б	
(1 минут)	Сергіту сәтін ұйымдастырады	Оқушылар орнынан тұрып, сергіту сәтін жасайды.		
(15 минут)	Белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну жұмысын ұйымдастырады	Жұптық жұмыс. «Диалог» әдісі Берілген сөйлемдерге сұрақтар құрастырып, диалогті толықтырады.	Сұрақтарды құрастырды - 1б. Сұрақтарға жауап берді 1б. Ойын еркін жеткізді -1б.	
Сабақтың соңы (4 минут)	 <p>«Данышпан үкі» кері байланысы</p> <p>Үй тапсырмасы: 35-бет, Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.</p>			

Тапсырмалар



ТЫҢДАЛЫМ.

Ертегі



Үздік оқушы

Жұлделі орын



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Бос орындарға берілген керекті сөздердің тиістісін жаз.

Керекті сөздер: үш рет, оқығанды, жұлделі орын

Әнел кітап _____ жақсы көреді.

1) Аптасына _____ кітапханаға
баралы.

3) Олимпиадаларға қатысып _____
алалы.

2. Әнел қандай оқушы?

A) ұқыпты

Ә) ақыллы

Б) мейірімді

3. Әнел қайда қатысып жұлделі орын алалы?

A) конкурстарға

Ә) фестивальге

Б) олимпиадаға

2-тапсырма. Берілген суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып мәтіннің мазмұны бойынша әңгіме құрастыр.

Тірек сөздер: ақыллы, кітапхана, ертегі, үздік, жұлделі орын





АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Диалогті толықтыр.

-?
- Әнел – ақылды оқушы.
-?
- Ол аптасына үш рет кітапханаға барады.
-?
- Ертегі оқығанды жақсы көреді.
-?
- Сыныпта ең үздік оқушы.



4-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлемді жаз.

Әнел (кітапханаға, театрға, қалаға) аптасына үш рет барады. Ол (ертегі, әңгіме, өленді) оқығанды жақсы көреді. Әнел сыныпта ең (мейірімді, үздік, сұлу) оқушы.



Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

<u>Әнел</u>	<u>қатысып</u>	<u>ең үздік</u>	<u>көреді.</u>
<u>Аптасына</u>	<u>сыныпта</u>	<u>кітапханаға</u>	<u>алады.</u>
<u>Ертегі</u>	<u>үш рет</u>	<u>жақсы</u>	<u>барады.</u>
<u>Олимпиадаға</u>	<u>оқығанды</u>	<u>жүлделі орын</u>	<u>оқушы.</u>



Есте сақта!

Әнел ақылы.

Ертегі оқығанды жақсы көреді.

Сыныпта ең үздік оқушы.

Педагогтің рефлексиясы: Сабақ барысында М. мәтінді қысқартылған нұсқада тындап, тірек суреттер арқылы тапсырманы орындалды. Жетекші сұрақтар мен тірек сөздер қолдану нәтижесінде ол әңгіме құрастыруға белсенді қатысты. Диалог тапсырмасында дайын үлгілердің болуы оның сенімділігін арттырды. Келесі сабақта осы әлісті жалғастырып, сөздік қорын кеңейтуге көбірек көңіл бөлемін.

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы
Қобда ауылы Қобда қазақ орта мектебінің
Тарих пәнінің мұғалімі А. Енчбай

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға арналған білім беру әдістемелері және тарих сабағында сараланған тапсырмалар дайындау

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға арналған білім беру – қазіргі заманғы педагогиканың басты бағыттарының бірі. Оның мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру үдерісіне тарту, олардың әлеуетін ашуға жағдай жасау. Әсіресе зиятында бұзылыстары бар оқушыларға қолдау көрсету – қоғам алдындағы маңызды міндет. Мұндай оқушылардың даму ерекшеліктерін ескермейінше, олардың білім алуы мен әлеуметтік бейімделуі қиынға соғады. Сондықтан сабақ барысында арнайы әдістемелерді қолдану және сараланған тапсырмалар беру – ерекше білім берудің негізгі тетігі болып саналады.

Зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушылардың ерекшеліктері: бұл санаттағы оқушылардың есте сақтау қабілеті әлсіз, зейіні тұрақсыз және ойлау деңгейі баяу дамиды. Олар үшін арнайы:

- ◆ оқу материалын шағын бөліктермен беру;
- ◆ қарапайым әрі нақты нұсқаулар қолдану, ойын түрінде;
- ◆ көрнекіліктер мен практикалық әрекеттерге сүйену;
- ◆ тапсырманы бірнеше рет қайталау;
- ◆ міндетті түрде мадақтау және қолдау көрсету маңызды.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, мұғалім сабақ жоспарын бейімдейді.

ЕББҚ оқыту әдістемелері:

- ◆ Саралау әдісі – тапсырмаларды оқушының жеке мүмкіндігіне сәйкес түрлендіру;
- ◆ Көрнекілік әдісі – сурет, сызба, карта, бейнематериалдарды көбірек қолдану;
- ◆ Практикалық әрекеттер – қолмен ұстап, қимыл арқылы үйрену (мысалы, картамен жұмыс, рөлдік ойындар);
- ◆ Мотивация мен қолдау – жетістікке жеткен сәтін міндетті түрде атап өту, мадақтау;
- ◆ Қарапайым тіл – қысқа әрі түсінікті сөйлемдер қолдану.

Аталған санаттағы оқушыға әр мұғалім өз пәніне ыңғайлап тапсырмалар дайындайды. Мысалы:

Қазақ тілі сабағында негізгі сыныпқа мәтін құрастыру берілсе, ЕББҚ оқушыға сурет бойынша екі-үш сөйлем құрау.

Математика сабағында негізгі сыныпқа теңдеу шығару тапсырмасы берілсе, ЕББҚ оқушы – суреттегі алмаларды санап, қосу, алу амалын орындауы керек.


Дүниетану сабағында негізгі сыныпқа табиғи құбылыстарды сипаттау десе, ЕББҚ оқушы суреттен күнді, бұлтты, жаңбырды ажырату тапсырмасын орындауына болады.

Бейнелеу өнері сабағында жалпы сыныпқа композиция құру тапсырмасы берілсе, ЕББҚ оқушыға дайын үлгіні бояуға беруге болады.

Ал тарих сабағында сараланған тапсырмалар үлгілерін көрсететін болсақ, *хронология бойынша*:

Жалпы сыныпқа: «Қазақ хандығы құрылған жылды ата, ішкі, сыртқы саясаты бойынша түсіндір»;

ЕББҚ оқушы: Дайын карточкалардан Қазақ хандығы құрылған жылды таңдап алу.



Картамен жұмыс бойынша:

Негізгі сынып: «Қазақ хандығының аумағының кеңеюі мен өзгерістерін түсіндіріңіз.»

ЕББҚ оқушы: Оқушыға қатты қарапайым карта беріледі, онда Қазақ хандығының шекаралары анық белгіленген болуы тиіс. Тапсырманы орындағанда, көк маркермен немесе көк стикерлермен аумақты бояу немесе белгілеу ұсынылады.



Суретпен жұмыс бойынша тапсырма:

Жалпы сыныпқа: “Ғұндардың әскери жүйесін сипатта”

ЕББҚ оқушыға: Суреттен ғұн жауынгерін көрсетіп, қару атауын атау.

10 минут	«Ғұндардың әскери жүйесін сипатта» 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 Шәкілмен бағалаңыз? Неліктен? ЕББҚ оқушы (жеңіл ақыл-ой кемістігі) ЕББҚ оқушыға: Суреттен ғұн жауынгерін көрсетіп, қару атауын атау.	сапаттама береді. ЕББҚ оқушы (жеңіл ақыл-ой кемістігі) берілген суреттердің арасынан тауып көрсетеді	кері байланыс беріп отырады ҚБ «Шәкілдеу»: ҚБ мадақтау сөздері	
5 минут	2-тапсырма «Тарихи кілемше»: Адамның пайда болуы туралы түрлі	Суретті пайдалана отырып		

Сәйкестендіру тапсырмасы:

Негізгі сынып: «1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің себептері мен салдарын кестеге түсір».

ЕББҚ оқушы: Дайын кестедегі «себеп» пен «салдарды» сызықпен қосу.

Бұл тәсілдер ЕББҚ ететін оқушыларға тарих пәнін игеруге көмектесіп қана қоймай, өздерін сыныптың толыққанды мүшесі ретінде сезінуге жағдай жасайды. Ал негізгі қағида – ЕББҚ оқушыға тапсырманы жеңілдету, бірақ жалпы тақырыптан бөліп тастамау. Осылайша олар сыныптағы ортақ жұмысқа қатыса алады, әрі өз деңгейінде жетістікке жетеді.

Қорытындылай келе ерекше білім беру қажеттілігі – тең мүмкіндіктер қоғамына апарар жол. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға сабақ барысында сараланған тапсырмалар ұсыну – олардың оқу жетістігін арттырудың, өмірге бейімделуінің және өзін-өзі дамытуының басты құралы. Мұғалімнің дұрыс әдістемесі мен қолдауы арқылы мұндай балалардың әлеуеті ашылып, болашақта қоғамда өз орнын таба алады.

Жекеева Лаззат Нурбаевна

**Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда қазақ орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі**

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ
ЕТЕТІН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН
БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасауға бағытталған. Мұндай оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әділ және объективті түрде жүргізілуі тиіс.

Әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру оқу процесін тиімді ұйымдастырудың негізі болып табылады. Ол үшін алдымен жеке оқу бағдарламасын құрып алу қажет.

Жеке оқу бағдарламасы – МЖМБС бағдарланбаған (МЖМБС меңгеру талап етілмейді), білім алушының нақты оқу жетістіктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырылған бағдарлама.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде мүмкіндігі шектеулі балаларға, негізінен ерте және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын анықтауға арналған бірқатар тәсілдер ұсынылған (Н.М. Бгажнокова, М.В. Браткова, А. В. Захрепина, Ю.А. Разенкова, Е.А. Стребелева және т.б.). Алайда, бұл бағыттың дамуы, оның өзектілігі мен практиктердің сұранысына қарамастан, осы уақытқа дейін технологиялық тұрғыдан толыққандылыққа ие болған жоқ.

Жеке білім беру бағдарламасы бұл білім берудің белгілі бір деңгейінде оқыту мен тәрбиелеу процесінде мүмкіндігі шектеулі баланың арнайы білім беру

қажеттіліктерін барынша жүзеге асыруға жағдай жасауға мүмкіндік беретін білім беру курстарының, бағдарлама бөлімдерінің, олардың даму формалары мен әдістерінің жиынтығын қамтитын баланың жеке білім беру маршрутының материалдық көрінісі болып табылатын құжат. Жеке оқу бағдарламасын құру үшін арнайы Special-edu.kz сайтына кіріп жеке оқу бағдарламасын құрастыруға болады. Немесе арнайы "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 6 қарашадағы № 327 бұйрығына сәйкес дайын бағдарламадан алуға болады.

**ЖЕҢІЛ АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

1) 2-сынып:
1- кесте

Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Бөлімше (дағдылары)	Оқыту мақсаттары
		1-тоқсан	
Өзім туралы	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тақырыпқа байланысты мұғалімнің, сыныптастарының сөзін, қарапайым нұсқауын түсіну; 2.1.1.2 қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп түсіну
Менің мектебім		1.2 Қаратпа сұрақтарға жауап беру	2.1.2.1 тыңдау барысында қаратпа, қарапайым сөздердің мағынасын түсіну; 2.1.2.2 мазмұны бойынша сұрақтарға үлгі бойынша жауап беру
		1.3 Сөздердің лексикалық мағынасын, іс-әрекетке байланысты сөздер мен нұсқауды түсіну	2.1.3.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін түсіну, қолдану
		1.4 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі	2.1.4.1 мәтіннің тақырыбын анықтау, негізгі ойды білу

2020-2021 оқу жылында 1 сыныпқа ЕББҚ ететін оқушы келген болатын, қазіргі таңда 6 сыныпта оқиды. ПМПК қорытындысы бойынша ол оқушыға 3 сынып оқып жүрген кезде жеке оқу бағдарламасы құрылды. Педагогикалық зерттеу нәтижесінде оқушының өзекті даму аймағы қай сыныпта қалып қойғандығы анықталды. Баланың өзекті даму аймағы айқындалған №4 Бұйрыққа сәйкес бастауыш сыныптарда зерде бұзылысы бар балалар сыныптан сыныпқа қалдырылмайды. Сондықтан Special-edu.kz сайтындағы №51-інші Бұйрықтағы оның ішінде 2-сыныптың математикасын, қазақ тілін негізге ала отырып, арнайы зерде бұзылысы бар оқушы үшін жеке оқу бағдарламасын құрдым, соған сай тоқсан сайын жеке оқу бағдарламасы бойынша БЖБ,ТЖБ құрылып, сынақ алынды. Оқушының негізгі сыныбы 4-сынып бола тұра БЖБ, ТЖБ жұмыстары 2-сынып деңгейінде құрылды. Бұл оқу бағдарламасы әдістемелік ұсынымға сүйене отырып ПҚК педагогтарының ұсынымы негізінде жасалынды, себебі әр баланың даму деңгейі әр түрлі.

ЕББ ҚАЗЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫСЫ БАР СЫНЫПТАРДА ҚМЖ-ҒА АРНАЙЫ ТАПСЫРМА ЕНГІЗУ ҮЛГІСІ

6 минут	<p>ЕБҚ оқушы тапсырмасы</p> <p>● Оқушылар өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады және өзін танытады.</p>	Жаттығуды көшіреді, мысалдар келтіреді.	Дескриптор: Сұрақтарды тауып, көшіреді-16 балл	https://SpecialEdu.kz								
5 минут	<p>2 тапсырма Жалпы есім көп па, жалпы есім көп па, анықта</p> <p>3 тапсырма Жұптық жұмыс «Көршімен әңгімелес» әдісі Мәтінді оқып, Мәтінді пайдаланып кестені тиісті сөздермен толықтыр.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Жалпы есім</th> <th>Жалпы есім</th> <th>Көпше түрдегі зат есімдер</th> <th>Жекеше түрдегі зат есімдер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Жалпы есім	Жалпы есім	Көпше түрдегі зат есімдер	Жекеше түрдегі зат есімдер					Жалпы есім мен жалпы есімді анықтайды Мәтінді оқып, кестені тиісті сөздермен толықтырады.	Уш сөз қосып, толықтырады-16 балл	Оқулық 12-жақтығы 10 бет
Жалпы есім	Жалпы есім	Көпше түрдегі зат есімдер	Жекеше түрдегі зат есімдер									
6 минут	<p>ЕБҚ оқушы тапсырмасы</p> <p>● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады.</p>	Өлеңді оқып, көшіріп жазады. Кім? сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жазады.	Дескриптор: жалпы есімді, жалпы есімді анықтайды-16 балл	Таратпа								
6 минут	<p>ЕБҚ оқушы тапсырмасы</p> <p>● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады. ● Оқушылар өзін танытады, өзін танытады және өзін танытады.</p>		Дескриптор: Өлеңді оқиды-16 балл	https://SpecialEdu.kz								
	4 тапсырма		Қатесіз көшіреді-16 балл	Кім? сұрағына жауап беретін сөздерді табады-16 балл								

1. Мұғалімнің рефлексиясы және тәжірибесі

Мұғалім ЕБҚ оқушылармен жұмыс істеу барысында өз тәжірибелерін үнемі талдап, жетілдіріп отыруы қажет.

Мұғалімнің рефлексиясы оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және оқушылардың жетістіктерін арттыруға ықпал етеді.

2. Оқыту мен бағалауда қолданылатын әдістер

1. Сараланған тапсырмалар:

- Қарапайым, қысқа нұсқаулармен берілген.
- Бір кезеңде бір тапсырма ұсынылады.
- Көрнекі құралдар мен үлгілер қолданылады (мысалы: суреттер, схемалар).
- Жеке қолдау және қосымша түсіндірумен бірге орындалады.

2. Бағалау түрлері:

- Формативті бағалау: Күнделікті ауызша мадақтау, белгі қою (жұлдызша, стикер).

Дескриптор арқылы бағалау: Тапсырманың нақты критерийлері арқылы (мысалы, «сөйлемді бастады», «суретпен байланыстырды»).

- Портфолио: Жетістіктерін сақтап, даму динамикасын қадағалау үшін.

3. Бағалау әдістері:

- «Қол шапалақтау», «бағалау баспалдағы», «менің жұмысым – менің жұлдызым» әдістері.
- Тест тапсырмалары емес, практикалық, ойын арқылы тапсырмалар ұсынылады.

Мен өз сабағымда бағалау шкаласын қолдандым. Оқушы әр тапсырманы орындаған соң тиісті ұяшықты бояу арқылы сабақ соңында өзі жинаған балы арқылы бағасын анықтайды.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыға арналған сараланған тапсырма үлгілері.
Бұл тапсырмалар 2-сынып деңгейінде, қазақ тілі, математика, дүниетану сияқты пәндерге бейімделген.

1. Қазақ тілі пәні (сөздік қорды дамыту)

Тақырыбы: Жемістер

Тапсырма 1 (таңдауға негізделген):

Суретке қарап, артық сөзді тап.

Суреттер: алма, банан, қызанақ, жүзім

Жауабы: Қызанақ (жеміс емес, көкөніс)

Дескрипторы: артық жеміссті анықтайды 1-балл.

2. Математика пәні (есептеу дағдылары)

Тақырыбы: Қосу және азайту

Тапсырма 1 (көрнекілікпен):

Сурет бойынша есеп құр.

Сурет: $3 \text{ алма} + 2 \text{ алма} = ?$

Жауап: $3 + 2 = 5$ (алма)

Дескрипторы: Есептің қысқаша шартын жазады 1-балл

Шешуін табады 1-балл

3. Дүниетану пәні

Тақырыбы: Жабайы және үй жануарлары

Тапсырма 1:

Суреттерді екі топқа бөл (жабайы – үй).

Суреттер: түлкі, сиыр, қоян, жылқы, қасқыр

Жауап үлгісі:

- Жабайы: түлкі, қоян, қасқыр

- Үй: сиыр, жылқы

Дескрипторы: Жабайы жануарларды топтайды 1-балл

Үй жануарларын топтайды 1-балл

Тапсырма 2:

"Иә" немесе "Жоқ" деп жауап бер.

- Сиыр – үй жануары. (Иә)

- Қасқыр – үй жануары. (Жоқ)

Дескрипторы: Әр дұрыс жауапқа 1-балл

4. Қосымша тапсырма (логикалық ойлау):

Тапсырма:

Ұқсас фигураны тап. (Берілген 4 фигураның ішінен үшеуі бірдей, біреуі артық)

Мақсаты: Зейінді дамыту, салыстыру.

Ескерту:

- Әр тапсырмада үлгі көрсету маңызды.
- Тапсырма көлемі шағын, бір парақтан аспауы қажет.
- Қосымша сурет, бояу, қиып жапсыру элементтері қызығушылықты арттырады.

3. Оқу ортасын ұйымдастыру

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға қолайлы оқу ортасын құру өте маңызды. Бұл, мысалы:

- Шуды азайту, бейімделген құралдар мен ресурстарды пайдалану.
- Оқушының оқу процесін бақылап отыру үшін қосымша уақыт беру.
- Оқушының өзін жақсы сезінуіне және еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін жағдайлар жасау.



4. Бағалау және мониторинг

Оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында оқушы деңгейінің артуын жүйелі түрде бақылау маңызды:

- оқушының әртүрлі дағдылары бойынша жетістіктерін бағалау.
- оқу процесінің барысында өзгерістер мен түзетулер енгізу.
- оқу кезеңінің соңында оқушының жетістіктері мен жетіспеушіліктерін бағалап, келешекке ұсыныстар беру.

ЕББҚ оқушыға құрылған БЖБ, ТЖБ үлгісі ЖББОМ алынатын қалыпты БЖБ, ТЖБ үлгісі

«Қазақстан Республикасының Ғылым және Ғылымға байланысты Бағалау»

Бағалау

Бағалау критерийі

Оқу нәтижесі

Бағалау критерийі

Оқу нәтижесі

1. Өрнектерді сәйкес мәнімен байланыстыра алу.

$8 + 2$ $6 - 4$

11 14 10 + 6 2 + 7

2. Амалдардың орындалу ретін көрсете, Өрнектердің мәнін тап.

$10 - \frac{2}{5} - (5-5) = 0$ $10 + 4 - 2 = 12$

3. Есепті шығар.

Жағдидан 5 атақаты бар еді. Ол 2 атақатынан Әсетке сыйлады. Жағдидан қалған атақат қанша?

58.

«Қазақстан Республикасының Ғылым және Ғылымға байланысты Бағалау»

Бағалау

Оқу нәтижесі

Бағалау критерийі

Оқу нәтижесі

1-тапсырма

2-тапсырма

3-тапсырма

4-тапсырма

88.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Біртанбалы сандарды оңдықтан артқа қосады және азайтады	1	Бірінші алуым біртанбалы сандарды қосады; біртанбалы сандарды оңдықтан артқа қосады азайтады;	
Жақпалы және жақпалы өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібін анықтайды және өрнектің мәнін табады	2	жақпалы өрнектегі амалдардың орындалу ретін анықтайды; жақпалы өрнектің мәнін табады; жақпалы өрнектегі амалдардың орындалу ретін анықтайды; жақпалы өрнектің мәнін табады;	
Мәтіндік есептерді шығарады	3	есептің қысқаша шартын жазады /сызбасын сызды; есепті шешу амалын таңдайды және өрнек түрінде жазады; өрнектің мәнін табады; есептің жауабын жазады.	
Жалпы балл			10

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Білім алуым	Дескриптор	Балл
Разрядтық және құрамы бойынша кептабалы сандарды атайды	1	разрядтық құрамы негізінде кептабалы сандарды жазады; - бірінші санды; - екінші санды; көп сандыға өрнектердің жалпы санын анықтайды.	разрядтық және құрамы құрамы бойынша кептабалы сандарды атайды	1
Кептабалы сандарды қосу және азайтудың жазбаша есептеу тәсілдерін қолданады			Кептабалы сандарды қосудың жазбаша есептеу тәсілдерін қолданады	1
Уақыт бірліктерінің үлесін анықтайды	3	уақыт өлшемі бірліктерінің үлесін анықтайды; - сағаттың минуттық үлесін; - аптадың тәуліктік үлесін;		1
1000 000 кезіндегі сандар тізбегінің заңдылығын анықтайды	4	сандар тізбегінің заңдылығын анықтайды		1
Барлығы				9

1. Бос орындарды толтыр.

$29 = \square + \square$

$82 = \square$ онд. \square бірл. 5 онд. 7 бірл. = $\square + \square$

2. Есепті шығар.

Мектеп асханасына 4 кг банан және одан 2 кг артық алмұрт әкелінді. Мектеп асханасына неше килограмм алмұрт әкелінді?

3. Амалдарды орында.

$1 \text{ м} - 100 \text{ см} = 0$ $4 \text{ кг} + 5 \text{ кг} =$ $4 \text{ л} - 3 \text{ л} = 1$

4. Салыстыр. $>, <, =$ таңбаларының тиістісін қой.

$7 > 5$ $4 < 8$ $6 > 3$ $7 > 7$ $9 < 10$

88

1. Бөлшектерді салыстыр.

$\frac{7}{1} > \frac{5}{2}$ $\frac{3}{9} < \frac{6}{9}$

2. Есепте.

$\frac{8}{4} + \frac{3}{4} = \frac{11}{4}$ $\frac{2}{4} - \frac{6}{4} = \frac{-4}{4}$

3. Берілген шамалардың 1%-ын тап.

$300 \text{ см} = 3 \text{ м}$ $17000 \text{ кг} = 17 \text{ т}$

4. Есепті шығар


Дүкенге 156 кг балық әкелінді. Оның $\frac{1}{3}$ бөлігін сазан балықтар құрайды. Дүкенге неше килограмм сазан балық әкелінді?

5. Теңдеуді құрастыр және оны шеш. Кері есеп құрастыр.

Болат пен Серіктің үйлерінің арақашықтығы 160 м. Олар мектепке қарай бір уақытта шығып, бір бағытта жүрді. Серік 120 м/мин, ал Болат Серіктің арғынан 80 м/мин жылдамдықпен жүрді. Неше минуттан кейін Болат Серікті қуып жетеді.

8

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	$29 = 20 + 9$ $82 = 8$ онд. 2 бірл. 57	1	
2	Банан – 4 кг Алмұрт – 7, 2 кг артық	1	 сызбасы қабылданады
	$4 + 2 =$	1	Өрнектің дұрыс құрастырылғаны үшін балл кофтылады
	$4 + 2 = 6$ (кг)	1	Өрнектің мәнін табу үшін балл беріледі
3	Мектеп асханасына 6 кг алмұрт әкелінді/6 кг алмұрт	1	6 кг жауабы да қабылданады
	0	1	
	9	1	1 ц жауабы да қабылданады
	$>$	1	
	$<$	1	
	$>$	1	
	$>$	1	
	$<$	1	
	Барлығы	15	

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	$>$ $<$	1	
2	$\frac{11}{4}$ $\frac{14}{4}$ $\frac{15}{4}$ $\frac{24}{4}$	1	
3	Эсм 170 кг	1	
4	Барлығы - 156 кг Сазан - $7, \frac{1}{3}$	1	Есептің сызбасы да қабылданады.
	$156 : 3 =$	1	Өлшем көрсетілмеген бірлігі жағдайда жауап қабылданбайды.
	52	1	
	Жауабы: 52 кг сазан/52 кг/52	1	
5	$7 + 5 =$	1	
	12 (күн) – барлық уақыт	1	
	$8640 : 12 =$	1	
	720 (кітап) – 1 күнде	1	
	$720 \cdot 7 =$	1	
	5040 (к) – I баспахана	1	
	$720 \cdot 5 =$	1	
	3600 (к) – II баспахана	1	
	Барлығы	18	

Жеке оқыту жоспарын қайта қарау.

Ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушының оқу барысындағы қиындықтары мен қажеттіліктерін, оқу үлгеріміндегі ауытқушылықтардың себебін күнделікті бақылай отырып, оқушының білім деңгейі мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптары арасындағы алшақтықты барынша азайту; – оқушының үлгерімі жайлы ақпарат нақты әрі мазмұнды болуы қажет, сонымен қатар тек мұғалім ғана емес, ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушы да өз үлгерімі туралы ақпараттан хабардар болуы тиіс.

Әрбір оқушының дамуы ерекше болғандықтан, жеке оқу жоспары уақыт өте келе өзгеруі мүмкін. Бұл жоспардың тиімділігіне қарай оны қайта қарап, жаңартулар енгізу қажет.

Қорыта келетін болсақ ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін жеке оқу бағдарламасын құру — бұл олардың мүмкіндіктерін толық пайдаланып, өздеріне ыңғайлы және тиімді жағдайда білім алуларына мүмкіндік беру. Оқу бағдарламасы бірлескен жұмыс арқылы жүзеге асырылады, және ол үнемі бақылауды, қажетті түзетулер мен өзгерістер енгізуді талап етеді.

ЕББҚ оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әділ және объективті түрде жүргізілуі тиіс. Сараланған тапсырмалар мен бағалау тәсілдері оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың білім сапасын арттыруға бағытталуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2020). Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері. – Нұр-Сұлтан.
2. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. (2022). Инклюзивті білім беруді дамытудың әдістемелік ұсынымдары. – Астана: «Өрлеу» БАҰО.
3. Сатова, М. Т. (2019). Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда саралау әдістері. // Педагогикалық шеберлік және тәжірибе. №2(15), 37–41 б.
4. Tomlinson, C. A. (2014). The Differentiated Classroom: Responding to the Needs of All Learners. — ASCD.
5. Florian, L., & Black-Hawkins, K. (2011). Exploring inclusive pedagogy. British Educational Resea...

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Мусина Мейрамгүл Ерханқызы

Мен, Мусина Мейрамгүл Ерханқызы, Қобда қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімімін. Қазіргі таңда педагогикалық тәжірибем барысында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасау тәжірибем қалыптасып жатыр.

2023-2024 оқу жылында менің сыныбыма ерекше білім беруді қажет ететін оқушы қабылданды. Баланың даму ерекшеліктеріне байланысты, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (ПМПК) қорытындысы негізінде оған **зейін мен сөйлеудің дамуының тежелуі** диагнозы қойылды. Осыған орай, оқушы оқу үдерісіне **бейімделген жеке білім беру бағдарламасы** бойынша қатысады. Атап айтқанда, математика пәні бойынша бейімделген оқу бағдарламасы негізінде білім алады. Бұл бағдарлама оқушының танымдық ерекшеліктері мен оқу мүмкіндіктерін ескере отырып жасалды.

Қосымша №1

Бейімделген оқу бағдарламасының басты титул парағы

Бейімделген оқу бағдарламасының басты титул парағы



«Бейімделген»
Мектеп директоры: С. Орлынова
2025ж.

«Кейіпсіз»

ПЕДҚ-ның №1 хаттамасы негізінде ресімделді
ПЕДҚ қызметінің төрайымы: А.К.Тулешова

4 «Ә» сынып оқушысы

жылдың I жартыжылдығы бойынша математика пәнінен
бейімделген оқу бағдарламасы

Құрастырған: Мусина М.Е.

Қосымша №2

Оқушының ерекшелігін ескере отырып құрастырған бейімделген оқу бағдарламасының үлгісі (4 сынып, математика – I тоқсан)

Бөлімі	Оқу бағдарламасы	Бейімделген бағдарлама
I тоқсан 1 (А)-бөлім: Көптабылы сандар нумерациясы және оларға амалдар қолдану	4.5.1.3 санның және шаманың үлесін табуға берілген өсеттерді талдау және шығару; кері өсет құрастыру және шығару 4.4.1.3 **өсеттерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде жиындардың қиысуы мен бірігуінің ауыстырылдығы және терісдік қасиеттерін қолдану 4.1.1.1 көптабылы сандардың құрастыру жолын түсіну, натурал сандар қатарындағы 1 000 000 көлеміндегі санның орнын анықтау 4.1.1.4 санның ірі бірлігі – миллионды құрастыру; жүз миллион көлемінде санау, жазу, салыстыру 4.1.1.2 көптабылы сандарды оқу, жазу және салыстыру/сандарды берілген разрядқа дейін дөңселектеу 4.1.1.3 көптабылы сандардың разрядтық, кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштар қосындысына жіктеу 4.1.2.2 көптабылы сандармен арифметикалық амалдарды орындауда 0 мен 1 сандармен қасиеттерін қолдану 4.1.2.5 көптабылы сандарды ондық құрамы негізінде ауыстыру жолы және азайтуды орындау; микрокалькулятордың көмегімен өсеттеулер жүргізу	* 4.1.1.1 көптабылы сандардың құрастыру жолын түсіну, мұғалімнің көмегімен разрядтық қосылғыштарға жіктеу * 4.1.1.4 санның ірі бірлігі – миллионды сандар классының көмегімен құрастыру * 4.1.1.2 көптабылы сандарды оқу, жазу және салыстыру/ сандарды берілген разрядқа дейін мұғалімнің көмегімен дөңселектеу * 4.1.1.3 көптабылы сандардың разрядтық, кластық құрамымен танысу, оқуды үйрену * 4.1.1.3 кеністік геометриялық фигураларды сипаттау және босқа да фигуралар ішінен табу

Бейімделген оқу бағдарламасын сабақ жоспарына кіріктіру үгісі

Білім беру ұйымының атауы	Қобда қазақ орта мектебі			
Пәні:	Математика			
Бөлімі:	КОПТАНБАЛЫ САНДАР НУМЕРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН АМАЛДАР ОРЫНДАУ			
Педагогтің аты-жөні:	Мусина М.Е.			
Күні:	22.09.2025 жыл			
Сынып:	4 «Ә» сынып			
Сабақтың тақырыбы:	№16 сабақ. Өткенді қорытындылау			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.1.2.8 - көптанбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану * 4.1.1.1 көптанбалы сандардың құрылу жолын түсіну, визуальны көмегімен разрядық қосылғыштарға жіктеу			
Сабақтың мақсаты	Ақша ұсастайды, көптанбалы сандарды баған түрінде есептейді			
Құндылықтар: Қыркүйек айы: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Сабақ құндылығы: Жасына байланысты қол жетімді еңбек, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуға дайын болу Апта дәйексөзі: «Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы/Абай/»			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақ тақырымының басы 5 минут	Сабаққа дайындық жасау Психологиялық ахуалды жақсарту «Аласқан әріптер» ойыны Сәлеметсіңбе? Ойың таң!	Әріптерден сөз құрастырады	Мақтап, мадақтап отыру	Интербелсенді тақта Суреттер

Бейімделген бағдарлама аясында оқушыға оқу материалы жеңілдетілген түрде, көрнекілікке және практикалық әрекеттерге сүйене отырып ұсынылады. Сабақ барысында сараланған тапсырмалар мен ойын элементтері, визуалды құралдар кеңінен қолданылады. Бұл оқушының оқу мотивациясын арттырып, оқу материалын қабылдауын жеңілдетуге септігін тигізеді.

Оқу процесінде оқушыға сараланған тапсырмалар ұсынылады. Бұл тапсырмалар күрделілік деңгейі, мазмұны және орындалу тәсілдері бойынша бейімделген. Әр тапсырма нақты дескрипторлармен (бағалау критерийтерімен) бірге беріледі, бұл оқушыға өзінің оқу нәтижесін түсінуге, ал мұғалімге оқушының жетістігін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Оқу процесі барысында сыныптағы барлық оқушыларға оқулыққа сүйеніп, тақырыпқа және оқу мақсатына сай тапсырмалар құрастырылады. Ал ерекше білім беруді қажет ететін оқушының танымдық деңгейі мен оқу мүмкіндіктерін ескере отырып тақырып пен бейімделген оқу бағдарламасын негізге алып сараланған тапсырманы құрастырамын.

Тапсырма №4



Дескриптор:

Ас мәзірін таңдады-16

Мүмкіндіктер тармағын құрады-16

Оларды есептеп, қымбатын тапты-16

Жоғарыда көрсетілген №4 тапсырма сыныптағы барлық оқушыларға арналған есеп. Ұсынылған есепте оқушылар ас мәзірін негізге алып мүмкіндіктер тармағын құрастырады. Содан соң мүмкіндіктер тармағын ескере отырып ең арзан және ең қымбат түскі ас мәзірін анықтайды.

Оқушылардың жауаптары:

Handwritten solutions for the diet problem, showing calculations for different menu options and their total costs in tenge (тг).

Ал ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға №4 тапсырманы саралап ұсынамы. Яғни, бұл оқушы мүмкіндіктер тармағын құрмайды. Берілген ас мәзірін қарап арзан және қымбат тағамды таңдайды және ас мәзірін мұғалімнің көмегімен құрастырады.

№4 тапсырма



Дескриптор:

Ас мәзірін құрастырды -16

Оның бағасын шығарды -16

Арзан және қымбат асты анықтайды – 16

****-тың жауабы

Жоғарыда ұсынылған тапсырма – бейімделген оқу бағдарламасы шеңберінде ұсынылған сараланған тапсырмалардың бір үлгісі ғана. Оқу жылы барысында оқушының даму ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі тақырыптарға сәйкес басқа да сараланған тапсырмалар жүйелі түрде құрастырылып, оқу процесінде қолданылды. Сараланған тапсырманы оқу жоспарына кіріктіру үшін дескрипторы және тапсырмасы нақты дайындалу қажет.

Қосымша №4

Барлық оқушыларға арналған тапсырма		<p>«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: Жасына байланысты қол жетімді еңбек, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуға дайын болу.</p> <p>ФС тапсырмасы Математика күнделікті өмірде 4 а) тапсырма. Ас мәзірін қара. Үш түрлі тағамның түскі ас ішудің қандай нұсқалары бар және олар нешеу? Мүмкін болатын нұсқаларды жазып, теңгемен ең арзан және ең қымбат түскі ас нұсқасын анықта. Жауап: Ең қымбаты: Сорпа-380тнг Қазақна ет-420тнг Шұбат-290тнг Барлығы-1000тнг</p>	Есепті шығарады	Тапсырманы орындайды	<p>Дескриптор: Ас мәзірін таңдады-16 Мүмкіндіктер тарапынан құрастырады – 16 Оларды есептеп, қымбатын тапты-16</p> 
ЕББҚ оқушыға арналған сараланған тапсырма		<p>Б.А.-қа тапсырма 4В-тапсырма Қымбат және арзан тағамдардың бағасын шығар</p> <p>Ас мәзірін құрастыр</p> 	Тапсырманы орындайды	Дескриптор: ЕКБ Ас мәзірін құрастырды-16 Оның бағасын шығарды-16 Ең арзан және ең қымбат асты анықтайды-16	<p>Суреттер</p> <p>Ас мәзірі жазылған парақтар</p> <p>Кесте</p>

Келесі кезекте өз тәжірибемде қолданып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арнап әзірлеген тапсырмалар легін ұсынамын. Бұл тапсырмалар оқушының танымдық қабілетін дамытуға, зейінін шоғырландыруға және жеке қабілетіне сай бейімделген. Оқушы математика пәніне бейімделген оқу бағдарламасымен оқитын болғандықтан, оқушыға аталған пәнді меңгеруде көмек көрсету мақсатында төмендегідей тапсырмаларды ұсынамын.

№ 1 тапсырма. Жай теңдеуге айналдырып, шешу жолын көрсет



Дескриптор

1. Мұғалімнің көмегімен жай теңдеуге айналдырады -1 б
2. Көптаңбалы сандарды азайту алгоритмін пайдаланады – 16

№ 2 тапсырма. Үш таңбалы сандарды көбейт. Дұрыстығын тексер

$$202 \cdot 9 = \underline{\hspace{2cm}} \qquad 808 \cdot 5 = \underline{\hspace{2cm}}$$


$$967 \cdot 2 = \underline{\hspace{2cm}} \qquad 863 \cdot 5 = \underline{\hspace{2cm}}$$

Дескриптор

1. Үш таңбалы сандарды жеке-жеке көбейтеді-16
2. Кері амалдарды пайдаланып, дұрыстығын тексереді-16

№3 тапсырма. Жиын.

1. Жиындарды қалай атауға болады?



Дескриптор

1. Жиындарды бақылап, бір-бірінен ажыратады – 1 б
2. Жиын атауларын жазады – 1б

№4 тапсырма. Көптанбалы сандарды құрастыр және оқы



Дескриптор

1. Ұсынылған вагондар арқылы үш таңбалы сандарды құрады – 1 б
2. Үш таңбалы сандарды дұрыс оқиды – 1 б

Ұсынылған сараланған тапсырмаларды қолдану барысында ерекше қажеттілігі бар оқушының қызығушылығы артқанын, тапсырмаларға белсенді қатысқанын байқадым. Бұл тапсырмалар жеке оқушының қабілетіне бейімделгендіктен, олардың оқу үдерісіне деген ынтасын оятып, мақсатқа жетуге орасан зор мүмкіндік берді.

Қорыта келгенде, оқу жылының I тоқсанында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 4-сынып оқушысына математика пәні бойынша бейімделген оқу бағдарламасы аясында сабақтар сараланған тапсырмалар арқылы ұйымдастырылды. Оқыту барысында оқушының жеке ерекшеліктері ескеріліп, білім беру мазмұнына сәйкес сараланған тапсырмалар мен оларға арнайы дескрипторлар құрылды. Бұл тәсіл оқушының оқу материалын тиімді меңгеруіне ықпал етіп, оң нәтиже көрсетті.

Оқу жылының I тоқсан және IV тоқсаны аралығында жүргізілген сараланған тапсырмалардың нәтижелілігі бейімделген оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын меңгеруде 89% нәтижеге қол жеткізді.(Ақпараттың дұрыстығы BilimClass онлайн платформасындағы оқушының күнделікті қалыптастырушы және формативті бағалауынан көруге болады.) Бұл көрсеткіш оқыту әдістемесінің тиімділігін және сараланған тапсырмалардың білім алушының танымдық деңгейіне сәйкестігін дәлелдейді.



Меңгеру деңгейі:

- 1-тоқсан: 61% (3 сыныпта меңгерілген оқу мақсаттары бойынша)
- 2-тоқсан: 69%
- 3-тоқсан: 77%
- 4-тоқсан: 89%

Сараланған тапсырмалар мен нақты дескрипторлар қолданылған сабақтар барысында ЕББҚ оқушысының математикалық білімін меңгеру деңгейі айтарлықтай артты.Бейімделген оқу мақсаттары меңгерілу деңгейі оң нәтиже беруде. Бұл тәжірибе және арнайы тапсырмалар инклюзивті білім беруде **саралау әдісінің** жоғары тиімділігін көрсетеді.

Бөлім: Мәңгілік Ел – мұратым.		Мектеп: №19 ЖОББМ Көкшетау қ.		Сыныбы: 9	
Күні: 24.09.	Мұғалімнің аты-жөні: Бекен Ж. А.				
Пәні: қазақ тілі	Қатысқан оқушылар саны:		Қатыспағаны:		
Сабақтың тақырыбы:	Астана – тәуелсіздік тұғыры				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; 9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу				
Сабақ мақсаттары:	жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрып, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады				
ЕББҚ оқушы мақсаты (жалпы білім беру бағдарламасына сай бейімделген)	ауызша және жазбаша мәтіндер үшін жоспар құрады, сөзді орфографиялық нормаға сай жазуға тырысады				
Құндылықтарға баулу	Құндылық-еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік: орындалатын тапсырмалар арқылы өскелең ұрпақты еңбекқорлыққа баулу, ынтымақтастыққа тәрбиелеу арқылы адал азамат болып өсуіне бағыт-бағдар беру				
Апта дәйексөзі	«Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.» Абай Құнанбайұлы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесіп, назарын сабаққа аудару. Сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру. «Мен саған сенемін» жаттығуы. Жұпқа бірігеміз. Бір-біріңізге қарама қарсы орналасыңыз. Азғантай уақыт бір-біріңіздің көздеріңізге тіке қарап, тыныш отырыңыз. Енді бір-біріңізге «Мен саған сенемін, өйткені...» деп сөйлемді жалғастырыңыз. Топқа бөлу. ЖИ «Flirpity» сайтында оқушыларды «RANDOM NAME» арқылы топқа бөлу.		Оқушылармен сәлемдесіп, назарын сабаққа аудару. Сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру. Сыныпты 3-топқа бөлу	Қалыптастырушы бағалаулар ҚБ «Бас бармақ» әдісі	9-сынып «Қазақ тілі» оқулығы Арман ПВ баспасы

Қызығушылықты ояту. «Астана қаласына саяхат»

- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықта еркін отырамыз. Көзімізді жайлап жұмамыз. Өздеріңді ұшқыш кілемге отырып, «Басқа қалаға» сапар шегіп барамыз деп елестетіңдер. «Ұшқыш кілем» көкке көтеріліп барады. Алдымыздан қоңыр жел есіп тұрғандай. Ашық аспан биігінен қарасақ биік-биік таулар мен шексіз далалар, ну ормандар мен тоғайлар, көлдер артта қалып бара жатқандай. «Ғажайып қалаға» да келіп жеттік. Нұрдан төгілген жан жылулығы бой-бойымызға тарап бара жатқандай. Өйткені, еліміздің ғажайып қаласы достық-сыйластық пен жылылықтан құралған. Көзімізді ептеп ашайық. (Көздерін ашқанда тақтадан Астананың суреттері көрсетіліп тұрады.)

«Суреттер галереясы»



Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?

(оқушылар жауап береді.)

Иә, дұрыс айтасыңдар! Яғни, бүгінгі сабақтың тақырыбы «Астана-тәуелсіздік тұғыры!»

Сабақтың тақырыбы, мақсаты анықталады.

Оқушылар көз жұмып, қиялдарымен Астана қаласына саяхат жасайды.

Астана қаласының суреттері көрсетіледі.

Сабақтың тақырыбы,

Қалыптастырушы бағалау «Бас бармақ» әдісі

ҚБ «Шапалақ» әдісі

<https://www.youtube.com/watch?v=dHVuNScjb1A>

<p>Сабақтың ортасы: 30 мин.</p>	<p> ОҚЫЛЫМ АЛДЫ. Сұрақ-жауап әдісі арқылы алдыңғы білімді еске түсіріп, оқылым тапсырмасына дайындық жасаймын. -Стильдің қандай түрлерін білеміз? -Жанрлар туралы не айта аласыңдар? - Мақаланың құрылымы мен рәсімделуі және жанрына тән стильдік-жанрлық ерекшеліктері туралы не білесіздер? - Мақала жанрының ерекшелігі қандай?</p> <p> II. ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ <i>(Топтық жұмыс)</i> 2-тапсырма. Оқылым айдарында (23-24 бетте) берілген мақала негізінде стилі мен жанрлық ерекшелігін ажыратыңдар. 5-тапсырмамен ұштастырып күрделі жоспар құру керек. 1-топ: Мәтінді оқып, мазмұнын талдайды және күрделі жоспар құрастырады 2-топ: Стилі мен жанрлық ерекшелігін ажыратады және күрделі жоспар құрастырады 3-топ: Мақаланың рәсімделуіне мән беріп, құрылымын талдайды және күрделі жоспар құрастырады Дескриптор: -мәнерлеп оқиды -мазмұнын талдайды -стилін ажыратады -жанрлық ерекшелігін талдайды - мақаланың рәсімделуін талдайды -құрылымын талдайды - күрделі жоспар құрастырады ҚБ Жазылым <i>(Тақтамен жұмыс)</i> 4-тапсырма Фонетикалық және морфологиялық принцип бойынша жазылған сөздерді анықтаңдар.</p>	<p>мақсатын анықтайды.</p> <p>Мақаламен танысады, жанры мен стилін анықтайды. Оқылым мәтініне күрделі жоспар құрастырады</p>	<p>ҚБ «Мадақтау»</p> <p>ҚБ «Шапалақ әдісі»</p>	<p>АКТ, слайд</p>
---	---	--	--	-------------------

<p>Сабақтың соңы: 8 мин.</p>	<p>Дескриптор: фонетикалық принцип бойынша жазылған сөздерді анықтайды морфологиялық принцип бойынша жазылған сөздерді анықтайды сауатты жазады</p> <p>Жеке жұмыс Бекіту. Функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырма. Практикалық жағдаят. Сенің шетелден келген досың бар делік. Ол Қазақстан астанасына саяхат жасағысы келеді. Досыңа Астана туралы ақпарат беріп, WhatsApp-қа арналған қысқа хабарлама жаз.</p> <p>Дескриптор: қысқа хабарлама жазады шетелдік досына арнайды Астана қаласы туралы ақпарат береді</p> <p>ЕББҚ бар оқушыға тапсырма 1-тапсырма. Мәтінді оқы және оған сәйкес жоспар құр. Астана — Қазақстан Республикасының астанасы және еліміздің саяси, әкімшілік, мәдени орталығы. Қала 1997 жылы Алматыдан астана мәртебесін қабылдап, жаңа даму кезеңіне қадам басты. Есіл өзенінің бойында орналасқан Астана заманауи сәулетімен, биік ғимараттарымен және ерекше жобаларымен танымал. Астанада көптеген маңызды мемлекеттік мекемелер, министрліктер, Президент резиденциясы (Ақорда), Парламент үйі орналасқан. Сонымен қатар, «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Бейбітшілік және келісім сарайы» сияқты сәулет нысандары – қаланың символына айналған. Қалада бірнеше жоғары оқу орны, театрлар, мұражайлар мен мәдени орталықтар бар. Астана – халықаралық шаралар мен форумдардың, көрмелердің орталығы. 2017 жылы мұнда «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтті. Бүгінде Астана – қарқынды дамып келе жатқан, болашағы зор қала. Ол Қазақстанның тәуелсіздігі мен бірлігінің нышанына айналған.</p>	<p>Мәтіннен фонетикалық және морфологиялық принцип бойынша жазылған сөздерді анықтап жазады.</p> <p>Дескриптор: -жоспар құрады -мәтін мазмұнына сүйенеді -сауатты жазады</p>	<p>ҚБ «Мадақтау»</p>	
--	---	--	--------------------------	--

Жоспар

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

2-тапсырма. Мәтінге сүйеніп сөздердің қателерін түзеп жаз

Мәтіннен алынған сөздер	Қалай жазылуы керек
Еліміздің әкімшілігі орталығы биігі ғимараттарымен ерекше көптөген министрліктер мәдени бүгінде	

3-тапсырма. Мәтін бойынша әңгімеле.



Рефлексия



24 бет 6-тапсырма беріледі.

Дескриптор:

-кестеге

түсіреді

-

орфографиялық

норманы

сақтайды

Дескриптор:

-қала туралы

айтады

-суретке сүйенеді

Үй тапсырмасы:

2 мин.

**Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы Т.Есетов атындағы
№264 мектеп-лицейінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Кумекбаева Салтанат Есқарақызы**

**Қазақ тілі пәні бойынша зиятында бұзылысы бар оқушылардың
жеке бағдарламаларын құрастыру мен оқу жетістіктерін бағалаудың
тәжірибелік үлгілері (авторлық бағдарламадан үзінді)**

Зиятында жеңіл деңгейдегі бұзылысы бар оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін, оқу және жазу деңгейін арттыру мақсатында қазақ тілі пәнінен жеке бағдарлама жасау үшін 7-сыныпқа арналған (Авторлары: К.М.Бекмұхамбетова, А.К.Биисова) «Қазақ тілі» оқулығы пайдаланылады. «Қазақ тілі» сабағын жүргізу барысында аптасына 2 сағаттық жүктеме бойынша аталған оқулықтағы (оқушының қабылдауы мен түйсіну деңгейіне қарай) жекелеген бөлімдер қамтылады. Әсіресе, зиятында жеңіл деңгейдегі бұзылысы бар 7-сынып оқушысы Ж -ның қабылдау әрекетіне қарай «Менің туған өлкем» және «Денсаулық- зор байлық» тақырыбындағы бөлімдер көбірек қарастырылған. Дыбыс және әріп тақырыптарын оқыту үшін зияты зақымдалған оқушыларда абстрактілі ойлау функциясы бұзылғандықтан жеңіл меңгерілетін бірнеше дауысты және дауыссыз дыбыстар таңдалып алынған жөн. Оқушы дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата отырып, жазуға машықтандырылады. Ол үшін жеңілдетіліп жасалған тапсырмалар жиынтығы, ойын әдістері қолданылды. Жыл көлемінде дыбыстардан буын құрату, буындарды жазбаша жаздыру мен ауызша оқуға ынталандырылады. Сөз туралы түсінік қалыптастырылады. Бұл жеке бағдарламамен оқытылған оқушы сөйлеу тілінің қарапайым деңгейінен күрделі деңгейге өтуге, сөйлеу тілі барысында қысқа буыннан толық сөзге, әрі қарай сөйлемге көшуге мүмкіндік алады. Жеке бағдарламаны құрастыру үшін бірнеше бөлімдер нақтыланады. Қысқаша үлгіде мысалдар келтірер болсақ:

1. Жеке оқу бағдарламасының мақсаты;
2. Міндеті;
3. Оқу жетістіктері бағалау
4. Күтілетін нәтиже

Одан әрі Ж есімді оқушыны қазақ тілі пәні бойынша оқыту үшін арнайы оқулыққа сүйене отырып, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығының 512-қосымшасында көрсетілгендей оқу пәнінің мазмұны арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспар жасалынады. (Үлгі 1-оқу тоқсанына)

**«Қазақ тілі» пәні бойынша
күнтізбелік-тақырыптық жоспар
7-сынып**

Жылына- 70 сағат, аптасына - 2 сағат.

Ұзақ мерзімді жоспардың	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді	Оқу мақсаты	Сағ. саны	Күні
-------------------------	---------------------------	-------------	-----------	------

бөлімдері	жоспардың мазмұны			
1-тоқсан 16 сағат				
Менің туған өлкем	1.Дыбыс және әріп	7.1.1.1 Дыбыстар туралы түсінік беру 7.1.1.3Сөйлеу тіліндегі дыбыстарды дыбыстап айтуға үйрету, әріптермен таныстыру	2	06-07.09
	2.Тіл дыбыстары туралы түсінік	7.1.1.1 Дыбыстар туралы түсінік қалыптастыру 7.1.1.3 Сөйлеу тіліндегі дыбыстарды дыбыстап айтуға үйрету	2	13-14.09
	3.Дауысты дыбыстар және олардың түрлері	7.1.2.1 Дауысты дыбыстар А,Ә,О,Ө дыбыстарының айтылуын түсіндіру 7.1.3.1 Дауысты дыбыстар А,Ә,О,Ө дыбыстарын жаздыру	4	20,21,27, 28,-09
	4. Дауысты дыбыстар және олардың түрлері	7.1.1.1 Дауысты дыбыстар А,Ә,О,Ө дыбыстарының айтылуын түсіндіру 7.1.3.2Дауысты дыбыстар А,Ә,О,Ө дыбыстарын жаздыру	4	4,5,11,12 -10
	5. Дауысты дыбыстар және олардың түрлері	7.1.1.1 Дауысты дыбыстар А,Ә,О,Ө дыбыстарының айтылуын түсіндіру 7.2.3.1 Дауысты дыбыстар А,Ә,О,Ө дыбыстарын жаздыру	2	18,19.10
	Бөлім бойынша жиынтық бағалау	Дауысты дыбыстарды жаздырып, оқыту (оқылым, жазылым тапсырмалары бойынша)	1	19.10
	Тоқсан бойынша жиынтық бағалау	Дауысты дыбыстарды талапқа сай жаздыру (жазылым тапсырмалары бойынша)	1	26.10

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша оқушыға арналған **қысқа мерзімді жоспар** жазылады (Келесі үлгі 1-оқу тоқсанының 1 сабағына жасалған)

Қысқа мерзімді жоспар

Сабақтың тақырыбы: Дыбыс және әріп

№1- сабақ

Бөлім:	Менің туған өлкем
Педагогтің аты-жөні:	Кумекбаева С.
Күні:06.09.2025ж	
Сыныбы: 7	
Сабақтың тақырыбы:	Дыбыс және әріп
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.1.1 Дыбыстар туралы түсінік беру 7.1.1.3Сөйлеу тіліндегі дыбыстарды дыбыстап айтуға үйрету, әріптермен таныстыру

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: (Ұ) “Гүлмен тілек” әдісі арқылы оқушыға жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.	Мұғаліммен бірлесе жақсы тілектер айтады.	Мақсаты: Оқушы бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау. Тиімділігі: Көңіл-күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.	Тілектер
Жаңа сабаққа кіріспе 	(Ұ) «Миға шабуыл» әдісі арқылы жаңа тақырыпқа шолу жасап, сұрақтарға жауап береді	1. Дыбыс деген не? 2. А дыбысы қандай дыбыс?	Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. . Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді.	Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин.	1-тапсырма: Тапсырманы орында	1-тапсырма: Сөздерді оқы. Ар, ас, ер, ат, ор, өрт, көк, жел	Дескриптор: Жалпы – 3 балл. Сөздерді оқиды.	Оқулық, жұмыс дәптерлері
	2-тапсырма: Тапсырманы орында	2-тапсырма: Сөздерді оқы. Қанша әріп бар екенін тап. Ата, ауыл, бала, күн, от	Дескриптор: Жалпы – 4 балл. Сөздерді оқиды. Қанша әріп бар екенін табады.	Оқулық, жұмыс дәптерлері

Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.	Жеке жұмыс: - бүгінгі сабақта мен...түсіндім, ...білдім, ...көзімді жеткіздім.	Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы!	
--	-----------------------------	--	--	---

Оқушының алған білімінің нәтижелігін тексеру мақсатында төмендегіше тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, бөлім және тоқсан бойынша жеңілдетілген үлгідегі жиынтық бағалау алынады (Үлгі 1-оқу тоқсанындағы 1-бөлімге арналған)

«Қазақ тілі» пәнінен зерде бұзылысы бар 7-сынып оқушысына арналған I оқу тоқсанындағы **бөлім бойынша жиынтық бағалау** тапсырмалары

Күні:

Сыныбы:



Білім алушының аты-жөні:

Оқу мақсаты: Дауысты дыбыстарды жаздырып, оқыту (оқылым, жазылым тапсырмалары бойынша)

Орындау уақыты: 45 минут

Оқылым тапсырмасы:

1. Сөздерді оқы, дауысты дыбыстарды ата!



2. Бұл суреттегі кімдер? Дауысты дыбыстарды ата!



Жазылым тапсырмасы:

1-тапсырма:

А) Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

Ә...же


Д...н

Қ...нт

...р...



Ә) Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбысты қойып, көшіріп жаз.



Ұпайы	Фонетиканы меңгеруі	Сұрақты дұрыс түсінуі мен толық жауап беру қабілеті
2	А,Ә,О,Ө дыбыстарын айта алады	Дауысты дыбыстарды жақсы түсінеді, өз ойын толық жеткізе алады. Сөздердің мағынасын түсінеді.
1	А,Ә,О,Ө дыбыстарын айта алады	Дыбыстарды атай алғанымен, ойын толық жеткізе алмайды, мардымсыз қателер жібереді.
2	А,Ә дыбыстарын айта алады	Берілген тапсырмадағы тақырыпты өз бетінше түсіндіре алады, дыбыстарды қатесіз айта алады.
1	А,Ә дыбыстарын айта алады	Жасырылған дауысты дыбыстарды қатесіз таба алады, сөз мағынасын түсіндіруде қателеседі.
Барлығы: 4 ұпай		

Жазылым тапсырмасы бойынша ұпай қою кестесі

Ұпайы	Фонетиканы меңгеруі	Сұрақты дұрыс түсінуі мен толық жауап беру қабілеті
7-8	А,Ә,О,Ө әріптерін жаза алады	Жасырылған әріптерді қатесіз тауып, жаза алады.
5-6	А,Ә,О,Ө әріптерін жаза алады	Жасырылған әріптерді жазуда аздаған қателер жібереді.
3-4	А,Ә,О,Ө әріптерін жаза алады	Көп нүктенің орнындағы дауысты дыбыстарды табуда қиналады, бірнеше қателер жібереді.
1-2	А,Ә,О,Ө әріптерін жаза алады	Дауысты дыбыстарды табуда кемшіліктер жібереді, бірнеше дауысты дыбыстарды ажырата алмайды.
Барлығы: 8 ұпай		

«Қазақ тілі» пәнінен зерде бұзылысы бар 7-сынып оқушысына арналған (жеңілдетілген үлгіде) **I оқу тоқсанындағы жиынтық** бағалау тапсырмалары
Күні:

Сыныбы:

Білім алушының аты-жөні:

Оқу мақсаты: Дауысты дыбыстарды талапқа сай жаздыру (жазылым тапсырмалары бойынша)

Орындау уақыты: 45 минут

Жазылым тапсырмасы:

1-тапсырма:


А)Берілген әріптерді ретімен орналастыр.

Ра, қры, лже, нат, са, ро, лоқ, та, лааб

Ра	Ар
Қры	Қыр
Лже	...
Нат	...
Са	...
Ро	...
Лоқ	...
Та	...
Лааб	...

Ә)Берілген көп нүктенің орнына о. ө дыбыстарын қатар қойып көшіріп жаз.

Қ...л, ...р, ...л, ...й, т...й, с...з



Б)А дыбысынан басталатын сөздер жаз.



В)Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбысты қойып көшіріп жаз.



- ...йн... – айна



- ж...з...м -



- ...лм... -



- ...р...к -

Жазылым тапсырмасы бойынша ұпай қою кестесі

Ұпайы	Фонетиканы меңгеруі	Сұрақты дұрыс түсінуі мен толық жауап беру қабілеті
18-20	Әріптерді ретімен орналастыра алады	Жасырылған әріптерді қатесіз тауып, жаза алады.
15-17	А,О әріптерін көшіріп жаза алады	Жасырылған әріптерді жазуда аздаған қателер жібереді.
13-16	А дыбысынан басталатын сөздерді жаза алады.	А дыбысынан басталатын сөздерді табуда қиналады, бірнеше қателер жібереді.
10-13	Дауысты дыбыстарды таба алады	Дауысты дыбыстарды табуда кемшіліктер жібереді, бірнеше дауысты дыбыстарды ажырата алмайды.
Барлығы: 20 ұпай		

Оқушының оқу жетістіктерін бағалауда әр тоқсандағы оқу тақырыптарына арналған жұмыс дәптерлерін жасап шығаруға да болады. Жұмыс дәптері оқушының жеке жұмыс жасауына үлкен ықпал етеді. Баланың денсаулығындағы ерекшелікті ескере отырып, сараланып, жинақталып алынған тапсырмаларды орындатылады. Бұл ретте, оқушы бойынан пәнге деген қызығушылықты байқауға болады. (Үлгі 1-оқу тоқсаны бойынша берілген)

1-тоқсан

Оқушының аты-жөні: _____

Сыныбы: _____

Дыбыс және әріп
№1- сабақ

1-тапсырма. Жануарлар атауын атап, қандай дыбыс шығаратынын қайтала.



мысық



күшік



қой



сиыр



түйе



ат

2-тапсырма. Сөздерді оқы. Қанша әріп бар екенін тап.



Ата




Бала



От



Күн



Ауыл

Аталаған оқушымен қазақ тілі пәнін меңгерту мақсатында (Ж-оқушы) 1-оқу тоқсаны бойынша жүргізілген жұмыстарды қорытынды бағалау, алған білімдерін тиянақтап жинақтау және оқушының даму деңгейін бақылау үшін оқытудың диагностика парағы жүргізіледі. Мысалы (Үлгі- 1-оқу тоқсанына жасалған)

Зиятында бұзылысы бар оқушылар үшін қазақ тілі пәнінен жеке бағдарлама бойынша оқытудың диагностика парағы

I тоқсан

Аты – жөні: _____

Сыныбы: _____

№	Тарау атауы	Дағдылар	Қабілеттер	I тоқсан
	Дауысты дыбыстар	Сөйлеу дағдысы:	Дыбыстарды дұрыс айту:	4
			Сөздерді құрастыру:	2

		Тыңдау дағдысы:	Негізгі ойды түсіну:	4
			Қарапайым нұсқауларды орындау:	4
		Оқу дағдысы:	Әріптер мен буындарды тану:	2
			Қысқа сөздерді оқу:	2
			Сурет арқылы мазмұнды анықтау:	4
		Жазу дағдысы:	Әріптерді дұрыс жазу:	2
			Буындарды және қысқа сөздерді жазу:	2
			Жазу кезіндегі ұқыптылық:	2
		Барлығы		32 балл



Аталған диагностика парағын жүргізу арқылы оқушының ақпаратты қабылдау деңгейіне жылдық бағалау мониторингін жасауға болады. Оқу жетістіктерін бағалау шаралары жүйелі жүргізілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекмұхамбетова К.М, Биисова А.К. Зерде бұзылысы бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы. 2019
2. Елисева И.Г, Ерсарина А.К. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. – Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 96б.
3. Тебенова Қ.С. Дамуындағы ауытқулары бар балалар: Оқу құралы, Алматы, 2014.
4. Лубовский В.И. Обучение детей с задержкой психического развития. – Смоленск, 1994

Қызылорда қаласы

Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп –лицей педагог-дефектологы

Елубай Айгүл Елубайқызы

Бастауыш сыныптарда инклюзивті біліммен қамтылатын оқушылар үшін даму динамикасын диагностикалау

Бұл жұмыс 2020-2025 жылдары аралығында 136 мектеп-лицей қабырғасында және 2024-2025 оқу жылында Қызылорда қаласы бойынша 41 жалпы білім беретін мектепте білім алатын ПМПК (Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация) мамандарының ұсынымы бойынша «Психикалық дамудың тежелуі» қорытындысы қойылған бастауыш сынып оқушыларына жүргізілген зерттеу жұмысы негізінде ұсынылды.




Зерттеу жұмысы бойынша дефектолог бастауыш сынып оқушыларының жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес және жақын даму аймағы негізінде (2 сыныпта білім алатын ПМПК мамандарының тексеруі негізінде «Психикалық дамудың тежелуі» қорытындысы ұсынылған оқушының жақын даму аймағы 1-сыныптың деңгейінде болса - I деңгей) деңгеймен көрсетіп, оқу жылы көлемінде 3 кезең (Қыркүйек, желтоқсан, мамыр айлары) бойынша жүргізілді. Әрбір деңгей әрбір кезең негізінде оқушының жақын даму аймағын ескере отырып тапсырмалар алдын ала әзірленіп ұсынылды. Ұсынылған тапсырмалар арнайы бағалау парағына түсіріліп, 10 баллдық жүйемен бағаланды. **МЫСАЛЫ:**

Динамикалық диагностика I кезең

Бөлім:	Динамикалық диагностика
Педагогтің аты-жөні	Елубай Айгүл Елубайқызы
Мерзімі:	Қыркүйек
Сыныбы: 2	Оқушы: Ж
Сабақтың тақырыбы	Динамикалық диагностика жүргізу
Оқыту мақсаты	Ерекше оқушының дамуындағы ерекшеліктерді тек бір реттік емес, жүйелі түрде тексеру арқылы оның жеке дамуын, оқу мен тәрбиедегі өзгерістерін бақылау.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	Қазір қандай мезгіл? Қандай ай? Аптаның қай күні? Оқушыларға жайлы ахуал ұйымдастыру	Оқушының жауабы...	Көрнекіліктер және фотосуреттер

<p>Сабақтың ортасы 30 минут</p>	<p>1-тапсырма: Қабылдау қабілеті бойынша Поппелрейтер фигуралары «Мұнда не салынған?»</p>  <p>2-тапсырма: Ойлау қабілеті бойынша «Мағынасы жағынан ұқсас заттарды тап»</p>  <p>3-тапсырма: Есте сақтау қабілеті бойынша «Суретке мұқият қара және суреттің бетін жауып 15 секундтан кейін суреттегі бейне туралы айтып беру»</p>  <p>4-тапсырма: Зейін бойынша «Суретте неше көбелек жасырынған?»</p>  <p>5-тапсырма: Оқу сауаттылығы бойынша «Буын ұйқасы арқылы жасалған сөздерді оқып көр»</p>	<p>Оқушы мұғалімнің нұсқауы бойынша тапсырмаларды орындайды</p>	<p>Фотосуреттер</p>
-------------------------------------	---	---	---------------------

Са-са-са-сағат
 Са-са-са-сабын
 Са-са-са-санамақ
 Ар-ар-ар-арман
 Ар-ар-ар-артық
 Ар-ар-ар-марал
 То-то-то-торғай
 Тү-тү-тү-түлкі
 Тү-тү-тү-түс
 Тү-тү-тү-түтін

6-тапсырма: Жазу сауаттылығы бойынша «Сөздік диктант жазу»

Берілген сөздерді мұғалім ауызша оқиды, бала параққа жазбаша түсіреді
 Оқу құралдары: Кітап, дәптер, қалам, қаламсап, сызғыш, өшіргіш, сумка және т.б.

7-тапсырма: Математикалық сауаттылық бойынша «Бос ұяшыққа қандай сан сәйкес келетінін тап»




3	+		=	9
-		-		-
2	+		=	5
=		=		=
1		3	=	4


8-тапсырма: Сөздік қорын тексеру «Суретке сөйлем құра»



9-тапсырма: Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру «Сюжетті суретке әңгіме құра»



10-тапсырма: Ұсақ қол моторикасын тексеру « Белгіленген нүктеден

	<p>бастап төмендегі нұсқау бойынша толықтай суретті сал»</p>  <p>Ракета 1↑ 2← 1↑ 2↗ 7↑ 1↘ 1↘ 7↓ 2↘ 1↓ 2← 1↓ 2←</p>		
Сабақтың соңы 5-минут	Сабақ соңында мұғалім 10 баллдық жүйе бойынша бағалайды		

Ұсынылған тапсырмалар қатары оқушының ерекшелігіне сәйкес таңдалып алынды. Кей оқушыларға жоғарыдағы тапсырмаларды орындау тым қиынға немесе керісінше тым жеңіл болып көрінеді. Мұндай жағдайда дефектолог маманда бірнеше тапсырмалардың тізбесі болады. Жоғарыдағы тапсырмалар қатарын оқушы орындап болғаннан кейін арнайы әзірленген бағалау парағы толтырылды. Бұл бағалау парағында әрбір оқушыға ұсынылған тапсырма түрі және сол тапсырманы орындау деңгейіне қарай 10 баллдық жүйемен бағалау көрсеткіштері көрініс табады.

МЫСАЛЫ:


Дефектологтың динамикалық диагностикасының толтыру парағы

05.09.2024 жыл
I деңгей/ I-кезең

Оқушы: М
Сыныбы: 2-сынып

№			Тапсырма түрі	Көрсеткіші
	Таным қабілеті	Қабылдау	Мұнда не салынған?	4 балл
		Ойлау	Мағынасы жағынан ұқсас заттарды тап	6 балл
		Есте сақтау	Есінде сақта	4 балл
		Зейіні	Жасырынған көбелектер	8 балл
				22 балл
2.	Пәндер сауаттылығы	Оқу сауаттылығы	Буын ұйқасы оқы	6 балл
		Жазу сауаттылығы	Сөздік диктант	4 балл

		Математика	Бос ұяшықты толықтыр	6 балл
				16 балл
3	Сөйлеу тілі	Сөздік қоры	Суретке қарап сөйлем құра	8 балл
		Байланыстырып сөйлеу тілі	Сюжетті суретке қарап әңгіме құра	6 балл
				14 балл
4.	Моторика	Ұсақ қол моторикасы	Сызба схемамен жұмыс	6 балл
	Барлығы			58балл



Қыркүйек айы бойынша М есімді оқушының даму динамикасының I кезеңінің қорытындысында ерекше оқушы мүмкін болған 100 балдан 58 балл жинады. Қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында ұсынылған қабілеттер аясында түзете-дамыту жұмыстары жүргізіледі және желтоқсан айының соңында динамикалық диагностиканың II кезеңі, мамыр айының соңында III кезеңі өткізіледі. Осылайша оқу жылының соңында әрбір ерекше оқушының жақын даму аймағы негізінде әзірленген динамикалық диагностиканың жылдық қорытындысы шығады. Бұл динамикалық диагностика ерекше оқушыға құрылған оқу бағдарламаларының тиімділігін білуге және оқушының даму динамикасын айқындауға толықтай мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудегі бағалаудың теориялық модельдері

Инклюзивті білім беру – әр баланың білім алуға тең құқығын қамтамасыз ететін жүйе. Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) балаларды оқытуда бағалау үлкен рөл атқарады. Бағалау тек қана оқушының білімін тексеру құралы емес, сонымен бірге оны қолдау, ынталандыру, әрі қарай дамуына бағыт беру құралы болып табылады.

Бағалау кезінде аталған шарттарды іске асыру білім алушының өзін еркін сезінуіне, танымдық белсенділігі, оқу мотивациясы деңгейінің артуына, эмоционалдық біркелкілігіне ықпал етеді және өз мүмкіндіктеріне сенімі артады. Міндетті түрде критериалдық бағалау жүйесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне бейімделуі тиіс, олардың ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отыра дайындалуы қажет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда нақты көмек көрсететін психологиялық-педагогикалық қызмет орнату керек. Оның міндетіне балалармен қарым-қатынас орнатуда дамытушы немесе түзету жұмысы ғана емес, сонымен қатар, бағалау қызметін сүйемелдейтін ортақ тәсілдер, оқушылармен жұмыстың бірыңғай стратегиясын дайындау бойынша педагогтармен және ата-аналармен тұрақты ынтымақтастық орнату кіреді.

Критериалды бағалау тұтас педагогикалық процестің құрамдасы болып табылады және оны тек осындай мәнмәтінінде қарастыру қажет. Баға оқушылармен оқу процесінің сапасын арттыру мақсатымен анағұрлым ұтымды әдістерді таңдау үшін қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді. Инклюзивті мектепте баға шынайылық, ақпараттылық, кері байланысты қамтамасыз ету сияқты критерилерге сәйкес болуы қажет. Бағалаудың кез келген әдістері мен түрлері оқушы мүгедектігінің нақты түрін немесе проблемасын ескеруі тиіс. Бұл әдістемелік нұсқаулық жалпы білім беретін мектептердің ерекше оқытуды қажет ететін балалар оқитын пән мұғалімдеріне, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарының мамандарына, арнайы білім беру саласында жұмыс атқарып жүрген мамандарға және ата-аналарға арнайы дайындалған.

Бағалаудың теориялық модельдері

Критериалды бағалау - барлық оқушыға ортақ өлшемдер қолданылады. ЕББҚ балаларға арналған критерийлер жеңілдетіліп, кішкентай қадамдарға бөлінеді.

Мысалы: «Мәтінді толық оқып беру» орнына «3 сөйлемді дұрыс оқи алу».

Критериалды бағалау – оқушылардың білім, білік, дағдыларын алдын ала белгіленген өлшемдер (критерийлер) негізінде анықтау тәсілі. Бұл модельдің басты артықшылығы – барлық оқушы бірдей, ашық әрі әділ талаптар бойынша бағаланады.

Алайда инклюзивті сыныптағы ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) балалар үшін бұл өлшемдер кейде тым күрделі болуы мүмкін. Сондықтан мұғалім бағалау критерийлерін **бейімдеп**, оқушының мүмкіндігіне қарай жеңілдетіп ұсынуы қажет.

ЕББҚ балаларға арналған критерийлерді бейімдеу жолдары:

- **Жаһандық мақсатты ұсақ қадамдарға бөлу.**

Мысалы, жалпы сыныпқа берілетін критерий – *«мәтінді толық әрі мәнерлеп оқи алу»* болса, ЕББҚ оқушысы үшін бұл критерий *«мәтіннен 3 сөйлемді дұрыс оқи алу»* түрінде жеңілдетіледі. Мысалы: Ж. есімді аутизм диагнозы бар оқушыға:

- Бердібек Соқпақбаевтың «Ақ лақ» шығармасын ықшамдап, қысқартып 3 сөйлем ғана алынады.

- Ораз бүгін атасының ауылына келді. Көктем өтіп, көк жетіліп тұрған шақ. Ораз сүп-сүйкімді жас төлдермен еркінше ойнап, айрықша сергіп қалды.

- **Мазмұнды қысқарту.**

Оқушыға ұзақ тапсырманың орнына негізгі мазмұнын ғана қамтитын қысқа тапсырма беріледі.

- **Қолдау көрсету.**

Бағалау кезінде мұғалім визуалды көмек (сурет, белгі, пиктограмма) қолдануы мүмкін.

- **Әдістемелік икемдеу.**

Мәтінді мәнерлеп оқудың орнына буындап, сөздерді анық айтуы да жетістік ретінде бағаланады.

Практикалық мысалдар:

- **Қазақ тілі сабағында:**

- Жалпы критерий: «Берілген тақырып бойынша 5 сөйлем құрай алады».

- ЕББҚ оқушысы үшін: «Берілген тақырып бойынша 2 сөйлем құрай алады». Мысалы: Ж. есімді аутизм диагнозы бар оқушыға: «Сұраулы сөйлем» тақырыбында екі сөйлем құрау. 1.

Сенің досың кім? 2. Қар қалың жауды ма?

- **Математика сабағында:**

- Жалпы критерий: «Қосу мен азайту амалдарын 20 көлемінде орындайды».

- ЕББҚ оқушысы үшін: «Қосу мен азайту амалдарын 10 көлемінде орындайды».

Мысалы: Ж. есімді аутизм диагнозы бар оқушыға:

$$2+3=5 \quad 3+1=4 \quad 7+2=9 \quad 2+2=4 \quad 6+4=10 \quad 5+3=8 \quad 3+3=6$$

$$10-4=6 \quad 9-5=4 \quad 6-3=3$$

- **Дене шынықтыру сабағында:**

- Жалпы критерий: «Допты 10 метрге дәл лақтырады».

- ЕББҚ оқушысы үшін: «Допты 3–5 метрге лақтырып, қозғалысты орындайды». Мысалы: Ж. есімді аутизм диагнозы бар оқушыға: Мұғалімнің көмегімен допты лақтырып қозғалыс жаттығуларын орындайды. Жақын

арақашықтыққа лақтырудың өзі үлкен нәтиже. Мақтау, мадақтау арқылы бағалайды.

Қалыптастырушы бағалау - мұғалім күнделікті сабақ барысында оқушыны бақылап, қолдау көрсетеді. Смайлик, стикер, ауызша мадақтау әдістері тиімді. Бұл модель баланың кішкентай жетістігін де байқап, ынталандырады. Қалыптастырушы бағалау – оқушының күнделікті оқу процесінде алған білімін, дағдыларын бақылап, оны дамыту үшін үздіксіз қолдау көрсету тәсілі. Бұл бағалауда басты назар – оқушының **қазіргі нәтижесінен гөрі оның даму жолына**, жетістікке біртіндеп жақындауына аударылады.

Инклюзивті сынып жағдайында қалыптастырушы бағалау ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) балаларға өте қолайлы. Себебі ол оқушының қателігін көрсетіп жазалау емес, керісінше **шағын жетістігін байқап, мадақтау арқылы келесі қадамға ынталандырады.**

Қолдану ерекшеліктері:

- Мұғалім сабақ барысында оқушының әрекетін бақылап, оған қысқа әрі түсінікті кері байланыс береді.
- Бағалау нәтижесі журналдағы баға түрінде емес, **мадақтау, белгі қою, қолдау көрсету** ретінде ұсынылады.
- Баланың оқу әрекетіне оң көзқарас қалыптастырып, сенімін арттырады.

Тиімді әдістері:

- **Смайлик әдісі** – дұрыс орындаса 😊, аздап қателесе 😞, көмек қажет болса 😟 белгісі қойылады.
- **Стикерлер** – «Жарайсың!», «Талпынып көр!», «Келесіде жақсырақ болады» деген жазуы бар түрлі түсті қағаздар.
- **Ауызша мадақтау** – «Өте жақсы», «Керемет ойландың», «Бүгін жақсы қадам жасадың» деген жылы сөздер.
- **Қол белгісімен бағалау** – 👍 (жақсы), 🙌 (қолдау), 🙏 (көбірек дайындалу керек).

Практикалық мысалдар:

- **Қазақ тілі сабағында:** Оқушы сөзді дұрыс айтса, мұғалім «Өте жақсы, сен бүгін жаңа сөзді дұрыс қолдандың!» деп ауызша мадақтайды.
- **Математика сабағында:** Тапсырманың жартысын орындаса да, мұғалім «Жарайсың, есептің басын дұрыс шығардың, енді соңын бірге талқылайық» дейді.
- **Дене шынықтыру сабағында:** Оқушы жаттығуды толық орындамаса да, мұғалім оның қозғалысын байқап: «Керемет, сен бүгін бұрынғыдан жақсы қимылдадың» деп бағалайды.

Динамикалық бағалау

Л.С. Выготскийдің «жақын арадағы даму аймағы» теориясына негізделген. Мұғалімнің көмегімен тапсырманы орындау қабілеті есепке алынады. Бұл тәсіл баланың әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Л.С.Выготскийдің пікірінше, әр баланың дамуы екі аймақтан тұрады:

1. **Қол жеткізілген даму аймағы** – бала өз бетінше орындай алатын әрекеттер.

Мысалы: Ж. Есімді аутизм диагнозы бар оқушы Оқулықтан көшіріп жазу, мәтінді оқу, суретті бояу, сандарды қарап жазу сияқты тапсырмаларды өз бетінше орындай алады.

2. **Жақын арадағы даму аймағы** – бала мұғалімнің немесе құрбысының көмегімен орындай алатын әрекеттер.

Мысалы: Ж.есімді аутизм диагнозы бар оқушы математикада сандарды қосу және азайту, тура және кері санау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, дыбыстық талдау жасау, сөйлемдердің орнын тауып сәйкестендіру, сурет бойынша әңгімелеу.т.б.

Динамикалық бағалау осы екінші аймақты анықтауға бағытталған. Яғни, оқушының мүмкіндігі мен әлеуетін көруге мүмкіндік береді. Ерекшеліктері:

- Бағалау барысында мұғалім тек қана нәтиже емес, оқушының **қалай ойлайтынын, қалай әрекет ететінін** бақылайды.
- Қиын тапсырманы орындағанда балаға жетекші сұрақтар қойылады, қосымша көмек беріледі.
- Оқушының «көмексіз істей алмайтынын, бірақ қолдау арқылы орындайтынын» бағалау басты назарда болады.

Практикалық мысалдар:

• **Математика сабағында:**

- Бала өз бетінше есепті шығара алмайды.
- Мұғалім оған қосымша сұрақ қояды: «Алдымен бірінші амалын орындап көрейік. Қосу ма, азайту ма?»
- Оқушының көмек арқылы дұрыс қадам жасауы – оның ЖАДА-сына жеткенін көрсетеді.

• **Қазақ тілі сабағында:**

- Оқушы сөйлем құрай алмай қиналады.
- Мұғалім суретті көрсетіп, бірінші сөзді өзі айтады.
- Оқушы сөйлемді жалғастырады. Бұл оның әлеуетін көрсететін жетістік.

• **Дене шынықтыру сабағында:**

- Оқушы жаттығуды толық орындай алмайды.
- Мұғалім қимылды үлгі ретінде көрсетеді.
- Оқушы сол қимылды қайталап орындауға тырысады – бұл ЖАДА-ның іске асқаны.

Динамикалық бағалау – инклюзивті білім беруде аса тиімді тәсіл. Ол баланың мүмкіндігін шектемей, керісінше, оның әлеуетін ашуға және болашақта қол жеткізетін жетістіктерін болжауға жағдай жасайды.


Портфолио арқылы бағалау - баланың жұмыстары (сурет, қолөнер, жазба, фото) жиналып, оның даму барысы көрсетіледі. Портфолио – баланың жетістігін ата-анамен бірге көруге қолайлы құрал.

Негізгі мақсатымыз:


- Баланың жетістіктерін уақыт бойынша бақылау.
- Әрбір оқушының жеке қабілетін, қызығушылығын ашу.
- Баланы өз еңбегін бағалауға үйрету.
- Мұғалім, ата-ана және баланың арасында ашық байланыс орнату.

Құрамына енетін материалдар:

Жазба жұмыстары: диктант, шығарма, есептер.



- Шығармашылық жұмыстар: сурет, колөнер, өлең, ән айту.
- Фото-видео материалдар: мерекелердегі, сабақтағы жетістіктері.
- Қысқа өзіндік пікірлер: «Мен бүгін нені үйрендім?», «Маған не ұнады?» деген шағын жазбалар.



- **Математика сабағында:**

- Бір оқушыдан күрделі есеп шығару талап етілсе,
- ЕББҚ оқушысы үшін тек қосу мен азайту амалын орындау жеткілікті болады.

- **Өнер сабағында:**

- Бір оқушыдан тақырып бойынша сурет салу талап етілсе,
- ЕББҚ оқушысына дайын суретті бояу немесе жабыстыру тапсырылуы мүмкін.

Негізгі ойды қорытындылай келе бағалаудың теориялық модельдері тұтас педагогикалық процестің құрамдасы болып табылады және оны тек осындай мәнмәтінінде қарастыру қажет. Баға оқушылармен оқу процесінің сапасын арттыру мақсатымен анағұрлым ұтымды әдістерді таңдау үшін қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді. Инклюзивті мектепте баға шынайылық, ақпараттылық, кері байланысты қамтамасыз ету сияқты критерилерге сәйкес болуы қажет. Бағалаудың кез келген әдістері мен түрлері оқушы мүгедектігінің нақты түрін немесе проблемасын ескеруі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген.
3. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы. «Қазақстан Республикасында Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР-ның 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 308 -II Заңы.
4. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 Заңы.

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Т.Есетов атындағы №264 мектеп – лицейінің

математика пәнінің мұғалімі

Сағидан Ақбота Дәуренбекқызы

Математика пәнінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды бағалау

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) оқушылардың сапалы білім алуы басты назарда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында барлық балалардың тең дәрежеде білім алу құқығы бекітілген. Осыған орай жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беру кеңінен енгізілуде. Математика пәнінде ерекше оқушыларды оқыту барысында бағалау жүйесін дұрыс ұйымдастыру олардың білімін әділ анықтап қана қоймай, әрі қарай дамуына ықпал етеді.

Ерекше оқушыларды бағалаудың ерекшелігі мен маңызы

Бағалау – оқушының оқу жетістігін анықтау ғана емес, сонымен қатар оның дамуына қолдау көрсету құралы. Ерекше оқушыларды бағалау кезінде мұғалім төмендегі қағидаларды ескеруі қажет:

- Өр оқушының жеке мүмкіндігін, даму деңгейін ескеру;
- Бағалау критерийлерін жеңілдетіп, түсінікті тілде ұсыну;
- Оқушыны жетістікке жетелейтін мотивацияны қалыптастыру;
- Қолдау мен мадақтауды жүйелі қолдану.

Бағалау түрлері


Математика сабағында ерекше оқушыларды бағалау үшін дәстүрлі және бейімделген бағалау әдістері қолданамын.

1. Қалыптастырушы бағалау

Бұл оқушының күнделікті сабақтағы жетістіктерін бақылауға негізделеді. Ерекше оқушылар үшін:

- Стикер, жұлдызша, смайлик арқылы мадақтау;
- Қысқа ауызша кері байланыс беру;
- Тапсырманы қадамдап орындауға мүмкіндік беру.

Мысалы: Психикалық дамуында тежелісі бар оқушыма «Бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайту» тақырыбына қалыптастырушы бағалау тапсырмасын бергенде, қадамдап тапсырма беруді қолданамын. Алдымен сурет арқылы тапсырманы ұсынамын:



Содан соң бөлшек түрінде тапсырма беремін :

$$\frac{1}{5} + \frac{2}{5} =$$

$$\frac{7}{8} - \frac{2}{8} =$$

$$\frac{10}{10} - \frac{2}{10} =$$

- Оқушы дұрыс жауап берсе – жұлдызша жабыстырамын.
- Қателессе – «Керемет, енді бірге қарап көрейік!» деп ауызшы кері байланыс беремін.


2. Жиынтық бағалау

Тоқсан соңында өткізілетін бағалау барысында тапсырмалар оқушының деңгейіне қарай бейімделуі тиіс.

- Тапсырма көлемін азайту;
- Уақытты ұзарту;
- Күрделі есептердің орнына қарапайым нұсқасын беру.

Мысал ретінде психикалық дамуында тежелісі бар Е.оқушыма 5 сыныптың 1 – тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған жеңілдетілген (тапсырма көлемі азайтылған және күрделі есептердің орнына қарапайым нұсқалары берілген)тапсырмасын ұсынамын:

1. Суреттегідей торт 6 бөлікке бөлінген. Оның әрбір бөлігі барлық торттың $\frac{1}{6}$ бөлігі бола ма?



A) Ия B) Жоқ (2б)

2. Дұрыс теңдікті табыңыз:

A) $4 \times 4 \times 4 \times 4 \times 4 \times 4 = 7^4$

B) $4 \times 4 \times 4 \times 4 \times 4 \times 4 = 4^7$

C) $4 \times 4 \times 4 \times 4 \times 4 \times 4 = 4 \times 7$

D) $4 \times 4 \times 4 \times 4 \times 4 \times 4 = 4:7$ (3б)

3. Арифметикалық амалдарды қолданбай-ақ анықтаңыз:

a) $7 \cdot 10$ көбейтіндісі 7-ке бөлінеді. (3б)

b) $8+24$ қосындысы 8-ге бөлінеді. (3б)

4. Бөлшектердің бөлімі 6 болатын бөлшек түріне келтіріңіз.

A) $\frac{1}{3}$ (2б) B) $\frac{1}{2}$ (2б)

5. $\frac{1}{4}; \frac{12}{11}; \frac{13}{41}; \frac{9}{17}; \frac{27}{27}; \frac{57}{36}; \frac{133}{126}$ бөлшектерінен дұрыс жай бөлшекті, бұрыс жай бөлшекті бөліп жазыңыз. (5б)

№	Жауаптар I - нұсқа	балл
1	Жоқ	2
2	В	3
3а	$7:7=1$	1
	Көбейткіштердің біреуі 7-ге бөлінеді, сондықтан көбейтінді 7-ке бөлінеді	2
3в	$8:8=1$ және $24:8=3$	1
	Екі қосылғыш та 7-ге бөлінеді, сол себепті қосынды 7-ге бөлінеді	2
4а	$\frac{2}{6}$	2
4в	$\frac{3}{6}$	2
5	Дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырата алады	1
	Дұрыс бөлшектер: $\frac{1}{4}; \frac{13}{41}; \frac{9}{17};$	2
	Бұрыс бөлшектер: $\frac{12}{11}; \frac{27}{27}; \frac{57}{36}; \frac{133}{126}$	2
Барлығы		20

3. Баламалы бағалау

Бұл әдіс оқушының жеке жетістігін ескеруге бағытталған.

- Портфолио жүргізу (тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар, дәптер үлгілері);
- Жеке жетістік парағын толтыру;

- Өзін-өзі және өзара бағалауды үйрету.

Өзін – өзі бағалауға арналған бағалау парағы:

Тапсырма	Орындадым ✓	Қиналдым 😞	Қайталап үйрену керек ✗


Өзара бағалауға арналған әдістер:

Әдіс түрі	Қолдану үлгісі
«Достық тілі» әдісі	Бір-біріне: «Маған сенің ____ тапсырмаң ұнады, себебі...» деген сөйлем бастау үлгісі
«Бағалау жапсырмасы»	Бір оқушы екіншісінің жұмысына смайлик немесе стикер жапсырады


Практикалық қолдану мысалы

Мысалы, «Жай бөлшектер» тақырыбында ерекше оқушыға мынадай жеңілдетілген және қызықты тапсырмалар ұсынамын:


- Жай бөлшектерді жазу;





- Дұрыс бөлшекті сурет арқылы бейнелеу;



- Қарапайым бөлшектерді салыстыру;



- Бір амал түрін ғана орындау (қосу немесе азайту).



Бағалау кезінде:

- «Жарайсың, сен дұрыс бөлшекті суретпен көрсете алдың!» деп ауызша қолдау білдіремін;
- Жұлдызша немесе стикер жабыстырамын;
- Түсінікті әрі қысқа кері байланыс беремін.

Қорытынды

Ерекше оқушыларды математика сабағында бағалау – олардың білімін тексеру ғана емес, сонымен бірге тұлғалық дамуына, білімге деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететін маңызды процесс. Әділ әрі бейімделген бағалау оқушының сенімін арттырып, жаңа жетістіктерге жетуге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
- 2.ҚР БҒМ. Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамасы. – Астана, 2020.
- 3.Қожахметова К.Ж. Математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: «Мектеп», 2019.
- 4.Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
- 5.Арғынбаев Ж. Инклюзивті білім беру жағдайында математика пәнін оқыту ерекшеліктері // «Білім беру» журналы. – 2021. – №4. – 56-60 б.

БАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан, бір тұтас әрекеттерінің барысында әрбір баланың білім беру-тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек (немесе қолдау) көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыратын білім беру ұйымының педагогтар ұжымы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және іске асыру мәселелері бойынша біліктілігін арттыру курстарында оқуға, арнайы педагогика мен психологияның негізін білуге, мүмкіншіліктері шектеулі балалардың психологиялық және дене даму ерекшеліктері туралы түсінуге, білуге, білім беру үдерісін ұйымдастырудың әдістемесі мен технологиясын білуге міндетті.

Психологиялық -педагогикалық әдебиеттерде бағалауды оқушының жеке тұлғалық сапасының және оның оқу қызметінің нәтижелерінің көрсеткіші ретінде түсіну кеңінен көрсетілген. Оқушының табыстылығының бағасы келесі түрлерде бола алады:

- оқу қызметінің аз түрлер (мимика, қол қимылы, дауыс ырғағы, үлгерімі бойынша қысқа ескертулер);

- оқушының жалпы сипаттамасы;

- бағалар;

- сөзбен бағалау (оқушымен жеке сөйлескенде, ата аналар жиналысында)

- жекелей түрде алғанда мектептің ішкі тәртібімен қарастырылған басқа формалар. Психологиялық және педагогикалық зерттеулерде бағалаудың әр түрлі жақтары мен қасиеттері көрсетілген: мазмұны, орны, қызметі, оқытушының бағалау барысындағы қызметінің құрылымы және тағы сол сияқты. Алайда, бағалаудағы келесі мәселелер шеттеп қалған: нақты көрсеткіштер бойынша бағалаудың бірыңғай жүйесін жасау, бағалаудағы субъективтілік, бағаны қоюда мұғалімнің және оқушының жеке көрсеткіштері, қарым - қатынас. Егер бұл мәселелерді және сұрақтарды шешпесе, онда жеке тұлғаны дамыту бағытындағы міндеттерді орындауға қол жеткізу өте қиын болары сөзсіз. Соның бір дәлелі Т есімді оқушы мектепке келгенде ортаға үйренісе алмады. Өзін жайлы сезінбегендіктен, сабаққа мүлдем қатыспады. Оқушымен жақсы қарым-қатынас орнату үшін мектептегі педагог-психологтың көмегіне көбірек жүгіндік. Бізбен бірге педагог ассистент үздіксіз жұмыс жасады.

Оқушының жұмысындағы кемшіліктерді анықтау, олардың себебін және сипаттарын айқындау бақылаудың педагогикалық психологиялық негіздері болып табылады.

Мұндағы мақсат – осы кемшіліктердің алдын – алу. Мұғалімге осы білімдер оқушыда қалай (немесе қандай жолмен) және қаншалықты игерілгендігі туралы білу қажет. Тексеру – бұл оқушының білімін бекіту, нақтылау, ойлану және жүйелеудің түрі. Мұғалімнің тарапынан тақырып бойынша қойылған сұраққа жауап беріп жатқан жолдастарын тыңдап, оқушылар оның алдында ғана өздері берген жауаптарын қайталайды. Тексеру неғұрлым жақсы ұйымдастырылса, білімнің бекітілуі де соғұрлым жақсы болады. Мұғалімнің осы орайда мақсаты -материалдың толық игерілуі. Ал ол үшін білімді арнайы әдіс бойынша тексеру керек. Тек сонда ғана білім білім толық және терең игерілгеніне көзіміз анық жетеді. Ал сыныптың барлық оқушыларының тақырып бойынша деңгейін анықтау өз алдына талдауды қажет ететін жеке сұрақ. Бұл мәселенің шешімі тест сұрақтарын бірнеше нұсқада жасаумен байланысты.

Бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетудің екі бағытын көрсетуге болады:

- өзекті – балада осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған;
- перспективалы – оқуда болуы мүмкін ауытқуларды ескеру және алдын алуға бағытталған.

Баға және бағалау – мұғалімдер үшін шексіз талқылауға дайын тақырып, себебі мектептегі баға бұл тек оқушы еңбегінің нәтижесі ғана емес, онда педагогтың жеке қасиеттері, көңіл-күйі, мінезі, оның оқушыға қарым-қатынасы, мұғалімнің жұмыс істеу мәнері жинақталған. Оқушы еңбегін бағалаусыз ешқандай меңгеру процесі жүзеге асырыла алмайды.

Мысалы алатын болсақ өз тәжірибемнен Т деген оқушына алсақ – ол 2-сынып оқушысы. Оның оқу процесіндегі жетістіктері мен даму мүмкіндіктерін бағалау барысында психологиялық және педагогикалық қолдаудың маңызы ерекше байқалады. Әдетте оқушыларға баға қою тек білім деңгейін көрсетумен шектеліп қалады. Ал Т деген оқушы үлгісінде біз бағалау жүйесінің дұрыс ұйымдастырылуы баланың ішкі мотивациясына, өзін-өзі бағалауына және оқу процесіне деген көзқарасына тікелей әсер ететінін көреміз.

Егер тек формалды баға ғана қойылатын болса, ол өзін әлсіз сезініп, оқуға қызығушылығы төмендер еді. Осы жерде психологиялық қолдаудың мәні зор. Мұғалімдер мен педагог-психолог Т-ға бағалауды жазалау құралы ретінде емес, алға ұмтылуға ынталандыратын мүмкіндік ретінде түсіндіреді. Мысалы, математика сабағында ол тапсырманы толық орындай алмаса да, мұғалім оның жасаған әрекеттерін, талпынысын, ойлау жолын атап өтеді. Бұл тәсіл баланың сенімін нығайтады және келесіде жақсырақ орындауға ынталандырады.

Педагогикалық қолдау бағалау жүйесінде сабақтастық пен дараландыру арқылы жүзеге асады. Т-ға белгілі бір тапсырмалар деңгейлеп беріледі: алдымен жеңілдетілген жаттығулар орындалады, содан кейін біртіндеп күрделірек тапсырмаларға көшеді. Осының арқасында ол өзінің даму динамикасын көреді.


Бағалау тек нәтиже емес, процесс екенін түсінеді. Бұл тәсіл оқушыға өз мүмкіндігін салыстыру емес, өзін-өзі жетілдіруге бағытталу қажеттігін үйретеді.

Психологиялық тұрғыда бағалау барысында эмоционалды қолдау ерекше рөл атқарады. Т-ға дұрыс жауап бере алмаса, мұғалім оны сынамайды, керісінше: «Бұл ойың дұрыс бағытта, келесіде мынаны байқап көр» деп ынталандырады. Мұндай қарым-қатынас оның ішкі уайымын азайтып, сенімділігін арттырады. Сонымен бірге сыныптастары алдында өзін төмен сезінбеуіне көмектеседі.

Жалпы алғанда, оқушымының оқу тәжірибесі көрсеткендей, бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау жүйелі түрде қолданылған жағдайда оқушының жеке әлеуеті ашылады. Ол тек үлгерім тұрғысынан ғана емес, тұлғалық даму бағытында да алға жылжиды. Мұндай тәсіл оқушының білім алу сапасын арттырып қана қоймай, оның өмірлік дағдылары мен әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етеді.


Көп жағдайда балаларға жақсы, түсінікті, қолжетімді оқыту қажет. Бұл өз кезегінде баланың жеке қажеттіліктеріне, қабілеттері мен даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін түрлі әдістерді пайдалануды көздейді. Сондықтан да Т есімді оқушының оқуының табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында математика пәнінен төмендегідей қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын ұйымдастырдым.

<p>Бағалау критерийі: Білім алушы</p> <p>1. 20 көлемінде 2-ден топтап тура және кері санайды.</p> <p>2. 2, 4, 6, 8, 10 затты тең бөліп, жартысын табады</p> 	<p>Дескриптор: Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - екі-екіден топтап тура санайды және санды жазады; - екі-екіден топтап кері санайды.
<p>2-тапсырма</p> <p>Алмаларды санаңыз және санын жазыңыз. Ыдысқа алмалардың жартысының суретін салыңыз және санын жазыңыз.</p>	<p>Дескриптор: Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - алмаларды санап, санын цифрмен жазады; - санның жартысын анықтап, суретін салады және цифрмен жазады.



Нәтижесінде осындай әр түрлі жеңілдетілген тапсырмаларды беру арқылы Т есімді оқушыда 1-10 дейінгі сандарды ауызша қосу және азайту дағдылары қалыптаса бастады.

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінде оқушыға суретпен жұмыс жасау күрделірек. Себебі оқушыда сөздік қоры өте аз, ойлауы баяу. Сондықтында көбінесе оқушы мәтінді дауыстап оқиды. Ал қазақ тілі пәнінде екі, үш буынды сөздері бар сөйлемдерді буындау арқылы жазады. Оқушы көшіріп жазу диктантын қатесіз, таза орындайды. Дыбыстық талдауды ереженің көмегімен орындайды.

<p>Бағалау критерийі: Мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды. Тапсырма: Ертегіні тыңдай отырып, суреттердің ретін анықтаңыз. Нөмірлеп көрсетіңіз. Екі әтеш (Ертегі) Ертеде бір шал мен кемпірдің екі әтеші болыпты. Бір күні кемпір оларға жем шашыпты. Әтештер жемді жей бастапты. Шұбар әтеш жемді қызғанып, сұр әтешті қайта-қайта шоқи беріпті. Ызаланған сұр әтеш те оны шоқып алыпты. Содан соң екеуі төбелесе кетіпті. Олар бір-бірімен таласып жатқанда, көрші үйдің балапандары келіп, жемнің бәрін жеп қойыпты.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">     </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center; margin-top: 10px;"> <input style="width: 30px; height: 30px;" type="text"/> </div>	<p>Дескриптор: Білім алушы - мәтіннің мазмұны бойынша суреттердің ретін анықтайды;</p>
<p>Бағалау критерийі: Білім алушы Әріптерді таниды және ажыратады. Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп оқиды. Тапсырма: Берілген сөздерді оқыңыз. Көп нүктенің орнына қай әріпті қоюға болады? Сол әріпті қоршап сызыңыз.</p>	<p>Дескриптор: Білім алушы - сөздерді дұрыс оқиды;</p>

				- көп нүктенің орнына қойылатын әріпті анықтап жазады және белгілейді.
ДО ... БЫРА	К ... РШ	К ... ШК	ҚҰЛ ... Н	
(Н, М, Н)	(Ы, І)	(Ұ, У)	(Ы, У)	

Оқушыда даму процесі баяу болсада алға жылжу бар. Жұптық тапсырмаларды көңіл-күйіне қарай орындайды. Көбіне жеке орындағанды ұнатады және мұғалімнен көмек алады.

Санның құрамын жаз.

12 14 16 11

9 3 7 7 8 8 6 5

11 15 14 12

9 2 9 6 8 6 8 4

Қатарлы жағаластыр.

31	32	33	34	35	36	37	38
59	58	57	56	55	54	53	52
68	67	66	65	64	63	62	61
42	43	44	45	46	47	48	49
10	20	30	40	50	60	70	80

6-тапсырма

+	2	3	4	5	6	7	8	9
9	11	12	13	14	15	16	17	18
8	10	11	12	13	14	15	16	
7	9	10	11	12	13	14		
6	8	9	10	11	12			

9+2=11 9+5=14 9+8=17
9+3=12 9+6=15 9+9=18
9+4=13 7+9=16 8+2=10

6-жаптықтау

Не ыстық?

- Аспанда күн ыстық.

- Аи жерде кім ыстық?

- Әке мен шешеміз...

Бәрінен "тынғыштық".

Делен сөз тынғыштық.

Бағалау оқушыларға, олардың пәнге, мұғалімге, мектепке және жалпы айналадағы әлемге деген қарым-қатынасына үлкен әсерін тигізеді. Педагогикалық диагностика – оқыту процесінің жағдайын және оның нәтижелерін зерделеу, соның негізінде оқыту мен бағалау процестерінің сапасын арттыру мақсатында оларға түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін ерекше әрекет түрі. Диагностикалауға бақылау, тексеру, бағалау, мәліметтер жинақтау, оларды зерделеу жатады; оларға қол жеткізу әдістері арқылы нәтижелерді қарастырады, дидактикалық процестің үрдісі мен динамикасын анықтайды.

Инклюзивті білім беру жағдайында бағалаудың бірнеше тиімді үлгілері қолданылады. Соның бірі – критериалды бағалау. Бұл модельде барлық оқушыға ортақ өлшемдер қойылады, бірақ ЕББҚ оқушылары үшін ол жеңілдетіліп, ұсақ қадамдарға бөлінеді. Мысалы, жалпы оқушыға «мәтінді толық оқып беру» талабы қойылса, ерекше балаға «3 сөйлемді дұрыс оқи алу» критерийі ұсынылады.

Қалыптастырушы бағалау да маңызды рөл атқарады. Ол сабақ барысында үздіксіз жүргізіліп, оқушыны қолдау мен дамуға бағытталады. Мұнда смайлик, стикер, ауызша мадақтау сияқты әдістер тиімді. Мұндай бағалау кішкентай жетістіктің өзін байқап, оқушыны ынталандырады.

Динамикалық бағалау Л.С. Выготскийдің «жақын арадағы даму аймағы» теориясына негізделген. Мұнда оқушының тек қазіргі мүмкіндігі ғана емес,

мұғалімнің көмегі арқылы орындай алатын әрекеттері бағаланады. Мысалы, есепті өз бетінше шығара алмаған бала жетекші сұрақ арқылы дұрыс қадам жасаса – бұл да жетістік болып саналады.

Портфолио арқылы бағалау баланың әртүрлі жұмыстарын (сурет, қолөнер, жазба, фото) жинақтап, оның даму динамикасын көрсетеді. Бұл әдіс ата-анамен бірге жетістікті талқылауға мүмкіндік береді және оқушының шығармашылығын ашуға көмектеседі.

Сараланған бағалау әр оқушының жеке деңгейіне сәйкес тапсырма беруді көздейді. Бір оқушы тапсырманы жазбаша орындаса, екіншісі сурет арқылы жауап беруі мүмкін. Мұндай тәсіл оқушының өзіндік қабілетін ашып, табысқа жету сезімін қалыптастырады.

Бағалау барысында психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету де ерекше маңызға ие.

Психологиялық қолдау – оқушыға жылы сөздер айтып, жағымды кері байланыс беру, сенімін нығайту болса, педагогикалық қолдау – бағалау критерийлерін бейімдеу, әртүрлі формада қолдану, жеке оқу мақсатын қою арқылы жүзеге асады. Бұл қолдау баланың өзін табысты сезінуіне, оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру құқығын тану барлық педагогтар, оқушылар мен олардың ата-аналары ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың жалпы білім беретін мектептерде оқуға құқығы бар екенін түсінулеріне және ол үшін қосымша ресурстар қажет екеніне негізделген. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалау жеке бағытталған жүйе бола тұра, осы санаттағы оқушыларды дамытуға және олардың құқтарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау баланы білім беру-тәрбиелеу үдерістері жағдайында дамытуды қамтамасыз ететін көмек пен қолдаудың ерекше бір түрі болып табылады және әрбір баланың мүмкіндігі мен қажеттілігіне сәйкес оны табысты оқыту мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай тудыратын мамандардың ұйымдық қызметінің тұтас жүйесін білдіреді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды бағалау кезінде ҚР МЖМБС көрсетілген білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға негізделеді. Алайда, кейбір білім алушыларда бағдарламаны меңгеру мерзімі ұзағырақ, оның нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне сәйкес келетін деңгейге жетеді. Білім алушылар жетістіктерін бағалауда ең маңызды құрал,

бағалау жүйесі білім беру процесін жетілдіруді жалғастыру үшін объективті және тиімді болуы қажет.

Білім берудің қазіргі жүйесінде білім алушылардың білім жетістіктерінің сапасын бағалаудың критериалды-бағдарлы көзқарасы негізіндегі қадағалау және бағалау өзекті болып табылады. Бұл әдістемелік құралда бастауыш, негізгі орта, жалпы орта мектептегі инклюзивті білім беру жағдайында білім берудің жаңартылған мазмұнын МЖМБС талаптарын жүзеге асырудың ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін педагогикалық бағалаудың міндеттері мен функциялары, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалау жүйесіне қойылатын талаптар, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды мен тәртібі қарастырылған.

Қырытындылай келе инклюзивті білім беруде бағалау жүйесі баланың мүмкіндігін айқындап, оның дамуын қолдау құралы болуы тиіс. Критериалды, қалыптастырушы, динамикалық, портфолио, сараланған бағалау үлгілері және психологиялық-педагогикалық қолдау – әрбір оқушының өзіндік қабілетін ашуға, жетістікке жетуіне жағдай жасайды. Әділ, бейімделген және қолдаушы бағалау – инклюзивті оқытудың басты кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгертулер мен толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамасы. – ҚР БҒМ, Астана, 2020.
3. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу бағдарламалары. – Астана, 2021.
4. Қожахметова, К.Ж. **Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері.** – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
5. Сарбасова, Қ. **Арнайы педагогика: теориясы мен практикасы.** – Алматы: «Print-S», 2019.
6. Әбеннова, Г., Мұхамбетжанова, С. **Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы бағалау жүйесі.** – Астана, 2021.

«№1 Арнайы мектеп-интернаты» КММ

Кәсіби еңбекке баулу мұғалімі: Туашова Рана Серикбаевна

Педагог-зерттеуші

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға «Кәсіби еңбекке баулу» пәніндегі тоқсандық жиынтық бақылау жұмысындағы бағалау жолдарын көрсету.

Кіріспе

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесі ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тең мүмкіндік беруді көздейді. Бұл үрдісте ең маңызды бағыттардың бірі – ерекше балаларды дұрыс әрі әділ бағалау.

Бағалау – оқушының дамуын, оқу жетістіктерін, қабілеттерін анықтап, оларға қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін маңызды құрал.

Негізгі бөлім

1.Диагностикалық бағалау

Балада қандай ерекшеліктер бар екенін анықтау (мысалы, танымдық, сөйлеу, психо-эмоциялық, физикалық даму ерекшеліктері).

2.Қалыптастырушы бағалау

Баланың оқу процесіндегі жетістіктерін күнделікті бақылап отыру, білім деңгейін, интеллектісін, оқу дағдыларын стандартталған құралдар арқылы өлшеу. Оқу үрдісі кезінде баланың оқу барысын қадағалау және қажет кезде түзетулер енгізу.

Құралдары: оқушы сабақ ішінде қалай қатысуда, қандай қиындықтары бар, қалай жауап береді. Жылдам сұрақтар, қысқа тестілер, сыныптық талқылау.

IQ тесттер :мысалы, — танымдық қабілеттерді анықтау.

Оқу жетістігі тесттері — оқу, жазу, арифметика салаларындағы нәтижелер.

Адаптивті мінез-құлық шкалалары — күнделікті өмірдегі (тәуелсіздік, қарым-қатынас, өзін-өзі ұстау) дағдылар.

Мұғалімнің бақылаулары:

Портфолио: баланың жұмыстар жинағы, өсуі мен өзгерістерін көрсету.

Ерекшеліктері:

Нәтижелер өлшенетін, салыстырмалы (нормаларға негізделген немесе критерийге сәйкес) болады. Әдетте алдын ала дайындалған орталарда, арнайы тестілік құралдар арқылы жүргізіледі. Қандай да бір диагноз қою, арнайы білім беру қажеттігін анықтау, білім беру бағдарламасын жоспарлау үшін өте маңызды.

Бағасыз, кері байланыс беру арқылы жүзеге асады.

Мысал: Мұғалімнің күнделікті бақылауы, портфолио жүргізу, жеке даму картасы

Кезеңі: Оқу басталар алдында немесе жаңа ортаға бейімделу кезінде жүргізіледі.

Мысал: Технолог, Психолог, логопед, дефектолог жүргізетін тексерулер (тесттер, бақылау, әңгімелесу, арнайы тәжірибеде қолданылатын тапсырмалар).

3. Жиынтық бағалау

Белгілі бір оқу кезеңінің соңында (тоқсан, жыл соңында) білім нәтижелерін бағалау.

Ерекшелігі: Жүйелі, оқу стандарттарына сәйкес болуы тиіс. Бірақ ерекше балалар үшін бейімделіп беріледі.

Мысал: Тест тапсырмалары, жобалар, ауызша жауаптар, тәжірибелік тапсырмалар баланың деңгейіне қарай беріледі.


5. Психологиялық-педагогикалық мониторинг

Баланың даму динамикасын үнемі бақылау, түзету жұмыстарының тиімділігін бағалау.

Қатысушылар: Педагогтар, логопед, психолог, ата-ана.

Ерекшелігі: Ұзақ мерзімді бақылау, әртүрлі құралдарды (анкета, бақылау парағы, даму картасы) қолдану.

7. Ішкі және сыртқы бағалау



Мақсаты: Баланың арнайы білім беру қажеттілігін ресми түрде анықтау.

Ерекше балаларды бағалау — бұл тек білім нәтижесін емес, баланың даму барысын жан-жақты саралау процесі. Әр балаға жеке тәсіл қажет, сондықтан бағалау әдістері баланың ерекшелігіне бейімделуі тиіс. Бұл әділдік пен тең мүмкіндікті қамтамасыз етудің негізі болып табылады.

Нормативтік-құқықтық негіздер мен қағидалар

1. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары — «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі мен параметрлері белгіленген.

Мысалы, бағалау когнитивтік функцияларды (зейін, есте сақтау, ойлау), сөйлеудің дамуын, орындаушылық функцияларды және басқа да психикалық функцияларды қарастырады.

2. Бағалау бағдарламалары мен тәртібі:

Оқуда қиындықтары бар балаларды анықтау, оларды тереңірек зерттеу, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда (ПМПК) тексеру. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін, әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқатын мұғалімдердің бақылауымен, критериялды бағалауды қолдану арқылы бағалау.

| Қалыптастырушы / Формативті бақылау | Өзін-өзі бағалау материалдары
— оқушылар өздерінің қабілеттерін, эмоциялық күйін, оқу барысын бағалайды.

Төменде мысал етіп көрсетілген бөлім жиынтық бағалауы және тоқсандық жиынтық бағалау, берілген жиынтық бағалау үлгілері 7–10 сыныптарға кәсіптік еңбекке баулу пәні, 1 бөлімше, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған балаларға қолданылады. Кәсіптік еңбекке баулу «Тігін ісі», «Ағаш ұстасы» (қыздар, ұлдар) болып бөлінеді, тек 7-10 сыныптарда ғана өтіледі.

Кәсіптік еңбекке баулу сабағында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды бағалау кезінде басты назар – олардың мүмкіндігіне, жеке даму қарқынына, қызығушылығы мен қабілетіне қарай әділ әрі қолжетімді тәсілдер қолдану. Мұндай жағдайда арнайы жеңілдетілген тапсырмалар арқылы бағалау өте тиімді.

Бағалау ерекшеліктері:

1. Жеке тәсіл– әр оқушының мүмкіндігі ескеріледі. Мысалы, бір бала бұйымды толық жасап шықса, екіншісіне тек дайындау кезеңін орындау жеткілікті болуы мүмкін. Балаға берілген тапсырманы бала арнайы нұсқаулық карта көмегімен жасайды.

2. Шағын қадамдар – тапсырма бірнеше қарапайым бөлікке бөлінеді:

- құралды дұрыс ұстау,
- материалды таңдау,
- жұмыстың бір бөлігін орындау,
- соңғы нәтижеге үлес қосу.

3. Қалыптастырушы – «жақсы», «талпындың», «тағы да қайталап көрейік» сияқты қолдау сөздері баланың ынтасын арттырады.

4. Көрнекілік пен үлгі – қадамдық нұсқаулық, сурет, дайын үлгі пайдалану арқылы тапсырмалар жеңілдетіледі.

5. Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей: дайын пішінді бояу, сызық бойымен қию, тігіс сызығын жүргізу.

II деңгей: дайын үлгі бойынша бұйымды құрастыру.

III деңгей: мұғалімнің көмегімен шағын бұйымды толық орындау.

Бағалау тәсілдері:

Смайлик, жұлдызша, түрлі түсті карточка – баланың жетістігін бірден көруіне ыңғайлы.

Жеке жетістік парағы– әр баланың қай қадамды орындағаны белгіленеді.

Ауызша мадақтау– сенім қалыптастыру үшін ең қарапайым әрі тиімді әдіс.

Өзін-өзі бағалау– бала өзі таңдаған белгілер арқылы (қызыл – қиналдым, жасыл – орындадым) жұмысын бағалай алады.

Мысал: «Қағаздан гүл жасау» тапсырмасы.

Әдеттегі оқушыға – толық гүлді жасап шығару.

Ерекше балаға – дайын үлгіні қию немесе тек жапырақтарын жабыстыру.

Екеуі де өз мүмкіндігі шегінде жетістікке жетіп, бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР "Білім туралы" Заңы
2. Инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы
3. Педагогикалық-психологиялық диагностика құралдары (нұсқаулықтар)
4. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар

Кәсіби еңбекке баулу пәні бойынша бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырма

Оқушының аты-жөні: _____

Сынып: 9 «Д»

Ортақ тақырып/ Бөлім: 1. Материалтану. Құралдар мен жабдықтар

Мақсаты : 9.1.2.1 өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтары туралы түсініктің болуы; 9.1.3.1 тігін машиналарының маркасы мен жылдамдығы және атқаратын жұмыс түрлері туралы жалпы түсініктің болуы; 9.1.5.1 өлшеуіш және қол құралдарымен, тігін машинасымен, үтікпен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері туралы білу;

Критериалдық бағалау :

Оқушы:

1. Еңбек заттары мен материалдардың ерекшелігін атайды
2. Жұмыс орнын ұйымдастыру ерекшелігі туралы түсінеді
3. БЖӨ, жіпті инеге сабақтау және түйіншек түйуді көрсетеді

Ойлау шеберлігінің деңгейі: Білу, түсіну және қолдану

Орындалу уақыты: 20 минут

№	Тапсырма	Орындалуы	Балл
1	Тігін шеберханасындағы құрал жабдықтардың атауын ауызша ата. Дискриптор тігін шеберханасындағы құрал-жабдықтар қызметін түсіне біледі		1-5
2	Өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтарын атап беру Дискриптор Өсімдік тек өндірілетін: мақта және зығыр талшықтарын атай біледі;		1-5
3	Сурет бойынша тігін машина түрлерін атап беру Дискриптор Тігін машина түрлерімен танысады және атап бере алады;		1-10
Всего			20

Кәсіби еңбекке баулу пәні бойынша I тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырма

Оқушының аты-жөні:

Сынып: 9 «Д»


Мақсаты: 9.2.5.1 геометриялық, космогоникалық, зооморфты, өсімдік тәрізді қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің төрт тобын атау және ажырату, геометриялық ою-өрнектер түрін орында; 9.2.5.3 геометриялық ою-өрнектер түрін орында;

Критериалдық бағалау :

Оқушы:

1. Қазақтың ұлттық ою-өрнектер түрлерімен танысады
2. орындайтын жұмыс түрін анықтайды
3. тапсырманы технологиялық карта бойынша орындауды біледі

Ойлау шеберлігінің деңгейі: Білу, түсіну және қолдану. **Орындалу уақыты:** 40 минут

№	Тапсырма	Орындалуы	Балл
1	Қазақтың ұлттық ою-өрнектер түрлері. Дискриптор ою өрнектерінің төрт тобын атайды және ажыратады		1-4
2	өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтарын атап беру Дискриптор Өсімдіктен өндірілетін: мақта және зығыр талшықтарын атай біледі;		1-4
3	Өрнектердің түрлерін ойып үйрену Дискриптор Өрнектердің түрлерін ойып үйренеді		1-4
4	Қауіпсіздік ережесін қайталау. Өрнектердің түрлерін матаға түсіру Дискриптор Өрнектердің түрлерін матаға түсіреді		1-4
5	Практикалық жұмыс Алжапқыштың пішімін матаға түсіру. Бұйымды пішу Дискриптор Алжапқыштың пішімін матаға түсіре біледі. Бұйымды пішудің жолдарын үйренеді		1-4
Барлығы:			20

Өзін - өзі бағалау парағы

Оқушының аты-жөні _____

№	Жасалған жұмыс		Бал
1	Тігін шеберханасындағы құрал жабдықтардың атауын ауызша ата. • Мен бәрін түсіндім • Мен есте сақтадым • Сұрақтар пайда болды		2
			2
			2
2	өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтарын атап беру • Мен бәрін түсіндім • Мен есте сақтадым • Сұрақтар пайда болды		2
			2
			2
3	Суретке қарап тігін машина түрлерін атап беру • Мен бәрін түсіндім • Мен есте сақтадым • Сұрақтар пайда болды		2
			2
			4
Барлығы:			

Критериалдық бағалаудың бөлім қорытындысы

Пән: Кәсіби еңбекке баулу

Сынып: 9 Д Мерзімі: _____

Тақырыбы: БЖБ _____

Оқушы саны: 2

№	Оқушының ата-жөні:	Тапсырмаларды орындауы			Баға	
		1	2	3	«3»	«4»
1	Жақсылық Жансезім					
2	Жақсылық Медина					

Шартты белгілер:

«+» - тапсырманы оқушы өз бетінше орындайды;
«±» - тапсырма мұғалімнің көмегімен орындалды;
«-» - тапсырманы әзірге оқушы орындай алмайды

Критериалдық бағалаудың I тоқсан қорытындысы

Пән: Кәсіби еңбекке баулу

Сынып: 9 Д Мерзімі: _____

Тақырыбы: ГЖБ _____

Оқушы саны: 2

№	Оқушының ата-жөні:	Тапсырмаларды орындауы					Баға	
		1	2	3	4	5	«3»	«4»
1	Жақсылық Жансезім							
2	Жақсылық Медина							

Шартты белгілер:

«+» - тапсырманы оқушы өз бетінше орындайды;
«±» - тапсырма мұғалімнің көмегімен орындалды;
«-» - тапсырманы әзірге оқушы орындай алмайды

Астана қ. әкімдігінің «№1 Арнайы мектеп – интернаты» КММ
Жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтер
 __ I __ тоқсан __ Кәсіби еңбекке баулу пәні бойынша

Сынып 9 Д бөлімше: 1

Оқушылар саны: 2

Педагог: Туашова Р.С.

Мақсаты: БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

Пән	Орындаған	Макс балл	Жиынтық бағалау мазмұны	балдарының пайыздық	Сапа %	Үлгерім %	
			Төмен (3)	Орта (4)			
			40-64%	65-84%			
		10	3	4			
		Оқушылар саны					
БЖБ	1						
ТЖБ							

	Мақсатты меңгергендер	Қиындық тудырған мақсаттар
БЖБ 1	9.1.2.1 өсімдіктен өндірілетін мақта-мата және талшықтары туралы болуы;	тігін машиналарының маркасы мен жылдамдығы және атқаратын жұмыс түрлері
ТЖБ	9.2.5.1 геометриялық, космогоникалық, зооморфты, өсімдік тәрізді қазақтың ою-өрнектерінің төрт тобын атау және ажырату, геометриялық ою-өрнектер түрін орында;	геометриялық ою-өрнектер түрі

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың келесі білім деңгейін көрсетті: орта Төмен (Т): 40-64%, білім алушылардың аты-жөнін көрсету)

Орта (О): 65-84%, білім алушылардың аты-жөнін көрсету)

2. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға туындаған қиындықтар тізбесі: тігін машиналарының маркасы мен жылдамдығы және атқаратын жұмыс түрлері, геометриялық ою-өрнектер түрі

3. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға аталған қиындықтардың себептері: орындайтын жұмысқа көңіл бөлмеу.

4. Жоспарланған түзету жұмысы: қатемен жұмыс

Күні _____

Педагогтің Т.А.Ә. қолы _____ Р.С.Туашова

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды сабақ барысында бағалау жолдарын көрсету арқылы іс-тәжірибемен бөлісіу

Білім алушыны бағалауға келгенде ұстаздың рөлі өте маңызды. Асіресе зияты орташа түрде зақымдалған оқушыларға қатысты мұғалімнің әрекеті ерекше тәсілді талап етеді. Әр ұстаз өзінің білім беру тәжірибесінде білім алушыны бағалау кезеңінде жан-жақты бақылап, оқушының бойындағы қабілетін зеріттеп, бағалау оқушыға түсінікті әрі қолжетімді түрде жүргізіледі. Жалпы зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды бағалау жүйесі әртүрлі. Бағалау арқылы білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтары арта түседі. Жалпы «Кәсіп» пәні бойынша оқушыларға сабақ барысында баға қойылмайды. Тек жасаған жұмыстарын алдыңғы жұмыспен салыстыру арқылы бағаланады. Себебі бұл пәнде басты мақсат – оқушылардың практикалық дағдыларын, еңбексүйгіштігін, қызығушылығын және шығармашылық қабілетін дамыту. Әр оқушының қол маторикасы, қабылдау қабілеті, шығармашылық деңгейі әртүрлі болып келеді. Сондықтан практикалық жұмыстың нәтижесі ғана емес, әрекет барысы маңызды. Кейбір оқушылардың қызығушылығы жоғары болса да, қолынан бірден келмеуі мүмкін – бірақ бұл оның еңбегін бағаламауды білдірмейді. Кәсіп пәнінде «нақты баға» қою емес, дағдыларын дамытуға бағытталған қолдау мен әділ бағалау критерийлері тиімді. Мұнда бастысы – қызығушылық пен еңбекке ынтаны арттыру. Кәсіп пәнінде дифференциалды бағалауды қолдану тиімді нәтиже береді.

Дифференциалды бағалау- әрбір оқушының жеке қабілетіне, білім деңгейіне, мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен бағалау түрлерін бейімдеп қолдану.

5. Дифференциалды бағалаудың мақсаты.

- Әр оқушының жеке ерекшелігін ескеру;
- Қабілеті жоғары оқушыны дамыту, қиналып жүрген оқушыны қолдау.
- Барлығына тең мүмкіндік беру.

6. Негізгі принциптері.

4. Жеке ерекшелікті ескеру- оқушының зейіні, есте сақтау, қабылдау деңгейі.
5. Жетістікке жету жолын бағалау- тек нәтиже емес, талпыныс, еңбегі де есепке алынады.

6. Үш деңгейлі тапсырмалар:

- Жеңіл –негізгі білімді меңгеруге арналған (барлығына қолжетімді).
- Орташа- стандартты деңгейдегі тапсырмалар.
- Күрделі – шығармашылық, зерттеушілік тапсырмалар.

7. Дифференциалды бағалау әдісі.

- Мысалы: Қағаздан гүл жасау (дайын үлгіні қыйып, желімдеу).

- **Жетістік сатысы**

«Орындады- Талпынды- Көмекпен орындады- Орындай алмады».

- **Ойын, визуалды бағалау**

Смайлик, жұлдызша, түсті карточка.

- **Жеке рефлексия**

«Мен бүгін: «үйрендім/ талпындым/ әлі қиын».

8. Мұғалім үшін артықшылықтары

- Әр оқушыны жеке тануға артықшылық береді.
- Сабақта мотивацияны арттырады.
- Оқушы өзін «нашар» сезінбей, өз деңгейінде жетістікке жетеді.

Мысалы: (Кәсіп сабағы үшін):

Тапсырма: «Қағаздан гүл жасау»

Жеңіл деңгей: дайын үлгіні қиып, желімдеу.

Орташа деңгей: өз бетінше пішін қиып, безендіру.

Күрделә деңгей: гүлді қолдан жасалған вазғв орналастырып, композиция құрау.

Бағалау кезінде әрқайсы өз мүмкіндігі шегінде «жақсы» нәтижеге жетеді. Дефференциалды бағалаудың ерекшелігі әр оқушының жеке қабілетін, мүмкіндігін анықтауға тиімді. Қысқасы кәсіп пәнінде ұстаз үшін бағалау-оқушыны еңбекке баулу, талпынысын қолдау және шығармашылық әлеуетін дамыту құралы ретінде табылады. Кәсіп пәнінің ерекшелігі оқушыларды әр тоқсан сайын мониторинг арқылы бағалау жұмысы жүргізіледі. Мысалы: «Кіріс», «Аралық», «Қорытынды» дегендей. Сыныптың және оқушылардың қабылдау деңгейіне байланысты өткен тақырыптар бойынша тапсырмалар жасалады. Осы тапсырмаларды орындағаннан кейін мониторинг арқылы оқушының білім деңгейі бағаланады және бұл жерде әр оқушының қабылдау қабілеті ерекше ескеріледі. Тапсырма түрлеріде оқушының қабылдау қабілетіне қарай беріледі.

Ұстаздың бағалаудағы негізгі міндеттері.

6. Жекелей қарау.

- Әр оқушының жеке қабілеті мен даму қарқынын ескеру.
- Барлығына бірдей талап қоймай, бейімделген тапсырмалар беру.

7. Қолдау мен ынталандыру.

- Жетістіктерін міндетті міндетті түрде мадақтап отыру.
- «Жарайсың», «Өте жақсы», «Жақсы жұмыс жасадың».

8. Процесті бақылау.

- Қорытынды нәтижені ғана емес, оқу барысындағы әрбір қадамын бақылау.
- Қиындықты жеңуге жасаған әрекетін ескеріп, қолдау көрсету.

9. Түсінікті бағалау құралдарын пайдалану.

- Смайлинг, жұлдызша, стикер, гүлдер арқылы қарапайым белгілер қолдану арқылы оқушыны шабыттандыру.
- Қарапайым бағалау парақтары арқылы жетістігін көрсету.

10. Дамуға бағыттау.

- Қателігін көрсетіп, жазаламау, қайта түзетуге мүмкіндік беру.
- «Келесі жолы мына жерін сәл дұрыстасан, тіпті жақсы болады» деген сияқты нақты кеңес беру.

Ұстаздың бағалау барысындағы ұстанымы.

5. Бағалаудың негізгі принциптері:

- Әр оқушыны өз алдыңғы нәтижесімен салыстыру.
- Бағалауды қолдау құралы ретінде пайдалану.
- Сабәқ соңында міндетті түрде кері байланыс жасап, оң эмоциямен аяқтау.

Жекелей тәсіл- әр оқушының жеке мүмкіндігін, даму қарқының ескеру.

Прцесті бағалау- нәтиже ғана емес, оқу барысында жасаған қадамдарын есепке алу.

Қолдау мен ынталандыру- бағалау жазалау емес, баланы ынталандыруға бағытталуы керек.

Қарапайымдылық пен түсініктілік- бағалау критерийелері оқушыға түсінікті тілде берілді.

6. Бағалау тәсілдері.

- **Формативті бағалау (күнделікті).**
- Жаттығуларды орындауға талпынысын бағалау.
- Мұғалімнің ауызша мадақтауы, жұлдызша, смайлик стикер, гүл беру.
- Қарапайым сөздер: «Жарайсың», «Керемет», «Талпынысың жаман емес».

Сумативті бағалау (тоқсан соңында).

- Оқушының жеке мүмкіндігіне сай бейімделген тапсырмалар арқылы.
- Мысалы: жұмысты толық орындай алмаса – сол жұмыстын элементтерін орындату.

7. . Бағалау құралдары.

- **Бағалау парағы**- бала өзі орындағанын белгілейді.
- **Смайликтер** -көңіл-  күй мен жетістік деңгейін көрсету.
- **Портфолио** – суреттері,  қолөнер жұмыстары, қысқа жауаптары сақталады.
- **Динамика**- бастапқы деңгейден қандай өзгеріс болғанын қадағалау.

8. Мұғалімге ұсыныстар.

- Бағаны баламен салыстырмай, тек оның өз алдыңғы нәтижесімен салыстыру.
- Күрделі емес, шағын тапсырмаларды жиі беріп, сәттілік сезімін қалыптастыру.
- Әр жетістікке нақты кері байланыс беру: «Сен бүгін өз бетінше жұмысты орындадың», «Моншақты бір жіпке тіздің».

Бағалау принциптері:

1. Әр оқушының жеке мүмкіндігі ескеріледі.
2. Нәтиже емес талпыныспен даму динамикасы бағаланады.
3. Әр жетістік міндетті түрде мадақтаумен бекітіледі.

4. Бағалау оқушыға түсінікті әрі қолжетімді түрде жүргізіледі.

Тоқсандық мониторинг үлгісі (Кіріс, Аралық, Қорытынды)

Екінші саты, ТжӨЦ
«Келісілді»
әдістемелік жетекшісі

« ____ » _____ 20 ____ ж

«Бекітілді»
«№ 1 АМИ»КММ
директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары

« ____ » _____ 20 ____ ж

Бағдарламалық материалдарды меңгеруге арналған мониторинг/ Мониторинг учета усвоения программного материала

КІРІС МОНИТОРИНГ/ ВХОДЯЩИЙ МОНИТОРИНГ

Пән / предмет: Кәсіп

Ремесло

Сынып / класс:

Пән мұғалімі /учитель:

5 «Ә» сынып оқушыларының

Кәсіп пәнінен бағдарламалық материалдарды қабылдау картасы

Р/с	Оқушының аты-жөні	Күні	Бағдарламалық материалдар						Критерілер саны:	Білім сапасы %	
			Түсінеді		Қолданады		Орындайды				Сарама ндық жұмыс
			Құрал-жабдықта армен жұмыс кезіндегі ҚЕ. айтады	Қағаз, қатырма қағаз түрлерін атап көрсетеді	Қағазды ойып қию жұмысын орындайды	Қарапайым қағазды жинау тәсілін көрсетеді	Өрнек түрлерін атайды	Өрнек түрлерін параққа түсіреді			“Күншуақ” дайын шаблонмен орындайды
1									7		
2									7		
3									7		
Сынып үлесі:											

Шарттық белгілер: -, ±, +.

«+» – тақырыпты толық біледі;

«±» – тақырыпты айтуға көмек қажет етеді;

«-» – тақырыпты білмейді.

Мұғалім:
Қолы: _____

Тапсырма

Оқушының аты-жөні _____

Сынып _____

Р/с	Тапсырма	Орындалуы
1	Қайшымен жұмыс жасар кездегі ҚЕ айтып бер.	
2	Қағаз түрлерін атап және ажыратып көрсет.	
3	Өрнек түрлерін ата.	
4	Тәжірибелік жұмыс ТҚЕ қайталау Аппликация қуыршақ жасау	

**2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/
Шкала перевода на баллы критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения**

Сипаттамалық баға/описательная оценка	5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны/процентное содержание баллов с 5 – 9 классах
тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно	0% - 39%
тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого	40% - 64%
тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно	65% - 84%

Формула №2

- *Оқушының жинаған «+» санын көбейту 100% бөлеміз тақырып критерийлерінің санына/ Умножаем на 100% число набранного учеником"+", затем делим на количество критериев темы.*
- *Барлық шыққан оқушылардың пайызын қосып оқушы санына бөлуге болады, сыныптың пайызы шығады/ Путем добавления всех процентов учащихся и разделив на количество учащихся получается процент класса*

**2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/
Шкала перевода баллов критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения**

№	Сынып/ Класс	Оқушы саны/Количество учащихся	Тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно 0% - 39%	тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого 40% - 64%	тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно 65% - 84%	Білім сапасы %/ Процент качества	Үлгерімі%/ Успеваемость
1							

Диаграмма

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Сипаттамалық баға 5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны

«действие пока ребенку

недоступно»

0% - 39%

«действие выполняется с помощью


взрослого»

40% - 64%

«действие пока ребенку
недоступно»

65% - 84%

№ сынып	проценты		
	кіріс	аралық	қорытынды
5 ә	66,6		
Ең жоғары көрсеткіш			



Екінші саты, ТжӨЦ
«Келісілді»
әдістемелік жетекшісі

« ___ » _____ 20 ___ ж

«Бекітілді»
«№ 1 АМИ»КММ
директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары

« ___ » _____ 20 ___ ж

**Бағдарламалық материалдарды меңгеруге арналған мониторинг/
Мониторинг учета усвоения программного материала**

АРАЛЫҚ МОНИТОРИНГІ/ПРОМЕЖУТОЧНЫЙ МОНИТОРИНГ

Пән / предмет: Кәсіп / Ремесло

Сынып / класс:

Пән мұғалімі /учитель:

**« ___ » сынып оқушыларының
Кәсіп пәнінен бағдарламалық материалдарды қабылдау картасы**

Р/с	Оқушының аты-жөні	Күні	Бағдарламалық материалдар							Критерилер саны:	Білім сапасы %
			Түсінеді		Қолданады		Орындайды		Сарамандық жұмыс		
			Құрал-жабдықты армен жұмыс кезіндегі ҚЕ. айтады	Қағаз, қатырма қағаз түрлерін атап көрсетеді	Қағазды бүктеу тәсілін орында	Жұмыс орынын ұйымдас тыру тәртібін көрсет	Моншақ және шытыра моншақты көрсет	Тәбиғи материал дегеніміз не?	Моншақты жіпке тізуді орында.		
1									7		
2									7		
3									7		
Сынып үлесі:											

Шарттық белгілер: -, ±, +.

«+» – тақырыпты толық біледі;

«±» – тақырыпты айтуға көмек қажет етеді;

«-» – тақырыпты білмейді.

Мұғалім:


Қолы: _____

Тапсырма

Оқушының аты-жөні _____

Сынып _____

Р/с	Тапсырма	Орындалуы
1	Қайшымен жұмыс жасар кездегі ҚЕ айтып бер.	
2	Қағаз түрлерін атап және ажыратып көрсет.	

3	Қағазды бүктеу тәсілін орында.		
4	Тәжірибелік жұмыс ТҚЕ қайталау Мошақты бір жіпке тізу тәсілін орында.		

**2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/
Шкала перевода на баллы критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения**

Сипаттамалық баға/описательная оценка	5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны/процентное содержание баллов с 5 – 9 классах
тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно	0% - 39%
тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого	40% - 64%
тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно	65% - 84%

Формула №

- Оқушының жинаған «+» санын көбейту 100% бөлеміз тақырып критерийлерінің санына/ Умножаем на 100% число набранного учеником"+", затем делим на количество критериев темы.
- Барлық шыққан оқушылардың пайызын қосып оқушы санына бөлуге болады, сыныптың пайызы шығады/ Путем добавления всех процентов учащихся и разделив на количество учащихся получается процент класса

**2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/
Шкала перевода баллов критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения**

№	Сынып/ Класс	Оқушы саны/Количество учащихся	Тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно 0% - 39%	тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого 40% - 64%	тақырыпты толық біледі /действие выполняет ребенок самостоятельно 65% - 84%	Білім сапасы%/Процент качества	Үлгерімі %/Успеваемость
1							

Диаграмма

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Сипаттамалық баға 5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны

«әрекет әлі балаға қол жетімді емес/действие пока ребенку недоступно»

0% - 39%

«әрекет ересек адамның көмегімен жасалады/действие выполняется с помощью взрослого»

40% - 64%

«әрекет әлі балаға қол жетімді емес/действие пока ребенку недоступно»

65% - 84%

№ сынып	проценты		
	кіріс	аралық	қорытынды
5 ә	66,6	66,6	
Ең жоғары көрсеткіш			



Екінші саты, ТжӨЦ
«Келісілді»
әдістемелік жетекшісі

« ___ » _____ 20__ ж

«Бекітілді»
«№ 1 АМИ»КММ
директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары

« ___ » _____ 20__ ж

**Бағдарламалық материалдарды меңгеруге арналған мониторинг/
Мониторинг учета усвоения программного материала**

КОРТЫНДЫ МОНИТОРИНГ/ИТОГОВЫЙ МОНИТОРИНГ

Пән / предмет: Кәсіп / Ремесло
Сынып / класс:

Пән мұғалімі /учитель:

**« ___ » сынып оқушыларының
Кәсіп пәнінен бағдарламалық материалдарды қабылдау картасы**

Р/с	Оқушының аты-жөні	Күні	Бағдарламалық материалдар						Критерілер саны :	Білім сапасы %	
			Түсінеді		Қолданады		Орындайды				Сарамандық жұмыс
			Құрал-жабдықта рмен жұмыс кезіндегі	Қағаз, қатырма қағаз түрлерін атап көрсетеді	Қағазды жинаудың қарапайым тәсілдері	Қалдық материал туралы түсінік.	Шытыра моншақтармен жұмыс	Тәбиғи материал дегеніміз не?			Қалдық материалдан сәнді түйреуіш жасау

			ҚЕ. айтады		н орындау						
1										7	
2										7	
3										7	
										Сынып үлесі:	

Шарттық белгілер: : -, ±, +.

«+» – тақырыпты толық біледі;

«±» – тақырыпты айтуға көмек қажет етеді;

«-» – тақырыпты білмейді.

Мұғалім:

Қолы: _____

Тапсырма

Оқушының аты-жөні _____

Сынып _____

Р/с	Тапсырма	Орындалуы
1	Қайшымен жұмыс жасар кездегі ҚЕ айтып бер.	
2	Қағаз түрлерін атап және ажыратып көрсет.	
3	Қағазды бүктеу тәсілін орында.	
4	Тәжірибелік жұмыс ТҚЕ қайталау Мошақты жіпке тізу тәртібін орында.	

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Шкала перевода на баллы критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения

Сипаттамалық баға/описательная оценка	5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны/процентное содержание баллов с 5 – 9 классах
тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно	0% - 39%
тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого	40% - 64%
тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно	65% - 84%

Формула №

- *Оқушының жинаған «+» санын көбейту 100% бөлеміз тақырып критерийлерінің санына/ Умножаем на 100% число набранного учеником "+", затем делим на количество критериев темы.*
- *Барлық шыққан оқушылардың пайызын қосып оқушы санына бөлуге болады, сыныптың пайызы шығады/ Путем добавления всех процентов учащихся и разделив на количество учащихся получается процент класса*

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/

Шкала перевода баллов критериальной описательной оценки учебных достижений учащихся 2 отделения

№	Сынып/Класс	Оқушы саны/Количество учащихся	Тақырыпты білмейді/действие пока ребенку недоступно 0% - 39%	тақырыпты айтуға көмек қажет етеді / действие выполняется с помощью взрослого 40% - 64%	тақырыпты толық біледі /действие выполняется ребенком самостоятельно 65% - 84%	Білім сапасы%/Процент качества	Үлгерімі%/Успеваемость
1							

Диаграмма

2 бөлімше оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалауды балға ауыстыру шкаласы/


Сипаттамалық баға 5 – 9 сыныптарда балалардың пайыздық мазмұны

«әрекет әлі балаға қол жетімді емес/действие пока ребенку недоступно» 0% - 39%

«әрекет ересек адамның көмегімен жасалады/действие выполняется с помощью взрослого» 40% - 64%

«әрекет әлі балаға қол жетімді емес/действие пока ребенку недоступно» 65% - 84%

№ сынып	проценты		
	кіріс	аралық	қорытынды
5 ә	66,6	66,6	66,6
Ең жоғары көрсеткіш			



Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушылардың бағдарламалық материалдарды меңгеруге арналған бағалау мониторингін 1 тоқсанда, 2 тоқсанда және 4 тоқсанда жүргізу арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің өзгеру, қабылдау деңгейін бақылауға болады. Тапсырмаларды орындау барысында өздігінен немесе мұғалімнің көмегімен орындағанын ескере отырып оқушының оқу деңгейінің «жақсы», «өзгеріссіз» немесе «төмен» жағдайы байқалады. Яғни, бағалау кезінде бастысы- оқушының мүмкіндігіне сай даму динамикасын көрсету. Жалпы тәжірибемде байқағаным- әр оқушының кішкене де болса жетістігін атап өту оның алдағы даму қарқынында үлкен әсер етеді. Тапсырманы орындау деңгейін дұрыс бақылап, бағалау арқылы біз баланың ілгерлеуін айқындаймыз және алдағы мақсаттарды нақтылаймыз.

Есенберлина Саганыш Сериковна

Астана қаласы №1 Арнайы мектеп- интернаты

Жалпы еңбекке даярлау пәні мұғалімі, педагог – эксперт

Зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар балаларды сабақ барысында бағалау туралы іс – тәжірибемен бөлісу

5-6 сынып, жалпы еңбекке даярлау пәні

5 -6 сыныптағы жалпы еңбекке даярлау сабағында зиятында жеңіл түрде бұзылысы бар балаларға анықтама, интеллектуалдық дамуында тұрақты ерекшеліктері бар, танымдық қабілеттері, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, оқу, жазу және есептеу дағдыларын меңгеруі қалыпты деңгейден төмен болатын балалар.

Негізгі сипаттамалары:

Ақыл-ой әрекеттерінің баяулығы;

Жаңа ақпаратты қабылдау мен есте сақтаудың қиындығы;

Сөйлеу тілі мен сөздік қорының шектеулілігі;

Қарапайым тапсырмаларды орындау үшін көбірек уақыт қажет болуы;

Педагогикалық ерекшелігі: Мұндай балаларға арнайы түзете-дамыта оқыту, жеке тәсіл, қайталама, көрнекілік және қолдау арқылы оқыту әдістері қажет. Мұғалім үшін әр сабақта зиятында жеңіл түрде бұзылысы бар балаларды бағалау біраз ойландыратын сұрақ. Осы сұрақ аясы негізге алатын мәліметтерді жинақтап, өз іс – тәжірибемен бөлісем. Ең алдымен бағалаудың түрлеріне тоқталып кетсек.

2. Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) Сабақтың барысында жүргізіледі.

- Мақсаты – оқушының жетістігін бақылау, қателерін түзету, қолдау көрсету.

- Ерекшелігі: баға (балл, баға қою) қойылмайды, тек ауызша немесе жазбаша кері байланыс беріледі.

- Түрлері: **Ауызша мадақтау** («Жарайсың!», «Өте жақсы ой!», «Керемет жұмыс жасадың»). **Смайликтер, жұлдызшалар, стикерлермен бағалау.**

2. Жиынтық бағалау (ЖБ) Белгілі бір тақырып, бөлім немесе тоқсан соңында жүргізіледі.

- Мақсаты – оқушының белгілі бір уақыт аралығында меңгерген білімін жинақтап бағалау.

- Нәтижесінде нақты баға/балл қойылады.

- Түрлері: **Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ)**

Бағалаудың дискрипторларын жасау үшін Блум таксономиясын қолдану қажет. **Блум таксономиясы** – американдық психолог Бенджамин Блум ұсынған, оқыту мақсаттары мен нәтижелерін жүйелеуге арналған жіктеу үлгісі. **Анықтамасы:** Блум таксономиясы – оқушының ойлау қабілетін қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде дамытуға негізделген оқу мақсаттарының иерархиялық жүйесі.

Мақсаты: Оқытудың мақсаттарын жүйелеу, мұғалімге оқу тапсырмаларын жоспарлауда көмекші болу, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, қарапайым білімнен жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлауға жетелеу.

Блум таксономиясының негізгі сатылары:

8. **Білу** – фактілерді, терминдерді, ережелерді еске сақтау, атау.
9. **Түсіну** – ақпаратты түсіну, өз сөзімен жеткізу.
10. **Қолдану** – алған білімді іс жүзінде пайдалану.
11. **Талдау** – ақпаратты бөліктерге жіктеу, себеп-салдарды анықтау.
12. **Жинақтау (синтез)** – жаңа идея, жоба құрастыру.
13. **Бағалау** – пікір айту, баға беру, дұрыс-бұрысын анықтау.



Зиятында жеңіл түрде бұзылысы бар балаларды сабақ барысында бағалау кезінде негізгі мақсат – оқушының жеке мүмкіндіктерін ескеріп, оның жетістігін әділ әрі қолдау бағытында бағалау. Жоғарыда көрсетілген Блум таксаномиясының 3 сатысын негізге ала отырып (біледі, түсінеді, қолданады) ТЖ,БЖБ - да көрініс табады. Бағалау критерийі және тапсырмаларды орындату барысында өте тиімді әрі қолайлы. Себебі: Зияты жеңіл түрде бұзылыстары бар балалар сыныпта түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындайды. Сабақ барысында үнемі қалыптастырушы бағалауды қолдану қажет. **Мұнда бірнеше тәсілдер қолданылады:** 1. Формативті бағалау (қалыптастырушы) Оқушының күнделікті жұмысына, белсенділігіне, тапсырманы орындауға жасаған талпынысына мән беру. «Жақсы, жарайсың», «Қолыңнан келді», «Тағы да тырысып көрейік» сияқты қолдаушы сөздер қолдану; Баланың өзіне сенімін арттыру. **Критериалды бағалау** жеке оқу мақсаттарына сай арнайы критерийлер қою (мысалы, «құралды дұрыс қолданды», «тапсырманы мұғалім көмегімен орындады», «түсті ажырата алды»); Жалпы сыныптағы критерийлерді жеңілдетіп немесе бейімдеп қолдану. Жетістікке жетелеу. Қиындықтарын емес, жетістігін атап көрсету; «Сен бүгін тапсырманы соңына дейін орындадың», «Түстерді шатастырмай таңдадың» сияқты нақты жетістіктерін көрсету.

Бағалау критерийлері мен дескрипторлардың үлгісі

Тақырып: «Қағаздан бұйым жасау»

✦ Бағалау белгісін қою жолдары:

- 👍 – Өте жақсы орындады
- 😊 – Жақсы орындады (мұғалім көмегімен)
- 🙏 – Әлі де көмек қажет

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Бағалау белгісі
1. Құралдарды дұрыс пайдалану	- Қайшыны мұғалімнің көмегімен дұрыс ұстайды - Қауіпсіз қолданады	😊 / 👍
2. Нұсқауды орындау	- Мұғалімнің айтқанын қайталайды - Тапсырманың кемінде жартысын өзі орындайды	😊 / 👍
3. Материалдарды таңдау және қолдану	- Қажетті түсті/пішінді қағазды таңдайды - Материалды дұрыс орналастырады	😊 / 👍
4. Шығармашылық таныту	- Бұйымды әсемдеуге талпынады - Қосымша элемент қосады (мұғалім көмегімен)	😊 / 👍
5. Жұмыс нәтижесін көрсету	- Дайын бұйымды сыныпқа көрсетеді - «Маған ұнады/қиын болды» деп пікір айтады	😊 / 👍

Тақырып: «Бисерден қарапайым бұйым тоқу»

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Бағалау белгісі
1. Моншақтарды тану	- Моншақтарды түсіне қарай ажыратады - Өлшеміне қарай таңдайды	☺ / 👍
2. Сызба бойынша әрекет жасау	- Мұғалімнің көмегімен үлгіні қайталайды - Екі моншақты дұрыс тізеді	☺ / 👍
3. Тоқу ережесін сақтау	- Жіпті дұрыс ұстайды - Қарапайым «бұтақ» не «бүршік» жасайды	☺ / 👍
4. Шығармашылық таныту	- Түрлі түсті моншақтарды үйлестіреді - Өзіндік әшекей қосуға тырысады	☺ / 👍
5. Жұмыс нәтижесін көрсету	- Дайын бұйымын көрсетеді - Өз жұмысына қысқаша пікір білдіреді	☺ / 👍

Тақырып: «Сазбен жұмыс: өрнек пен қарапайым бұйым жасау»

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Қосымша ой / қолдау	Бағалау белгісі
1. Қамырды/сазды дайындау	- Сазды уқалап жұмсартады - Үлгіге сәйкес бөліктерді бөледі	Мұғалімнің көрсетуі бойынша қайталайды	☺ / 👍
2. Қарапайым пішін жасау	- Шар, шұжықша, жай пішіндер жасайды	Дайын үлгіден көмек алып орындайды	☺ / 👍
3. Өрнек салу	- Таяқша, тіс тазалағыш сияқты құралмен сызықтар түсіреді - Шеңбер, жолақ, нүкте бейнелейді	Қателесе, қайта жасауға мүмкіндік беру	☺ / 👍
4. Бұйымды біріктіру	- Бөліктерін су мен щетка арқылы қосады - Бөлшектердің орнықты тұрғанын қадағалайды	Мұғалім қажет жағдайда бағыттайды	☺ / 👍
5. Шығармашылық таныту	- Өз ойынан өрнек қосуға талпынады - Ұлттық элемент қосуға тырысады	«Өз нұсқанды жасап көр» деп қолдау білдіру	☺ / 👍
6. Ұқыптылық	- Қолын, үстелін таза ұстайды - Құралды орнымен қолданады	Тазалыққа баулу маңызды	☺ / 👍

Зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушылардың жетістіктерін бағалау барысында олардың әрқайсысының жеке ерекшеліктері ескерілді. Бағалау тек білім көлемін анықтаумен шектелмей, оқушының ынтасы, еңбексүйгіштігі, тапсырманы орындауға деген талпынысы мен жауапкершілігі де назарға алынды. Оқушылардың көпшілігі берілген тапсырмаларды өз мүмкіндіктеріне сай орындап шықты. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт пен қолдау қажет болғанымен, олар да оқу материалын меңгеруде алға ілгерілеу көрсетті.

Жалпы, зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар балаларды бағалауда басты мақсат – олардың оқу жетістігін әділ анықтап қана қоймай, өзіне деген сенімін арттыру, ынталандыру және болашақта білім алуға деген қызығушылығын қолдау болып табылады.

Қосымша №1

“Жалпы еңбекке даярлау” (Тігін ісі) пәні бойынша бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырма

Оқушының аты-жөні:

Сынып: 5

Ортақ тақырып/ Бөлімше: 1. Материалтану. Құралдар мен жабдықтар.

2. Еңбек заттарын дайындау технологиясы.

Мақсаты: 5.2.1.1 моделдеу және құрастыру объектісін анықтау;

5.2.1.2 сызба, эскиз дайындау; 5.2.1.3 жұмыс жоспарын құрастыру, материалдарды іріктеу;
5.2.1.4 белгіленген жоспарға сүйену


Критериалдық бағалау :

Оқушы:

1. Еңбек заттары мен материалдардың ерекшелігін атайды
2. Әшекейлі өрнек құрастыру технологиясын түсінеді
3. Геометриялық пішіндер мен мүйіз тәрізді өрнектерді қылып көрсетеді

Ойлау шеберлігінің деңгейі: Білу, түсіну және қолдану

Орындалу уақыты: 20 минут

№	Тапсырма	Орындалуы	Балл
1	Қол құралдарының атауын және қызметін ауызша ата. Дискриптор - қол құралдарының атауы мен қызметін түсіне біледі		1-5
2	Әшекейлі өрнектер құрастыру, геометриялық пішіндер мен мүйіз тәрізді элементтерді пайдалану (ақ парақта орында). Дискриптор - әшекейлі өрнек түрлерін құрастыра біледі;		1-5
3	Көрсетілген маталардың қасиеттерін ата. (Ауызша жауап) Дискриптор Мата түрлерін және қасиеттерін біледі;		1-10
Барлығы			20

Өзін - өзі бағалау парағы _____

№	Жасалған жұмыс	Бал
---	----------------	-----

1	Қол құралдарының атауын және қызыметін ауызша ата. Мен бәрін түсіндім Мен есте сақтадым Сұрақтар пайда болды		1 1 1
2	Әшекейлі өрнектер құрастыру, геометриялық пішіндер мен мүйіз тәрізді элементтерді пайдалану. Мен бәрін түсіндім Мен есте сақтадым Сұрақтар пайда болды		1 1 1
3	Көрсетілген маталардың қасиеттерін ата. Мен бәрін түсіндім Мен есте сақтадым Сұрақтар пайда болды		1 1 2
	Барлығы:		

«Жалпы еңбекке даярлау» (Тігін ісі) пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырма

Оқушының аты-жөні:

Сынып: 5

Мақсаты: 5.2.4.1 қағаз өндірісі туралы түсініктің болуы;

5.2.4.2 қағазды бүктеу тәсілдерін меңгеру;

5.2.4.3 жазықтықта аппликация орындау, көлемді және заттық аппликациялар;

5.2.4.4 аппликацияға әртүрлі ою-өрнектер мен әшекейлерді қолдану;

5.2.4.5 белгілі бір тақырыпқа дұрыс композициялық құрылған, көк жиек сызығын пайдаланып аппликация құрастыру;

Критериалдық бағалау : Оқушы:

1. қағаз түрлерін біледі және атайды

2.аппликацияға әртүрлі ою-өрнек және әшекейлерді қолдану технологиясын анықтайды

3.қағазды бүктеу тәсілдерін орындайды

Ойлау шеберлігінің деңгейі: Білу, түсіну және қолдану

Орындалу уақыты: 40 минут

№	Тапсырма	Орындалуы	Балл
1	<p>Суретке қарап қағаз түрлерін атап жаз.</p> <p>Дискриптор</p> <p>- қағаз түрлерін, атауын біледі</p>		1-5
2	<p>Қағазды бүктеу тәсілдерін көрсет.</p> <p>Дискриптор</p> <p>-қағазды бүктеу тәсілдерін орындай біледі</p>		1-5
3	<p>Аппликация түрлерін жаз.</p> <p>Дискриптор</p> <p>-аппликация түрлерін біледі</p>		1-5
4	<p>Практикалық жұмыс</p> <p>Қауіпсіздік ережесін қайталау.</p> <p>Аппликация “кемпірқосақ”</p> <p>Дискриптор</p> <p>- түстерді біледі</p> <p>- жұмыс барысындағы ҚЕ сақтауды түсінеді</p> <p>- технологиялық карта бойынша орындай біледі.</p>		1-5
Барлығы:			20

Хаджимуратова Г. Т., математика пәнінің мұғалімі, дефектолог
 Имамбаева М. А., оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, дефектолог
 мұғалім
 «№1 Арнайы мектеп-интернаты» КММ, Астана қаласы

**ИНТЕЛЛЕКТІЛІК ДАМУЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
 АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН
 СУММАТИВТІ БАҒАЛАУ**

Мақалада зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу жетістіктерін жиынтық бағалау мәселелері қарастырылған. Мақаланың мазмұны – осы мәселелерді шешу тәжірибесіне негізделген.

Түйінді сөздер: ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жиынтық бағалануы, критериалды бағалау, инклюзивті білім беру.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің дамуы – еліміздің мемлекеттік саясатының ең маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі қағидаттарына барлық адамдардың сапалы білім алуға тең құқықтылығы, әрбір адамның зияткерлік дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігі жатады [4]. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру ерекшеліктеріне байланысты мұғалім, олар үшін бағдарламаларды бейімдей алады.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды жалпы білім беру процесіне енгізу нысандары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 5 ақпандағы №51 және 2018 жылғы 20 қыркүйектегі №469 қаулыларымен бекітілген жалпы білім беретін ұйымдардың (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) қызметінің Типтік ережелерінде баяндалған.

Инклюзивті және арнайы білім берудің мазмұны барлық білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып әзірленетін арнайы жалпы білім беру оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды олардың физикалық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беру ортасына қосу, сапалы білім алуына кедергі келтіретін барлық тосқауылдарды жою, сондай-ақ олардың әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға кірігуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстандағы білім беру саласының нормативтік-құқықтық базасы әрбір баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып білім алу құқығын қамтамасыз етеді. Бұл қағида әртүрлі типтегі арнайы мектептерде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау барысында да жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта біздің мектебімізде жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар балалар оқиды. Орташа ақыл-ой кемістігі бар балалар Типтік бағдарламалар негізінде әзірленген, бірақ балалардың жеке мүмкіндіктерін ескеретін жеке оқу бағдарламалары бойынша оқытылады. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту барысында да оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Бағалау – оқу процесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және ол оқушылардың үлгерімі туралы ақпаратты жинау мен талдауды қамтиды. Бағалаудың мақсаты, міндеттері, нысанасы, объектісі, қағидаттары, әдістері, формалары мен құралдары білім беру процесінің барлық қатысушыларына – мектеп

әкімшілігіне, мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушылардың өздеріне түсінікті болуы қажет.

Бүгінгі таңда зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалау жүйесі енгізілген. Бұл жүйе оқушылардың оқу жетістіктерін алдын ала белгілі критерийлер негізінде бағалауды, олардың нақты нәтижелерінің оқу мақсаттарына сәйкестік дәрежесін анықтауды көздейді. Бағалау рәсімдеріне қойылатын талаптар осы санаттағы оқушыларды оқытудың ізгілендіру идеяларына сүйенеді. Басқа типтегі арнайы мектептердің контингентімен салыстырғанда, зиятында бұзылыстары бар балалар арнайы оқу бағдарламалары бойынша білім алады, олардың мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарын орындауға бағытталмаған. Мұндай арнайы мектептерде оқыту және оқу жетістіктерін бағалау үдерісі көпденгейлі тәсіл арқылы (оқушыларға сараланған және жеке тәсіл қолдану қағидаты негізінде) жүзеге асырылады.

Оқыту мен бағалау барысында оқушылар В.В. Воронкованың ақыл-ойы кем оқушылардың педагогикалық жіктемесіне сәйкес типологиялық топтарға шартты түрде бөлінеді. Жеңіл дәрежедегі ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері келесі ұстанымдарға негізделеді:

біледі – нақты фактілерді еске түсіру немесе қайта жаңғырту қабілетін бағалау;

түсінеді – меңгерілген материалды дұрыс қайта жаңғырту, болжау немесе түсіндіру арқылы оны ұғыну және интерпретациялау қабілетін бағалау;

қолданады – меңгерілген материалды нақты жағдайда және жаңа жағдаяттарда проблемаларды шешу үшін пайдалану қабілетін бағалау.

Типтік оқу бағдарламаларында көрсетілгендей, «жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау ағымдық (сабақ сайын), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады». Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде БЖБ және ТЖБ өткізілмейді. Біз бұл бағытты жеңіл дәрежелі ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бағдарламаға сай өз контингентімізге бейімдедік. Ағымдық бағалау сабақ сайын жүргізіледі. Кезеңдік бақылау оқу бағдарламасындағы тақырып немесе бөлім аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Қорытынды бақылау тоқсанның немесе оқу жылының соңында өткізіледі. Пән бойынша оқу бағдарламасын меңгеру нәтижелері негізінде оқушылардың жетістіктерінің мониторингі жасалады. Әр тоқсанда мұғалімдер мониторинг жүргізу арқылы оқушылардың жетістіктер динамикасын бақылайды. Сабақтық, кезеңдік және қорытынды бақылауды өткізу үшін мұғалімдер оқыту процесінде дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мен жаттығуларды бағалау құралы ретінде пайдаланады. Жеңіл дәрежедегі ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктері бес балдық шкала бойынша бағаланады. Түзету компоненті пәндері бойынша балдық бағалар қойылмайды. Алайда бес балдық бағалау нәтижелері үлгерімнің жалғыз көрсеткіші ретінде қарастырылмайды. Негізгі пәндер бойынша мұғалім оқу жылы бойы оқушының даму және жетістік

динамикасын талдап, сипаттап отырады. Зиятында бұзылыстары бар оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру барысында жыл соңына дейін жеткен кез келген нәтижелері, тіпті ең аз жетістіктері де оң нәтиже ретінде бағаланады. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылар екінші жылға қалдырылмайды.

Біздің мектепте жеңіл дәрежелі ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға негізгі пәндер бойынша мұғалімдер бөлімдер мен тоқсандарға арналған жиынтық бағалауларды (суммативті бағалауды) әзірлейді. Әр тоқсанда бір бөлім бойынша және бір тоқсандық жиынтық бағалау өткізіледі. Бағалау сипаттамалық түрде жүзеге асырылады, яғни ол баланың білім, білік және қолдану дағдыларындағы жетістіктеріне қатысты педагогикалық есеп болып табылады. Оның негізгі қызметі – диагностикалық.

Айта кету керек, зиятында бұзылыстары бар балалардың ата-аналары үшін сипаттамалық бағалау – баланың мектептегі іс-әрекетінің мазмұны туралы ақпарат беретін жалғыз құжат болып табылады. Сипаттамалық бағалау негізінде ата-аналар баласының мектептегі түрлі іс-әрекетке қатысатынына, тіпті ең әлсіз бала да нәтижеге жете алатынына көз жеткізе алады.

Орташа дәрежелі ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалауда да жеке оқу бағдарламасының мазмұнына негізделген сипаттамалық критериялды бағалау қолданылады. Мұндай оқушылардың жетістіктерін бағалаудың бастапқы нүктесі – олардың жеке оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттары.

Орташа дәрежелі ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жетістіктерін бағалау рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды: бастапқы, аралық және қорытынды бағалау. Қорытынды бағалау оқу жылының соңында өткізіледі және ол да сипаттамалық сипатқа ие.

Сипаттамалық бағалау белгілі бір кезеңдегі оқушының жұмыс нәтижелерін қорытындылайды; бұрын сипатталған деңгеймен салыстыра отырып, қол жеткізілген деңгейді сипаттайды (яғни өзгеріс динамикасын – оң, теріс немесе өзгеріссіздігін көрсетеді).

Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды-сипаттамалық бағалаудың психологиялық-педагогикалық негізі – Ұлттық ғылыми-практикалық коррекциялық педагогика орталығының арнайы мектеп білім беру зертханасында әзірленген, оқу пәні аясында оқу процесін жобалау технологиясы болып табылады. Бұл технология қазіргі уақытта елдегі арнайы мектептердің тәжірибесіне енгізіліп жатыр. Типтік оқу бағдарламаларына сәйкес, білім беру ұйымдары білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен аралық аттестацияны өткізудің нысандарын, тәртібі мен мерзімділігін өз бетінше айқындай алады. Бүгінгі таңда зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған әрбір арнайы мектепте бағалау құжаттамасын жүргізуге қатысты өздерінің ішкі жергілікті актілері бар.

Біздің мектепте 2018 жылдан бастап негізгі пәндер бойынша бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау жүйесі енгізілді. Мұғалімдер бөлім немесе тақырып бойынша, сондай-ақ тоқсан ішінде өткен тақырыптар бойынша тапсырмалар құрастырады.

Бөлім (тақырып) бойынша тапсырмалар 20 балдық жүйе бойынша бағаланады: жиынтық бағалауда үш тапсырма беріледі, олардың әрқайсысы 1–7 балл аралығында бағаланады, орындау уақыты – 20 минут. Тоқсандық жиынтық бағалауда төрт тапсырма беріледі, олар тоқсан бойы өткен тақырыптарды қамтиды, әрқайсысы 1–5 балл аралығында бағаланады, жалпы 20 балл болуы керек, орындау уақыты – 45 минут. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды бір ғана компонент бойынша бағалау орынсыз, сондықтан арнайы бағалау шкаласын қолдану маңызды. Мұндай дәстүрлі бағалау шкаласын егжей-тегжейлі бөлу баланың білім беру бағдарламасын меңгеру барысындағы ең аз жетістіктерін де, ең шағын ілгерілеуін де тіркеуге және күтілетін нәтиже мен нақты нәтиженің арақатынасын барынша дәл анықтауға мүмкіндік береді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту табысты болуы үшін мұғалім олардың пәндік-практикалық әрекеттерін үнемі қалыптастырып, жасалып жатқан нақты іс-әрекеттер мен өзгерістердің мағынасын, мәнін түсінікті түрде жеткізіп отыруы қажет. Бағалау – тұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі болып табылады және оны осы контексте қарастыру керек. Бағалау оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында ең нәтижелі оқыту әдістерін таңдауға мүмкіндік береді. «Оқушылар алған білім сапалы болып есептеледі, егер оның нәтижелері оқушының әлеуетті даму аймағына бағытталған алдын ала белгіленген мақсаттарға сәйкес келсе».

6-сынып, I тоқсан бойынша математика пәнінен «сандар және шамалар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмасы

Оқушының аты-жөні:

Сыныбы:

Күні:

Бөлім: «Сандар және шамалар»

Оқу мақсаты:

6.1.2.9 Мұғалімнің көмегімен бір таңбалы санға, дөңгелек ондағанға дейінгі (10 000 шегінде) жазбаша көбейту және бөлу тәсілдерін қолдану;

6.1.3.3 Мұғалімнің көмегімен шамалар арасындағы бірлік қатынастарын анықтау, 1 тг = 100 тиын, 1 см = 10 мм, 1 м = 100 см, 1 км = 1000 м, 1 жыл = 12 ай, 1 сағ = 60 мин, 1 тәулік = 24 сағ.


Бағалау критерийлері: **Оқушы:**

1. мұғалімнің көмегімен көбейту кестесін білуін қолдана алады;
2. мұғалімнің көмегімен шамаларды келесі өлшем бірліктерін пайдалана отырып өлшей алады: тг, мм, см, м, км, ай, апта, сағ, мин;
3. мұғалімнің көмегімен өлшеу нәтижесінде алынған сандарды түрлендіре алады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: білу, түсіну және қолдану.

Орындалу уақыты: 20 минут

№	Тапсырма	Орындалуы	Балл
---	----------	-----------	------

1	Мысалдарды шешіңіз: $12 \times 10 =$ $30 \times 100 =$ $480 : 20 =$ $550 : 50 =$ $32 \times 20 =$ 23×30		1-6									
2	Шамаларды түрлендіруді орындаңыз: $5\text{м} = \dots\text{см}$ $3\text{т} = \dots\text{кг}$ $14\text{км} = \dots\text{м}$ 4т $2\text{ц} = \dots\text{ц}$ 7см $1\text{мм} = \dots\text{мм}$ 9м $40\text{см} = \dots\text{см}$ $1\text{ч.} = \dots\text{мин.}$		1-7									
3	Шамаларды суретпен байланыстырыңыз: <table border="1" data-bbox="212 645 691 992"> <thead> <tr> <th>Физическая величина</th> <th>Единицы измерения</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>  Длина </td> <td>МЕТР (м)</td> </tr> <tr> <td>  Время </td> <td>Секунда (с)</td> </tr> <tr> <td>  Масса </td> <td>Килограмм (кг)</td> </tr> </tbody> </table>  	Физическая величина	Единицы измерения	 Длина	МЕТР (м)	 Время	Секунда (с)	 Масса	Килограмм (кг)		1-7	
Физическая величина	Единицы измерения											
 Длина	МЕТР (м)											
 Время	Секунда (с)											
 Масса	Килограмм (кг)											
Барлығы			20									

6-сынып, I тоқсан бойынша математика пәнінен «сандар және шамалар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмасы

Оқушының аты-жөні:

Сыныбы:

Күні:

Оқу мақсаты:

6.3.1.3 2–3 амал орындауды қажет ететін күрделі мәтіндік арифметикалық есептерді шешу;



6.2.1.9 жазықтықтағы фигуралардың бір-біріне қатысты орналасуын анықтау және атау.

Бағалау критерийлері: **Оқушы:**

1. көбейту және бөлу кестесін білуді қолданады;
2. есептің қысқаша жазбасын шартты белгілерді пайдаланып жасайды;
3. геометриялық фигураларды танып, атауды орындайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі: білу, түсіну және қолдану.

Орындалу уақыты: 20 минут

№	Тапсырма	Орындалуы	Балл
1	<p>Мәселені шешіңіз. Еңбек сабағында 7 оқушы 3 қорапты, ал 9 оқушы 4 қорапты жапсырды. Оқушылар қанша қорапты желімдеді?</p> 		1-5
2	<p>Көбейту мен бөлуді орындаңыз: $32 \times 7 =$ $70 \times 100 =$ $12 \times 8 =$ $68 \times 8 =$ $50 : 10 =$ $123 : 3 =$ $48 : 8 =$ $400 : 10 =$</p>		1-5
3	<p>Жазықтықтағы пішіндердің орнын анықтаңыз:</p> 		1-5
4	<p>Практикалық жұмыс. Қабырғалары 6 см және 3 см болатын тіктөртбұрыш жасаңыз. Тіктөртбұрыштың бүйірлерін латын әріптерімен белгілеңіз.</p> 		1-5
Барлығы			20

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И.Г. Елисеева интеллектісі бұзылған оқушыларды математикаға оқыту процесін жоспарлау-Алматы, 2011.

2. 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы Заң (2016 жылғы 15 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулармен).

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың және үйде оқитын балалардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік құрал. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы КЕАҚ, 2017.

4. Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана: ұлттық білім академиясы. Ы. Алтынсарин, 2015.

5. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары (Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 258 бұйрығымен бекітілген).

3-бөлім бойынша қорытындылар

Қазақстанның әртүрлі өңірлерінің педагогтері ұсынған практикалық материалдар инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру

қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қазіргі жай-күйін тұтас түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бөлімде жинақталған тәжірибе педагогикалық практиканың оң нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге бағалауды жекелендіру барысында мұғалімдер кезігетін қиындықтарды да көрсетеді.

Материалдар педагогтердің білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, тапсырмаларды бейімдеуге, дифференциалды бағалау түрлерін қолдануға, эмоциялық қолдау көрсетуге және жетістік жағдайын құруға ұмтылатынын дәлелдейді. ПМПК мен мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППКҚ) ұсынымдары оқу материалын берудің тиімді тәсілдерін, бақылау түрлерін және бағалау критерийлерін анықтауға көмектеседі. Бұл ұсынымдарды сақтау баланың қабылдау ерекшеліктерін, қарқынын, жадын, зейінін және эмоциялық күйін ескеруге мүмкіндік береді, ал бұл – оның оқу жетістігі үшін маңызды шарт.

Сонымен бірге мұғалімдерге жүргізілген сауалнама (2-бөлім) олардың көпшілігіне әдістемелік базаның жеткіліксіз екендігін және оқу тапсырмаларын, бағалау критерийлерін бейімдеуде қиындықтар барынын көрсетті. Көптеген педагогтерге анық және қолжетімді әдістемелік нұсқаулықтар, бейімделген тапсырмалардың үлгілері, дайын шаблондар қажет. Бұл әсіресе инклюзивті білім беру бойынша арнайы даярлығы жоқ немесе еңбек өтілі аз мұғалімдер үшін өзекті.

Педагогтер ұсынған практикалық мысалдар бағалау үдерісін ұйымдастырудағы тәсілдердің алуан түрлілігін көрсетеді. ЕБҚ бар балалармен жұмыста кеңінен қолданылады:

- жеңілдетілген және кезең-кезеңімен берілетін нұсқаулар;
- визуалды материалдар мен практикалық құралдар (карточкалар, кестелер, сызбалар);
- ойын, ауызша және тәжірибеге бағытталған тапсырмалар;
- негізгі мазмұнды сақтай отырып, тапсырма көлемін қысқарту;
- тапсырманы орындауға қосымша уақыт беру;
- ынталандыру, белсенділік пен ілгерілеуді мадақтау.

Мұғалімдер мұндай тәсілдер балалардың оқу процесіне қызығушылығын арттыратынын, алайда айтарлықтай уақыттық және әдістемелік ресурстарды талап ететінін атап өтеді. Көп жағдайда жеке тәсіл жүйелі әдістемелік қолдауға емес, жеке педагогтің тәжірибесіне сүйеніп жүзеге асады.

Материалдардың ерекшелігі – олар нақты жағдайлар мен шынайы педагогикалық шешімдерді қамтиды, бұл тәжірибені құнды етеді, бірақ әмбебап етпейді. Мұғалімдердің басым бөлігі ұсынылған әдістер мен тәсілдерді автоматты түрде қолдануға болмайтынын, әрбір жағдай диагноздың ерекшелігін, баланың даму деңгейін және мотивациясын ескеруді талап ететінін түсінеді.

Материалдарды талдау кейбір мектептерде бағалау рәсімдерін бейімдеу жүйелі түрде жүргізілетінін және педагогтердің психологтар, логопедтер, дефектологтар және басқа мамандармен тиімді өзара әрекеттесетінін көрсетті. Дегенмен жалпы алғанда междисциплинарлық өзара әрекет пен әдістемелік

қолдаудың деңгейі жеткіліксіз, бұл инклюзивті бағалау тәсілдерін жүйелі түрде енгізуді тежейді.

Алдағы уақытта дамытуды қажет ететін бағыттар:

- бейімделген тапсырмалар мен бағалау критерийлерінің біріздендірілген әдістемелік нұсқаулықтарын әзірлеу;
- инклюзивті бағалау мәселелері бойынша практикалық семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру;
- педагогтерге қолжетімді практикалық мысалдар банкін және электрондық ресурстарды дамыту;
- мұғалімдерге, әсіресе ауыл мектептеріне әдістемелік қолдау мен кеңес беру жүйесін күшейту.

Бағалау тәжірибесін жетілдіру контекстінде ерекше назар аударуға тұрарлық бағыт – UDL қағидаттарын енгізу. UDL тапсырмалар мен бағалау критерийлерін бейімдеу міндетін жеңілдетіп, материалды ұсыну, белсенділікті ұйымдастыру және білімді көрсету тәсілдеріне икемділік береді. Бұл әртүрлі білім мүмкіндіктері бар балалармен жұмыс жасауда өте маңызды.

Осылайша, педагогтердің практикалық тәжірибесін талдау инклюзивті бағалаудың баланың жеке мүмкіндіктеріне және оның жеке прогресіне бағытталған мәдениетінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен бірге анықталған қиындықтар педагогтерге әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдауды күшейтуді, тәжірибе алмасуға жағдай жасауды және заманауи тәсілдерді, соның ішінде UDL қағидаттарын енгізуді қажет ететінін айғақтайды. Басты міндет – тәжірибені біріздендіру емес, әр педагогке әртүрлі бағалау формалары мен әдістерін икемді қолдануға мүмкіндік беретін жағдай жасау, осылайша ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір білім алушының даму мен қолдауға ие болуын қамтамасыз ету.

Қорытынды

Қазіргі таңда Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәжірибесі сапалық тұрғыдан жаңару кезеңіне қадам басты. Бүгінгі күні педагогтан тек нәтижені тіркей білу ғана емес, сонымен қатар баланың жеке даму динамикасын көру, оның оқу қажеттіліктерін түсіну және әрбір оқушының табысты болуына жағдай жасау қабілеті талап етіледі. Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулар мұғалімнің осы жаңа кәсіби рөлін қолдауға және оң, әділ әрі дамытушы бағалау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Теориялық, халықаралық және отандық тәсілдерді талдау инклюзивті бағалаудың тиімділігі оның кешенді функцияларын – диагностикалық, қалыптастырушы, мотивациялық және дамытушы қызметтерін – түсінуге тікелей байланысты екенін көрсетті. Бағалау енді салыстыру құралы емес, керісінше, баланы ілгерілету мен оның әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін сүйемелдеу тетігіне айналуға мүмкіндік береді. Мұндай көзқарас педагогтан жоғары әдістемелік мәдениетті, бейімделген құралдарды меңгеруді және кәсіби дамуға ұдайы дайын болуды талап етеді.

Бұл ұсынымдардың практикалық құндылығы – олар мұғалімдерге мектептегі нақты жағдайларда қолдануға болатын шешімдер ұсынады:

- оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделген критерийлер мен дескрипторлар үлгілері;
- сараланған тапсырмалар мен бағалау түрлерінің нұсқалары;
- жеке ілгерілетуді тіркеу және қалыптастырушы кері байланыс тәсілдері;
- дайындық деңгейі әртүрлі сыныптарда қолдау сипатындағы бағалауды ұйымдастыру жолдары.

Осы материалдар педагогтарға инклюзивті сынып жағдайында академиялық әділдік пен гуманистік бағыттылықты ұштастыра отырып, бағалау іс-әрекетін сенімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Елдің әр аймағындағы тәжірибелі мұғалімдерге – өз тәжірибесімен, әдістемелік ізденістерімен және бейімделген тәсілдер мысалдарымен бөліскен педагогтарға – ерекше алғыс білдіріледі. Үшінші бөлімде берілген олардың кәсіби ашықтығы, шығармашылық ізденісі және инклюзивті білім беруге адалдығы осы құралды әзірлеуге баға жетпес үлес қосты. Дәл солардың тәжірибелік идеялары мен нақты кейстері ұсынылып отырған әдістемелік шешімдердің өміршеңдігін және тиімділігін дәлелдейді.

Бұл ұсынымдар сондай-ақ білім беру жүйесінің басқарушылары – мектеп директорлары, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері, білім бөлімдерінің мамандары үшін де маңызды. Құжат негіз бола алады:

- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау бойынша мектепшілік актілер мен ережелерді әзірлеуде;
- педагогтерді әдістемелік сүйемелдеудің мектепшілік жүйесін қалыптастыруда;

– инклюзивті бағалау бойынша біліктілікті арттыру және тәлімгерлік жұмыстарын ұйымдастыруда;

– бейімделген тәсілдердің тиімділігін мектеп және өңір деңгейінде мониторинг жүргізу кезінде.

Осылайша, әдістемелік ұсынымдар педагогикалық тәжірибенің құралы әрі басқарушылық ресурс ретінде мектептің бағалау саясатына инклюзивті қағидаттарды жүйелі енгізуге мүмкіндік береді.

Құжатта ұсынылған тәсілдерді іске асыру келесі нәтижелерге жеткізеді:
– педагогтердің критериалды және қалыптастырушы бағалау саласындағы кәсіби құзыреттілігінің артуы;

– бағалау рәсімдерінің объективтілігі мен ашықтығының жоғарылауы;

– мұғалім, бала және ата-ана арасындағы сенімге негізделген қатынастардың нығаюы;

– сынып пен мектептегі жағымды эмоционалды ахуалдың қалыптасуы

– әрбір білім алушының әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік беру және білім сапасын арттыру.

Инклюзивті бағалауды жүйелі түрде енгізу – қазіргі заманғы қазақстандық мектепті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Мұндай мектепте жеке жетістік бағаланады, ал табыс тек біліммен емес, сонымен бірге даму қабілетімен, өзін-өзі бағалау және ынтымақтастық дағдыларымен өлшенеді.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептерде, ресурстық орталықтарда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметтерінде, әдістемелік бірлестіктер мен педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру ұйымдарында пайдалануға арналған. Материалдарды жеке оқу жоспарларын әзірлеу, оқу бағдарламалары мен бағалау қызметін реттейтін жергілікті актілерді бейімдеу кезінде қолдануға болады. Сондай-ақ оларды мектепшілік және өңірлік әдістемелік іс-шаралар, педагогтар мен басқарушыларға арналған тренингтер мен семинарлар өткізу барысында пайдалану орынды.

Педагогтардың нақты тәжірибесіне және елдің білім беру жүйесінің өзекті қажеттіліктеріне негізделген бұл ұсынымдар қазіргі заманғы инклюзивті білім беру басымдықтарына сәйкес келетін әділ әрі қолдаушы бағалау мәдениетін дамытуға ықпал ететін тиімді құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы № 319-III. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_
2. Саламанкская декларация и рамки действий по образованию лиц с особыми потребностями (Саламанка, Испания, 1994 г.) // <https://www.un.org/ru/>
3. Кучина Е.Н. Оценка как педагогическое понятие // Современная высшая школа: инновационный аспект. 2016. № 1. С. 144-152. DOI: 10.7442/2071-9620-2016-1-144-152
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология / под ред. В.В. Давыдова. – М.: Педагогика, 1991.
5. Шацкий С., Шацкая В. Сохраним то, что есть в детях. – М.: Издат. дом «Карпуз», 2011. – 352 с.
6. Педагогическое оценивание: учебное пособие / В.Д. Шадриков, И.А. Шадрикова. – М.: Университетская книга, РИД РосНОУ, 2018. – 156 с. ISBN 978-5-98699-294-5
7. Землянская, Е.Н. (2016). Формирующее оценивание (оценка для обучения) образовательных достижений обучающихся. Современная зарубежная психология, 5(3), 50–58. <https://doi.org/10.17759/jmfp.2016050305>
8. А Ю., Шабля И. Н. Исследование способов оценивания результатов обучения в современном учебном процессе // Интеллектуальный потенциал XXI века: ступени познания. 2012. №11. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-sposobov-otsenivaniya-rezultatov-obucheniya-v-sovremenном-uchebnom-protse> (дата обращения: 16.09.2025).
9. Шмигирилова И.Б., Рванова А.С., Григоренко О.В. Оценивание в образовании: современные тенденции, проблемы и противоречия (обзор научных публикаций). Образование и наука. 2021;23(6):43-83. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2021-6-43-83>
10. Блинова Татьяна Леонидовна, Подчиненов Игорь Евгеньевич Когнитивно-информационная парадигма обучения // Педагогическое образование в России. 2018. №8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kognitivno-informatsionnaya-paradigma-obucheniya> (дата обращения: 17.09.2025).
11. Технология критериального оценивания Учебник ТоU <https://textbook.tou.edu.kz/books/062/content.html>
12. Малова Наталья Владимировна Критериально-ориентированное тестирование как дидактический инструмент индивидуализации обучения: теория в контексте опыта образовательной практики // Вестн. Сам. гос. техн. ун-та. Сер. Психолого-педагогич. науки. 2014. №2 (22). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kriterialno-orientirovannoe-testirovanie-kak-didakticheskiy-instrument-individualizatsii-obucheniya-teoriya-v-kontekste-opyta> (дата обращения: 18.09.2025).
13. Monteiro, V., Mata, L., & Santos, N. N. (2021). Assessment Conceptions and Practices: Perspectives of Primary School Teachers and Students. *Frontiers in*

Education. Centro de Investigação em Educação, ISPA – Instituto Universitário, Lisbon, Portugal

14. Дуонг Тхи Тху Хуен; Хунг, Ле Нгок. Оценка результатов обучения английскому языку на основе компетенций: теоретические основы, практическое применение и решения для высшего образования во Вьетнаме. Научный журнал VNU: Исследования в области образования, [SI], июль 2025 г. ISSN 2588-1159. <<https://js.vnu.edu.vn/ER/article/view/5279>>. Дата обращения: 19 сентября 2025 г.

15. Князева, Т. Н. Критериально-ориентированная психодиагностика в образовательном процессе: барьеры и возможности / Т. Н. Князева // Интеграция образования. – 2015. – Т. 19, № 1. – С. 44–52. DOI: 10.15507/Inted.078.019.201501.044

16. Альхусави, Х. (2023). Перспективы исследовательских парадигм: руководство для исследователей в области образования. Международные исследования в образовании, 11 (2), стр. 106–124. <https://doi.org/10.5296/ire.v11i2.21445>

17. Дауенов Ю., Жуматаева Э. и Орынбекова А. (2022) Методологические основы аксиологической парадигмы в образовательной среде. Front. Educ. 7:895470. doi: 10.3389/feduc.2022.895470

18. UNESCO (2009). Policy guidelines on inclusion in education; 2009 - <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000177849>

19. OECD (2023). Equity and Inclusion in Education: Finding Strength through Diversity p. 1 URL: https://www.oecd.org/en/publications/equity-and-inclusion-in-education_e9072e21-en.html

20. Конвенция о правах инвалидов. Нью-Йорк, 13 декабря 2006 г. Ратифицирована Республикой Казахстан 21 апреля 2015 г. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288>

21. Рамки действий ЮНЕСКО «Образование для всех» (2015) URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000245179_rus

22. OECD report; Finnish Ministry of Education materials. URL: https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2020/09/mapping-policy-approaches-and-practices-for-the-inclusion-of-students-with-special-education-needs_3b6e5cb7/600fbad5-en.pdf

23. General comment No. 4 on Article 24 - the right to inclusive education (2016). URL: <https://www.ohchr.org/en/documents/general-comments-and-recommendations/general-comment-no-4-article-24-right-inclusive>

24. Assessment. NCCA URL: <https://ncca.ie/en/resources/assessment-guidelines/>

25. Towards High-Quality Learning Experiences for All. URL: <https://oide.ie/wp-content/uploads/2023/09/Towards-High-Quality-Learning-Experiences-for-All-Provision-for-children-and-young-people.pdf>

26. Department of Education Inspectorate (2023). URL: <https://www.earlychildhoodireland.ie/tag/department-of-education-inspectorate-report-2021-2023/>

27. Educational and Training Pathways. URL: <https://www.eufunds.ie/wp-content/uploads/2025/09/DE-Inspectorate-Thematic-Evaluation-Youthreach.pdf>
28. Reflections on inclusion in the Irish education system. URL: <https://www.gov.ie/en/department-of-education/publications/reflections-on-inclusion-in-the-irish-education-system/>
29. Inclusive Education Framework https://ncse.ie/wp-content/uploads/2014/10/InclusiveEducationFramework_InteractiveVersion.pdf
30. Bush, T., and Glover, D. (2014). School leadership models: what do we know? *School Leadership & Management*, 34(5), 553–571. URL: <https://doi.org/10.1080/13632434.2014.928680>
31. General comment No. 4 on Article 24 - the right to inclusive education. URL: <https://www.ohchr.org/en/documents/general-comments-and-recommendations/general-comment-no-4-article-24-right-inclusive>
32. Фицджеральд, Дж. и Рэдфорд, Дж. (2022). Лидерство в сфере инклюзивного специального образования: качественное исследование опыта руководителей школ специального образования и директоров средних школ Ирландии. *Международный журнал инклюзивного образования*, 26, 992–1007. URL: <https://doi.org/10.1080/13603116.2020.1760365>
33. Morrissey, B. (2021). Theorising leadership for inclusion in the Irish context: A triadic typology within a distributed ecosystem. *Management in Education*, 35(1), 22-31. URL: <https://doi.org/10.1177/0892020620942507>
34. Yukl, G., & Gardner, W. (2020). *Leadership in Organizations* (9th ed.). Pearson Education.
35. Improving Outcomes and Experiences for Children and Young People Evaluation of Home School Community Liaison (HSCL) in Primary and Post-Primary Schools. URL: <https://school-education.ec.europa.eu/system/files/2025-02/download.pdf>
36. Karim, A., Agus, A., Nurnilasari, N., Widiyanti, D., Fikriyah, F., Awaliyah Rosadah, R., Syarifudin, A., Triono, W., Lesmi, K., Nurkholis, N. (2023). A Study on Managerial Leadership in Education: A Systematic Literature Review. *Heliyon*, 9:6. 2023, ISSN 2405-8440. URL: <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2023.e16834>.
37. Looking at Our School: 2022: A Quality Framework for Primary and Special Schools. URL: <https://oide.ie/wp-content/uploads/2023/09/Looking-at-our-School-2022-A-Quality-Framework-for-Primary-and-Special-Schools.pdf>
38. Towards High-Quality Learning Experiences for All Provision for children and young people with special educational needs in primary and post-primary schools. URL: <https://oide.ie/wp-content/uploads/2023/09/Towards-High-Quality-Learning-Experiences-for-All-Provision-for-children-and-young-people.pdf>
39. Guidelines for Primary Schools Supporting Pupils with Special Educational Needs in Mainstream Schools. URL: https://ncse.ie/wp-content/uploads/2022/04/Guidelines_P.pdf
40. Fitzgerald, J. and Radford, J. (2020). Leadership for inclusive special education: a qualitative exploration of SENCOs' and principals' Experiences in

secondary schools in Ireland. *International Journal of Inclusive Education*. 26. 1-16. 10.1080/13603116.2020.1760365.

41. Ghedin, E. and Aquario, D. (2020). Collaborative Teaching in Mainstream Schools: Research with General Education and Support Teachers, *International Journal of Whole Schooling*, 16: 2, p. 1-34

42. Rights of persons with disability. URL: <https://rm.coe.int/1680488783>

43. Ainscow, M. and Sandill, A. (2010). Developing inclusive education systems: the role of organisational cultures and leadership. *International Journal of Inclusive Education*, 14(4), 401–416. <https://doi.org/10.1080/13603110802504903>

44. An Inclusive Education for an Inclusive Society Policy Advice Paper on Special Schools and Classes. URL: https://ncse.ie/wp-content/uploads/2024/05/An_Inclusive_Education_for_an_Inclusive_Society_NCSE_Policy_Advice_Paper_7.pdf

45. <http://edu-open.ru/Portals/0/Documents/international/england.pdf>

46. Контроль за результатами обучения и оценивание в школе. Государственный Экзаменационный и квалификационный центр, 2006 https://www.integratsioon.ee/sites/default/files/51_58.pdf

47. Министерство образования и науки Эстонской Республики <https://www.hm.ee/>

48. Ministry of Education, Singapore. *The Singapore Teaching Practice*. Singapore: MOE, 2021. URL: <https://academyofsingaporeteachers.moe.edu.sg/professional-excellence/the-singapore-teaching-practice>

49. Liu, Woon Chia. *Singapore's Approach to Developing Teachers: Hindsight, Insight, and Foresight*. Routledge, 2021.

50. Ng, Pak Tee. *Learning for Life, Learning Through Life: Education in Singapore Since 1965*. Springer, 2020.

51. Tan, Kelvin H. K., & Koh, Kim. *Assessment Literacy for the 21st Century Classroom*. Springer, 2022.

52. Приказ МОН РК от 18 марта 2008 г. № 125 «Типовые правила проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся» URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005191>

53. Приказ МОН РК от 21 января 2016 г. № 52 «Об утверждении критериев оценки знаний обучающихся» URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013137>

54. OECD (2020). Mapping Policy Approaches and Practices for the Inclusion of Students with SEN

55. <https://surl.li/urgbd>

56. OECD (2020), национальные отчёты по образованию земель Германии

57. Curriculum Online Ireland; Department of Education and Skills (2020). Reflections on Inclusion

58. <https://surl.li/jrweuk>

59. Ministry of Education Ontario (2017). Special Education in Ontario: Kindergarten to Grade 12.
60. U.S. Department of Education. URL: <https://www.ed.gov/>
61. MEXT (2018). Special Needs Education in Japan
62. OECD (2020); Korean Ministry of Education
63. Закон Республики Казахстан от 26 июня 2021 года № 56-VII ЗРК. «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056>
64. Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года N 345 «О правах ребенка в Республике Казахстан». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
65. Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 21 июля 2023 года № 224 «Об утверждении Типовых штатов работников государственных организаций образования». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033166>
66. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 31 августа 2022 года № 385 «Об утверждении Типовых правил деятельности организаций образования соответствующих типов и видов, за исключением организаций высшего и послевузовского образования». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>
67. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 13 июля 2009 года № 338 «Об утверждении Типовых квалификационных характеристик должностей педагогов». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>
68. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2022 года № 4 «Об утверждении Правил и программ оценки особых образовательных потребностей». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618>
69. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 29 апреля 2025 года № 92 «Об утверждении Правил деятельности службы психолого-педагогического сопровождения в организациях образования». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>
70. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2025-2026 учебном году». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2025. – 162 с. URL: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/77777%20%20RS%20%20RS.pdf>

Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың теориялық-әдіснамалық негіздері	5
2	Инклюзивті орта жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәжірибесі	34
3	Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар	96
	Қорытынды	232
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	233

**Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет
ететін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау
бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Басуға 15.11.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 30.